



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 3 (102)

Астана
2023

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы	– PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
САБИТОВ Жаксылық	– PhD докторы (Қазақстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD докторы (Қазақстан)
ҚАРА Әбдуақап	– доктор, профессор (Түркия)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (АҚШ)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)
РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна	– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Doctor of historical sciences, professor, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич	– PhD доктор (председатель коллегии) (Казахстан)
ИБРАЕВА Акмарал Госмановна	– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD доктор (Казахстан)
САБИТОВ Жаксылык	– PhD доктор (Казахстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD доктор (Казахстан)
ҚАРА Әбдуақап	- Доктор, профессор (Турция)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (США)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	- доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)
Радивожевич Мильяна	- PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Этнология / Ethnology / Этнология

Тоқтабай А.У. Қазақстан территориясындағы суландыру жүйелерінің пайда болуы және дамуы

Toktabay A.U. Emergence and development of systems of irrigation in the territory of Kazakhstan

Тоқтабай А.У. Возникновение и развитие систем орошения на территории Казахстана.....7

Елкей Н.Н. Ұлттық құндылықтарымызды сақтау - ұлттық бірегейліктің негізі

Yelkey N.N. Preservation of national values is the basis of national identity

Елкей Н.Н. Сохранение национальных ценностей - основа национальной идентичности.....19

Музейтану / Museology / Музееведение

Ибраева А.Г. Музей ісінің теориялық-әдіснамалық мәселелері

Ibrayeva A.G. Theoretical and methodological issues of the museum affairs

Ибраева А.Г. Теоретико-методологические проблемы музейного дела.....33

Археология / Archaeology / Археология

Ребекка С. Робертс. Археологиядағы микроорта қалдықтары: фитолиттер мен фекалді сферолиттер және оларды Қазақстанның археологиялық қабаттарындағы адам мен қоршаған ортаның әрекеттесуін зерттеуге қолдану

Rebecca C. Roberts. Micro-environmental remains in archaeology: phytoliths and faecal spherulites and their application for the study of human-environment interactions in archaeological sediments in Kazakhstan

Ребекка С. Робертс. Остатки микросреды в археологии: фитолиты и фекальные сферолиты и их применение для изучения взаимодействия человека и окружающей среды в археологических отложениях Казахстана.....48

Дәрменов Р.Т. Оңтүстік Қазақстан тұрғын үйлеріндегі халық сәулет өнерінің құрылыс материалдары мен конструктивтік әдістері

Darmenov R.T. Construction materials and constructive methods of folk architecture in the dwellings of South Kazakhstan

Дәрменов Р.Т. Строительные материалы и конструктивные приемы народной архитектуры в жилищах Южного Казахстана.....68

Қасенәлі А., Есен С., Мұсырманқұл П., Қызырхан М., Сералиев А. Ұялы қорымында 2023 жылы жасалған зерттеу жұмыстарының алғашқы нәтижелері

Kassenali A., Yessen S., Musyrmsnkul P., Kyzyrhan M., Seraliev A. The first results of research on the Uyaly necropolis in 2023

Касенали А., Есен С., Мусырманкул П., Кызырхан М., Сералиев А. Первые результаты исследований 2023 года на некрополе Уялы.....80

Трещёва С.П. Орталық Қазақстандағы металл өндірісінің тарихы

Trescheva S.P. The origins of big metal in Central Kazakhstan

Трещёва С.П. Истоки большого металла Центрального Казахстана.....92

Филология / Philology / Филология

Шауенова Г.Ә. Абай шәкірттерінің публицистикалық шығармашылығының жанрлық сипаты мен ерекшеліктері

Shaunova G.A. The genre nature and features of the publicistic work of Abay's disciples

Шауенова Г.А. Жанровые черты особенности публицистической деятельности учеников Абая.....106

Бектұрсын А.С. Халық ертегілеріндегі есімдерге филологиялық және этнографиялық талдау

Bektursyn A.S. Philological and ethnographic analysis of names in folk tales

Бектұрсын А.С. Филологический и этнографический анализ имен в народных сказках.....116

Біздің музей / History of our museum / История нашего музея

Ибраева Г.Б. С. Сейфуллин музейі: өткені мен бүгіні

Ibraeva G.B. S. Seifullin museum: past and present

Ибраева Г.Б. Музей С. Сейфуллина: прошлое и настоящее.....129

Рецензия / Review / Рецензия

Жайлыбай Д.Ж., Әшім Б.Ә. Далаева Т.Т., Султанғалиева Г.С. Визуальная антропология новой социальной истории Казахстана XIX – начала XX вв. (Алматы, ИД «Жибек жолы», 2022. 240 с.) монографиясына БУКРЕВЬЮ.....136

Тоқтабай А.У.¹¹Алматы қ., Қазақстан¹e-mail: akhmet.t@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан территориясында ежелден қалыптасқан суландыру жүйелерінің пайда болу тарихы мен өзіндік даму сатыларына талдау жасалған. Қазақ тілінде суландыруға қатысты арық, арна, атыз, кәріз, шығыр, тоған т.б. сөздердің қалыптасып, халық арасында қолданылуы қазақ өлкесінде мал шаруашылығымен қатар, егіншіліктің де белгілі бір деңгейде дамығандығын көрсетеді. Бірақ, қазақ даласында егіншілік тек Сырдария, Іле, Ертіс, Талас т.б. сынды үлкен өзендердің бойында дамыды. Аталмыш өзендердің бойында негізінен суармалы егіншілік дамыды. Бұны Қазақстан территориясының жаңбыр аз түсетін аридтік зонаға жататындығымен байланыстыруға болады. Егінге су тарту үшін өзенге арнайы шығыр орнатылады, арық тартылады. Халық арық қазу жұмыстарын дұрыс үйлестіру, егіншілікпен айналысу үшін «төбе» деп аталатын қауымға біріккен. Яғни, қазақ даласында егіншіліктің негізгі объектісі болатын суландыру жүйелерін пайдаланудың өзіндік әдіс-тәсілдері ежелден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жеткен.

Кілт сөздер: Алтынарық, акведук, арна, арық, атыз, кәріз, суландыру жүйесі, егіншілік, тоған, төбе, шығыр.

Кіріспе

Қазақ жерінде жер шаруашылығы ежелден Сыр, Іле, Есіл, Ертіс сияқты үлкен өзен бойларында, сондай-ақ кішігірім өзен, бұлақтардың жанында, қысқасы су көздерінің маңындағы құнарлы топырақты жерлердің көбінде қанат жайған. Негізінде егіншіліктің нағыз қайнаған жері – оңтүстік өңірі, ортағасырлардың өзінде Талас жазығында 150-дей, Отырардың маңында 100-дей отырықшы – қоныстардың өмір сүргенін археологиялық қазбалар

дәлелдеп отыр.

Б.з.д. VIII-VII қазақ жерін мекендеген тайпалар шойын балқытып, темір қорыта бастады, Сарыарқа мен Алтайда ірі металлургия орталықтары пайда болды, темірден соғылған құралдар жер шаруашылығының дамуына тікелей әсер етті. Ғасырлар бойы төрт түлік мал өсірген ел, енді егіншілікті мал шаруашылығына қосымша кәсіптің жеке түріне айналдырды. Орталық және Шығыс Қазақстанда таза мал шаруашылығы дамыса, Қазақстанның

оңтүстігі мен Жетісуда, Сыр өңірінде мал мен жер емшегін бірдей емген кешенді шаруашылықтар дүниеге келді.

Арал су сақтары – аппасиактар – деген атпен белгілі тайпалар, Сырдың Аралға құяр сағасындағы тарамдарына толып жатқан бөгеттер салып, арықтар шығарып суармалы егістікті шебер пайдаланған. Бұл жердегі егіншілік мал өсірумен, аңшылық, балықшылықпен ұштасып бірін-бірі толықтырып тұрды. Жаңадариядағы Шірікрабад және Бабышмолла қала – қоныстары мен маңайындағы егістік жерлерді сумен қамтамасыз ету өзеннің ескі арналарына суды көктемде сақтап, жаз маусымында үнемдеп жіберіп отыру арқылы жаңа тарамдар мен қолтықтарға суды керегінше пайдалану арқылы жүзеге асырылған.

Көктемде қар сулары мен жаздағы жаңбыр сулары Жаңадарияға жиналады да ескі арнаға түседі, ескі арнадан – тоған, арықтарға таратылады, арықтардан егіс алқабына жөнелтіледі, сонда су өзен – ескі арна – арық – атыздар – егістік жүйесі арқылы жан-жаққа кетпей үнемделіп пайдаланылған. Тоғандардағы судың деңгейі Сырдың сағаларындағы су қоймалар жүйесі арқылы теңшеленіп отырған. Ең үлкен су қоймасының ұзындығы 3 км, ені 50-60 м, тереңдігі 2 м болған. Су қоймасынан тартылған арықтардағы су егістіктің қан тамырларындай жаз бойы егістікке өмірдің нәрін беріп, дәнді дақылдар мен бау-бақшаларды жайқалтып тұрған. Тоғандардың жарқабақтарынан басталған егістік алқаптарының көлемі 11х6 м, 10х4 м, тоғанға параллель жүргізілген арықтардың жағаларында орналасқан. Егін алқаптарының шағын болуы суаруға тиімді. Дәл осындай сулардың жүйелері Іңкәрдарияның тарамдарындағы өзектерге орналасқан

Бұланты қонысында кездеседі.

Бабышмолла қаласының маңайын археологиялық-топографиялық тұрғыдан шолған кезде, 150-дей отырықшы қоныстардың орны табылған еді, қоныстардың 100-і бір мезгілде өмір сүрді және әрбіреуінде 20-30-дай адам болса, барлығы – 2500-3500-дей тұрғын өмір сүрген (бұған Бабышмолла қаласының тұрғындары да кіреді, ол кезде қала халқының саны 500-ден аспаушы еді – А.Т.) Бұл қоныстар, арықтар мен егіс алқаптарының орындарын қосқанда 10 мың га жерді алып жатқан. Егер де осы алқаптың 500 га жеріне (барлық территорияның 5%) бір мезгілде тары себіліп, әр гектарынан 15 ц алынса, 750 т өнім алынады екен. Бұл өніммен әр адам күніне 400 г тары пайдаланса, бір жылда 5 мың адам жан сақтай алған. Демек егістіктен алынған өнім бүкіл оазистің халқын асырауға жеткен, – деп қорытынды жасауға болады (Андрианов, 1969: 198-199).

Б.з. I мың жылдықтың аяғында Сырдың төменгі ағысында Қаңлы (Кангюй) тайпалар бірлестігінің негізгі шаруашылығы суармалы егіншілік пен малды қолда ұстап бағу болды. Қаңлы қалаларының бірі – Көкмарданды қазған кезде, жерді уатып өңдейтін тас кетпендер, астық сақтайтын ұраларда тазартылған бидай, тары, күріш дәндері жақсы сақталып, біздің заманымызға дейін жеткен.

Талқылау

Сырдың төменгі және орта ағысындағы табиғат жағдайы ғасырлар бойы жылдың төрт маусымында үнемі өзгеріп отырды. Көктемгі қар суларының, жауын-шашынның молдығынан өзен арнасына сыймай тасыған сулар, жағалаудан 100 км-ден астам жерлерге жайылып, көне арналар мен кеуіп

қалған көлдердің орнын, тоғандар мен арықтарды суға толтыратын еді. Табиғат аясында дүниеге келіп, табиғатта өсіп-өнген көне заман дихандары көктемгі әрәдік жазғы су молшылығын мейлінше тиімді пайдаланған. Іңкәрдәрия мен Жаңадарияның құрғап қалған арналары мен тарауларындағы суды ешқайда жібермей, бөгеп су қоймаларын жасаған. Құрғақ арналардағы су азайып, төмендей бастағанда, Сырдың негізгі арнасы мен тармақтарынан тоған тартылған, тоған арқылы толтырып отырған. Сонда Сырдың суландыру жүйесі негізгі арна – көне құрғақ арна (су қоймасы) – суландырушы арықтар – егістік арқылы қамтамасыз етілген.

Масудидің жазуынша X ғасырда Отырар (Фараб) алқабына 30 фарсахқа дейін су жайылған, қазіргі өлшеммен 200-300 км аймақты қамтыған (Бартольд, 1693:234).

Отырар оазисі мен оған іргелес Сырдарияның сол жақ жағалауындағы оазистерді суландыру ірі тоғандардың жүйесі арқылы жүзеге асқан. VII-XVII ғасырлардағы бұл аймақтағы сумен қамту тәсілдері Сыр мен Арыстың көктемгі қардың еруіне, жазғы жауын-шашынға байланысты, судың молаюына орай есептелген. Каналдардың әйдіктігі таңданарлықтай, ұзындығы 30-40 км, ені 9-12 м, тереңдігі 3-5 м су ағызу жүйесі: өзен – бас тоған – бірінші және екінші дәрежелі арықтар – шығыр – егістік болып реттеліп отырған (Грошев, 1989: 375-382).

Отырар алқабын X-XII ғасырларда суландыруда Алтынарық деп аталатын тоғандар мен каналдар жүйесінің үлкен маңызы болған. Тоғанның «алтын» – деп аталуында мән бар, бұл маңызды, құнды, қасиетті, су жүйесі дегенді білдіреді, белгілі өлкетанушы А. Алтаев былай дейді: «Ерте замандарда Наурыз

мейрамдарында ел арық-атызды аршып, бұлақтардың көзін ашып, кір-қоқыстан тазалап, шөп-шалаңды өртеп болғанда, осы елдегі арықтардың атасы деп Алтынарықтың басына арнайы семіртілген өгізді құрбандыққа шалып, қанын арықтың арнасына ағызады. Бұл оқиғадан Алтынарықтың Отырар алқабындағы тұрғындар үшін ерекше маңызды болғанын көреміз, деген әңгімені үлкендерден еститінбіз». Алтынарықтың сілемі әлі күнге дейін біршама жақсы сақталған. Тоғанның Арыс өзенінен бастау алатын тұсының көлденеңі 14 м, жағалауында үйілген топырақ-кемерінің биіктігі – 2,9 м, Құйрықтөбе қаласының тұсындағы ені 7-9 м, кемерінің биіктігі 3 м. Алтынарық Отырар қаласы мен оның аймағын сумен қамтамасыз ететін болғандықтан, бір тармағы қаланың шығыс жағынан айналып өтеді, қаланы доғаша қоршап тұрған бау-бақшалар мен егістіктерге су берген тоғанның ені 6 м, жағалауының биіктігі – 1,5 м. Алтынарықтың сораптарына қазба жұмыстарын жүргізу барысында жәй қарапайым қыш ыдыстар мен X-XII ғасырларға жататын шыңылтыр жалатылған құмыралар мен көзелер, хумдар мен хумшалар, қыш дастархандар, құбырлардың сынықтары мен қалдықтары Отырар керамикасымен бірдей екендігі дәлелденді. X-XII ғасырларда Отырар алқабында су шаруашылығы құрылыстарының жоғары дәрежеде салынғанына дәлел: Алтынарықпен іргелес берік су бөгеттерінің, су қоймалары мен жерасты құбырларының, шығырлар мен уалдардың (акведук) жүйесі жұмыс істеп тұрған (Грошев, 2012:187). Отырар XIII ғ. аяқ шенінде қайтадан қалпына келіп, қалаға су келетін құбырлармен қатар арық-атыз жүйелері жөнделіп, бау-бақшасы гүлденген қалаға айналады,

XV-XVI ғғ. бас кезінде Әмір Темір дәуірінде Орталық Азиядағы ең ірі сауда және отырықшылық мәдениетінің ордасы болған. Темір заманында үлкен ирригациялық жұмыстардың жүргенін, Темір арығы деп аталатын каналдар жүйесінен көреміз. Молда Мұхамед Садық Санабекұлы «Түркістандағы тарихи зиярат» атты еңбегінде «Әмір Темір арығының орны бар, ескі арықтардың құрғап қалған арналары бар» – деп жазса, Отырар атырабының суару жолдары сораптарын зерттеген В.А. Грошев оны XV ғасырда салынған деп есептей келе XV-XVIII ғғ. Отырар қаласы мен алқабын сумен қамтамасыз етіп отырған деп түйіндейді (Грошев, 1978: 140-150). Темір арықтардың негізгі сорабы Шәуілдір – Темір станциялары маңында әлі күнге дейін сақталған, Отырарға бара жатқанда төрт тармаққа бөлініп, бір тармағы Арыстан-баб мешітіне дейін созылып жатады. Қазіргі сақталған каналдың негізгі арнасының ені 20 м, кемерінің биіктігі 5 м, ұзындығы 10 км астам.

«Байырғы арық-канал атауларынан да белгілі дәрежеде тарихи мәлімет алуға болады. Оңтүстік Қазақстанда: ақарық, бозарық, беларық, ортаарық, шолақарық, қоғамарық, оманарық, ескіарық, көпарық деген атаулар кездеседі» (Қожа, 2006: 242). Сонымен қатар зерттеуші жоғарыдағы атауларға қоса атызарық, бауарық, басарық, құлақарық, қазанарық сияқты барлығы 15 түрлі атауын көрсетеді (Қожа, 2006: 53). Бір ғана арық атауының осыншама түрге бөлініп, жүйеленіп айтылуы Қазақстанның оңтүстік өңірінде суландыру әдістері мен суармалы егіншіліктің жоғары дәрежеде дамығанын көрсетсе керек.

Отырар – Қаратау аймағында тараған суландыру әдістерінің бірі

кәріздік жүйе. Кәріз – жер асты суының, ағып шығуын қамтамасыз ету үшін ылдилатып қазылатын басы су көзінен басталып, бірнеше шақырымға созылатын жерасты каналы. Кәріздер басым көпшілік жағдайларда егіншілікпен айналысатын алқаптарды және солардың қалалық орталықтарын сумен қамсыздандыру үшін сәл ғана ылди келетін қуаңды, жартылай қуаңды бөктерлерінде салынады. Кәріздің құрылысы мен жұмыс істеу әдістерін Г.Е. Грум-Гржимайло былай сипаттайды: Қаратаудың күнгей беті ежелден жер асты-артезиан суларына бай алқап. Қаратаудың оңтүстік сілемдері мен Сырдария өзенінің ортасында орналасқан Түркістан оазисі ортағасырларда кәріздік су жүйесімен қамтамасыз етілген. Түркістан қаласының қарт тұрғыны кәріздерді былай деп сипаттайды: «Кімде-кім жазғытұрым тышқандардың ін қазып, жер бетіне шығарып тастаған шоқ-шоқ топырақтарын көрген болса, Қаратаудың биік шоқыларына шығып Сауран алабына төмен қарасаң әр жерде қарайып-қарайып жатқан кәріз құдықтарын сол індерге ұқсатар еді. Әрине кәріз құдықтары тышқан індерінен жүздеген есе үлкен және індердей шашыраңқы орналасқан емес, бір түзу сызықтың бойында болып келеді» (Байпаков, 205: 21).

Нәтижелер

Археологтар самолеттен түсірілген аэрофотосуреттер мен жердегі топографиялық сызбаларды сараптағанда бірінші кәріздің басы шығыстан Мыртөбе қалашығынан басталып, Сауранға дейін тартылғаны анықталды. Жарты шақырымға дейін кәріз сораптары анық байқалған түзу сызықтың ұзына бойына әрбір 16 м

сайын диаметрі 5 м болып келетін құдықтар қазылыпты. 0,5 шақырымнан кейін кәріз іздері жоғалады да, Мыртөбе мен Сауран арасында қайта байқалады, бұл жерде бас кәрізге шығыс және батыс жақтан екі қысқа тармақтардың қосылғаны байқалған, 10 құдықтың орны айқындалған.

XVI ғасырда жазылған Васифидің жазба мәліметі бойынша кәріздерді қалаға жергілікті дінбасы Мір-Араб сыйлаған. Данышпан дінбасының есімі Міртөбе қалашығының атында сақталып қалған. «Мұндай таңғажайыпты, бүкіл әлемдегі жер мен суды аралап шыққан адамдар көрген жоқ» – деп жазады Васифи. Кәріздің басы Сауран қаласынан 1 фарсақ қашықтық тұста қазіргі өлшеммен 7-8 км, яғни Сауран мен Мыртөбенің қазіргі құландысының арасындай. Қамалдың (Мыртөбе – А.Т.) ішінен тереңдігі 200 кез (гыз=60,6 см тең), 50 кезі жер бетінен шығып тұрған, қалған 150 кезі жердің астында су көтерілетін бағанның биіктігі. Суды өгіз шығырмен шығарған. Су шығатын жерде су қоймасы болған. Кәріздердің біреуінің жанынан жүзімдіктері мен жеміс ағаштары бар – бау-шарбақ орналасқан. Мыртөбе көлемі 45х45 м, биіктігі 3 м, 10 күзет мұнарасы бар мықты қамал болған, себебі Сауран қаласын оның маңайын сумен жабдықтап тұрғандықтан, бекініс жеткілікті дәрежеде қорғалған.

Кәріз – өте күрделі ауыр еңбекпен жүзеге асатын су шаруашылық құрылысы. Жердің астынан ондаған шақырым канал қазып, су жүргізу, әрбір 10-20 м жерден құдық өріп шығару айрықша шеберлік пен ауыр еңбекті қажет етсе, кәріздерді тазалап тұру оданда қиын, жер қабатының опырылуы, жер астына, құдықтарға улы газдардың жиналуы, су деңгейінің көтеріліп кетуі адам өміріне қауіпті

болатын, ол жайында Васифи былай дейді: «... Бірде құдықтағы ауа бұзылып, жұмыс істеу мүмкін болмай қалды. Сол кезде құдықтың бүйірінен түбіне дейін арыққа ұқсас ін қазылып, сол ін арқылы теріден тігілген жеңсе өткізілді. Жеңсенің басына ұсталық көрікті кигізіп жел үрлеп тұрды, құдықтағы ауа тазарған соң, жер қазушылар жұмыстарына кірісті. Кәріз тазалаушылар, жанбастарына екі-екіден асқабақ байлап алды, себебі су бірден көбейіп кетсе батып кетер еді...».

Сауран кәріздері XVI ғасырда Қазақ хандығының экономикасы өрлеп тұрған кезінде салынған күрделі гидротехникалық құрылыс, суармалы егіншіліктің жоғары дәрежеде дамығанын көрсетеді. Соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер, үлкен кеңістіктерді шолу үшін дельтапландарды пайдалану, Түркістан қаласынан солтүстік-батысқа кәріздердің үш шоғыры болғанын, әрбір шоғырдың 800-1200 м жететінін, шоғырлардағы құдықтардың биіктігі 3,3 м, сыртқы диаметрі 10,5-11 м, іш жағының ылдиаланған тереңдігінің диаметрі 3,5-4 м құм аралас топырақтан үйілген шеңберлермен қоршалғанын көрсетті. Әрбір құдықты мұндай дөңгелек кемермен қоршау, оған еріген қар, жауған жаңбыр суының құйылып ішін ластауға жол бермеген, қоршаулардың топырағы жайылып кетпес үшін жиектері таспен қаланып, кірпішпен өрілген. Кейбір қоршаулардың жиектері мықты болу үшін, жиектерге арнайы құйылған диаметрі 0,9-1 м, биіктіктері 0,3-0,7 м қыш қапсырмалар қолданылған. Кәріздердің үшеуі де ортағасырлық қалаларды сумен қамтамасыз етуге арналған, Түркістанға жақындау кәріз VIII-XIV ғасырларда өмір сүрген Төрткүлтөбе – I қалашығын, Шорнақтың жоғарғы жағындағы кәріз Сауқым-ата (XIV-XVIII ғғ), Төрткул-I

(XIV-XIX ғ басы) қалашықтарын, сонымен қатар Түркістан қаласының өзі де кәріздермен жабдықталғаны жайында жорамалдар бар.

Жазы ыстық, қысы жылы, жері құрғақ шөлейт аймақтарда су табу – өміртіршіліктің кепілі болды, сондықтан су көзін табуға байланысты нәрселердің бәрі қадірленіп, қасиеттеледі. Кәрізші-шеберлер жылдар, өмір бойы жинаған тәжірибелерін халықтың игілігіне жаратты, сондықтан ел арасында ерекше аталды. Ортағасырларда жер асты каналдарын қазып, ел игілігіне жаратқан шеберлер Қазақстанның суландыру және су шаруашылығы саласында өзіндік ерлік жасады деуге болады.

«Қыпшақ даласының гаваны» – кейіннен қазақ хандығының басты қалаларының бірі – Сығанақтың грамотасында Қаратаудан келетін Қызылтал, Шықылтоғай, Ордакент, Қалта – жылға, жүлек, Мыңбұлақ, Арыстанды секілді арықтардың, Тоқтамыш, Қараш, Хисаршук сияқты бұлақ суларының келетіні айтылған (Агеева, 1958: 3).

Қазақтың ортағасырлық ірі қалаларының бірі Сайрамның маңында суармалы егіншіліктің ірі аймағы болған. Арыс, Ақсу, Сайрамсу, Бөген сияқты мол сулы өзендер бау-бақшалар мен жүзімдіктерді гүлдендіріп, бидай, тары егістіктері жайқалтып тұрған. X ғасырда Сауранға келген қонақтарды жүзім шарабымен қарсы алғандығы туралы мәліметтер бар. XVI ғасырдың соңында Мұхамед Шейбанихан Сайрамға әскерлерін жіберіп астық алдырған. «... әскерлер түйелер мен қашырлар керуенін алып келіп, астық тиеп кетті. Астық әкеліп сатушы адамдар бірінен кейін бірі келіп жатты...».

Талас ойпатындағы Атлах қаласы туралы әл-Мақдиси былай деп жазады:

«... Баулардан жер қайысады, атыздарда жүзімдіктер жайқалып тұр. Талас өңіріндегі жүзім өсіру мен шарап жасау мәдениеті жайында Рубрук: «Мен онда жүзім бунақтарын көрдім, екі рет шарап іштім». Құлан қаласын қазған кезде әрбір үйде жүзім сығып, шарап жасайтын арнаулы қыштан жасалған шарапханалардың болғаны анықталды. Шу-Талас жазығындағы қалалардың барлығында дерлік бидай, тары егіп, оларды түбінде арнаулы желдеткіш тесіктері бар алып құмыраларда – Хұмдарда сақтаған. Қазба жұмыстары кезінде жеміс ағаштары: шабдалы, сары өрік, өрік, шие сүйектері, қауын, қарбыздардың дәндері шыққан, жүзім бунақтары, анар ағашының жемісі мен гүлдерін қыш құмыраларға өрнектеп бейнелеу жүзім шаруашылығының кең қанат жайғанын көрсетеді. Жүзімдердің тек ас-тағамдық тұқымдарынан басқа шарап жасайтын түрлері өсірілгенін көреміз.

VIII ғасырда жұмыс істеген Құлан қаласындағы шарапхана үй-жайдың ұзын, жіңішке дәлізінде орналасыпты, батыс жағында жүзім сығатын үш ернеулері биіктеу текшелер жасалыпты. Текшелердің едені малта тастардан қаланып, аралары қырмен (алебастр) сыланған. Текшелер қыш құбырлар арқылы құдықпен жалғасқан. Адам аяғымен жүзім шырыны құбырлар мен құдыққа құйылған. Құдықтан сүзіліп алынған шырын арнаулы пеш үстінде үлкен қыш қазанда қайнатылып, хумдарға құйылып сақталған. Қазба кезінде шарапхана құландысынан пеш, қыш қазандар мен хумдардың сынықтары табылды. Шарапханалар ортағасырлық басқа қалалардан да табылған (Байпаков, 1966: 82).

Махмұд Қашқари XI ғ. өзінің энциклопедиялық сөздігінде түркілер-

дің қандай дәнді дақылдарды өсіргенін және егіншілік терминдерін атап көрсетеді. Эгин – егін, тарықшы – дихан, егінші, эпмек – нан яғма, тухси, оғыздар мен қыпшақтар тілінде ашлығ – бидай, оғызша, тарығ – барлық түркі тілінде бидай, турма – шомыр (редька), сарыч турма – сары сәбіз, тука – ақталған тары. Мұндай атауларға қарай отырып, ежелгі түркілерге жер шаруашылығы етене жақын, ешқандай таңсық емес екенін аңғарылады. Археологиялық табындыларда бұл мағлұматтардың шын екенін терістемейді. Отырардың IX-XII ғасырлардағы қабаттарынан ұраларда сақталған тары мен бидай қалдықтарын, жүзім, өрік сүйектері шықса, Баба-Атадан құманға ұқсас ыдыстың ішінен күйген қарбыз дәндері және темір кетпендер мен орақтардың сынықтары табылған. Талас, Шу жазықтарында VI-VIII ғғ. егіншіліктің жедел дамуына Жібек жолы бойындағы мекендерге «соғдылықтардың жаппай қоныстануы» себепші болды. Жол бойында Невакет, Хамукат, Семекне соғды колония – қоныстарымен қатар Отырар, Тараз, сияқты ірі қалалар Атлах, Құлан т.б. толып жатқан отырықшы қоныстарда соғды кварталдары пайда болды. VIII-X ғғ. Шу өзенінің ортаңғы ағысы игеріле бастайды, жер шаруашылығы айтарлықтай дамыған ірілі-уақты диханшылық қалашықтары қанат жаяды. Бұл туралы Рубруктың айтқаны: «Жетінші күні бізге оңтүстік жақтан өте үлкен таулар көрінді, біз жазықтыққа шыққан кезде, ол суармалы үлкен бау-бақшадай көрінді, өңделген егістіктерге тап болдық... Таудан шығатын алып өзен бүкіл елді сумен қамтамасыз етеді, себебі одан суды қай бағытқа болса да апарып керектерінше жаратады, өзен ешқандай теңізге құймайды, құрдымға кетер жері батпақ,

жерге сіңіп жоқ болады». Атақты саяхатшының көргені Шу өзені мен Шу жазығы екені күмән тудырмаса керек.

Шу жазығындағы тұрғындардың кәсібі жайында деректерде: «Жерді өңдеп, өнім алатындар мен одан табыс табатындар тең бөліседі. Жер жағдайы қызыл тары мен жүзім өсіруге қолайлы». Талас жазығы туралы «... үшінші ай мен тоғызыншы айдың арасында жаңбыр жаумайды, суарымға қар суы пайдаланылады. Мұнда арпа, бидай, күріш, бұршақ және маш өседі» (Зуев, 1960:90-93). «Қар суы пайдаланылады» деген дерекке қарағанда, көктемде еріген қар мен жаңбыр суларын жинап алатын су қоймалары – «айдындарды» пайдаланған.

XIII ғасырда Ашалық өңірінде мақта өсірген. Саяхатшы Чань Чунь: «... Ол жақта (Іле жазығында – А.Т.) матаның тулума деп аталатын түрі өсіріледі, адамдардың айтуынша ол өсімдік жүнінен тоқылатын көрінеді. Бұл жүн біздегі талдардың үлпілдеп тұратын түбітіне ұқсас – өте таза, нәзік және жұмсақ. Одан талшық, жіп, мата және сырылып тігілген көрпелер жасайды...» (Бартольд, 1963:444).

Жер жыртуға темір түренді соқалар қолданылған, XI-XII ғасырлардағы Талғар қаласы қазбасынан табылған темір түрендердің ұзындығы 20 см, жер қазатын бөлігі – 14 см, ені 10 см. Мұндай басы аздап қайырылған қуыс түрендер ағаш сапқа кигізіледі, көбінесе бұрын пайдаланылған ескі жерді жалпағынан жыртуға ыңғайлы.

Талғар, Жақсылық, Шілік қала – қоныстарын қазған кезде алма, өрік, алмұрт сияқты жеміс ағаштарының, бақшалық өсімдіктердің сүйектері табылған. Көне Алматы мен Талғар қаласының қазбасынан соқалардың темір түрендерінің табылуы жар

жыртудың жоғары деңгейде болғанын дәлелдейді (Савельева, 1994:140).

Ортағасырларда егіншілік мәдениеті Ертіс, Сарыарқа өңірлерінде кең тараған. Ертіс бойын мекендеген қимақтар арпа, бидай, күріш және жүзім екен (Кумеков, 1972: 88-95).

Нұра, Сарысу, Кеңгір, Торғай, Жыланшық, Есіл өзендерінің бойларында егіншіліктер бой көтеріп, XI-XII ғасырларда Ботағай, Мартөк, Басқамыр, Көктас отырықты қоныстары Сарыарқадағы қалалық мәдениеттің жоғары дамығанының куәсі болып табылады. Сарыарқа қола дәуірінен бастап көне металлургияның Еуразия көлеміндегі ірі орталықтарының бірі болғаны белгілі. Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде кен қазушылар мен мыс қорытушылардың кенттерінің жанында міндетті түрде жер шаруашылығының болғанына дәлел, Жезді өзенінің жағалауынан табылған тоғандар мен арықтардың ізі, су бөгеттері мен шығыр шұңқырларының шығыр сынықтары куә (Маргулан, 1950: 122).

Қорытынды

Екі отырықшы кәсіптің: кен қазу мен егіншіліктің селбесе жүріп, біте қайнасып кеткеніне куә боламыз. Қазақ жерінде көбінесе өзен аңғарларында, бұрынғы құрғап қалған көне арналардың жанында, бұлақтар мен су көздерінің басында толып жатқан төбелер кездеседі. Әдетте мұндай төбелер тіктөртбұрышты болады – мұны «төрткүл» – деп атайды, көбінесе төбенің атауы адам, ру, жердің пошымына т.с.с. аталып кете береді. Мысалы: Міртөбе, Жаныстөбе, Найман төбе, Күлтөбе, Мәслихаттөбе т.с.с.

Төбелердің тағы бір тобының атауы тұрғындарының шұғылданған кәсібіне байланысты қойылған ба деп ойлаймыз.

Қыштөбе, Алтынтөбе, Пышақшытөбе, Оқтөбе, Кетпентөбе, Сүткент, Түймекент, Жент т.с.с. Қыштөбе деп неге аталған, ортағасырларда қышсыз, қыш ыдыстарсыз отырықшы өмірді елестету мүмкін емес ғой, яғни Қыштөбе – қыш ыдыстар жасайтын үлкен шеберханалары бар төрткүл-қалашық, Алтынтөбе – зергерлік, Пышақшытөбе – пышақ, бәкі соғатын қаратемірлік, Оқтөбе – садақ жебелерін жасайтын, Кетпентөбе – кетпен, күрек, соқатүренін соғатын, Түймекент – түйме жасайтын, Сүткент – құрт, ірімшік, Жент – жент қоспаларын әзірлейтін, Шығыртөбе – шығыр жасайтын, Шарапхана – шарап жасайтын төрткүл кенттер. Осы төбелердің көбі Отырар, Талас аймағында ортағасырларда Жібек жолының бойында орналасқандықтан сауда-саттықтың дамуына байланысты бәсекелестіктен, еңбек бөлінісінен туған, сонымен бірге ежелден Орта Азиядағы шекаралық аудандардағы қазақ жеріндегі қала-кенттер таза көшпенді-малшылардың сұранысын қанағаттандыру үшін жұмыс істегенін ұмытпауымыз керек. Мысалы: Сүткент, Жент атауларын алайық. XX ғ. бас кезінде ел жайлауға көшіп бара жатып, жатақтарға сауып ішуге сиыр, бие тастап кететін, жайлаудан түсерде сары май, құрт дайындап қоясың деп келісетін. Жент жасауға тарысын, майын, ірімшігін т.б. қосатын қоспаларын қалдырып бағасына келісетін. Сондықтан Сүткент, Жент атауларының шығу мәнін отырықшы-жатақтар мен көшпенділердің арасындағы кәсібінен іздеген жөн.

Шынтуайытына келгенде бұлардың көпшілігі ежелгі дихандардың отырықты қоныстары, жерді, суды, егістікті қауымдасып, күш біріктіріп пайдаланған бірлестіктердің жұрты. Бұл

туралы этнографиялық деректерге сүйенейік: Халық ұғымында шашырап, бытырап жүрген кедей отбасыларын, адамдарды, елді ертеде билер, ақсақалдар «Бір төбеге жиналсаңдаршы, бір қазаннан бас, бір жеңнен қол шығарып, жан сақтасаңдаршы», – деп ақыл айтқан. Сондықтан «төбе» ұғымы, бірлестік ұжымдасу, «артель» деген сөзбен мәндес.

Мысалы, Ташкент маңындағы Құрама елінің қалай құрылып, ел болғанын мысалға алайық. Жоңғар шапқыншылығынан соң бейбітшілік орнаған кезде қазақтың әр жүзінен, көптеген рулардан қошқан-пысқан адамдар, отбасылар жиналып, іштерінен басшы сайлап, төбе – төбе болып бірігіп, егіншілікпен шұғылданып, жан сақтай бастайды, кейіннен үлкен ұлысқа айналады.

«... Қазақ дихандары, егіншілікке қолайлы жерді иемденіп, суды пайдалану мақсатында жеке-жеке қауымға біріккен. Әрбір үлкен арықтан су алатын егіншілер қауымы 15-20 үйден құралып «төбе» деп аталыпты. Мұндай «төбелерге» кіретін үйлер бір-бірімен туыстық жақындығына қарай топталады...» (Арғынбаев, 1961: 96). Сондықтан Қазақстанның көпшілік жерінде, әсіресе оңтүстік аймақтарда жиі кездесетін төбелердің барлығын қалалар деп атауға болмайды, біздің ойымызша бұл төбелер 10-20 үйден құралып, егінші – жатақтардың қолөнершілердің мекен-жайы, маңайында егістік жерлері, арық – атыз жүйелері, диірмендері мен шығырлары болған. Кейіннен – төрткүлдерге – одан соң кішігірім қалашықтарға, кенттерге айналған.

Әдебиеттер

1. Андрианов Б.В. Древние оросительные системы Приаралья (в связи с историей возникновения и развития орошаемого земледелия). М., 1969. 255 с.
2. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Сочинения. Том I. М.: Издательство восточной литературы, 1963. с. 4-584.
3. Грошев В.А. Культурно-хозяйственные процессы и развитие ирригации юга Казахстана (по материалам Нижней Сырдарьи и Отрарского оазиса) // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата: Наука, 1989. с. 375-382.
4. Грошев В.А. Новые данные об оросительных системах Отрарского оазиса // Древности Отрара и Отрарского оазиса, Казахстана и Евразии. Алматы, 2012. с. 181-187.
5. Грошев В.А. Основные моменты динамики оросительной сети Отрарского оазиса в XIII-XV вв. // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1978. с. 140-150.
6. Қожа М. Ортағасырлық Отырар. Түркістан: Тұран, 2006. 242 б.
7. Байпаков К.М., Смағұлов Е.А. Средневековый город Сауран. – Алматы, 2005.
8. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов южного Казахстана // Труды ИИАиЭ АН КазССР. Т 5: Археология. 1958. с. 3-215.
9. Байпаков К.М., Раннесредневековые города и поселения Семиречья. // Изв. АН КазССР. сер. арх-ия. №2. 1966.
10. Зуев Ю.А. Китайские известия о Суябе. // Изв. АН Каз.ССР. Серия истории, археологии и этнографии. – 1960. – Вып. 3 (14). с. 87-96.

11. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Сочинения. Т. 2. – М. 1963.
12. Савельева Т.В. Оседлая культура северных склонов. Заилийского Алатау в VIII–XIII вв. – Алматы: Гылым. 1994. 216 с.
13. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-X вв. по арабским источникам. – Алма-Ата, 1972. 156 с.
14. Маргулан, А. Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. 122 с.
15. Арғынбаев Х., Захарова И.В. 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // ТИИАЭ АН КазССР. Т. 12. Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. Алма-Ата, 1961. с. 92-118.

References

1. Andrianov B.V. Drevnie orositel'nye sistemy Priaral'a (v svyazi s istoriei vozniknoveniya i razvitiya oroshaemogo zemledeliya) [Ancient irrigation systems of the Aral Sea region (in connection with the history of the emergence and development of irrigated agriculture)]. М., 1969. 255 p. [in Russian]
2. Bartold V.V. Turkestan v epochu mongol'skogo nashestviya [Turkestan in the era of the Mongol invasion] // Spchineniya. Tom I. - М.: Izdatel'stvo vostochnoy literatury, 1963. s. 4-584. [in Russian]
3. Groshev V.A. Kulturno-chozyaystvennye process i razvitie irrigacii yuga Kazakhstana (po materialam Nizhney Syrdar'i i Otrarskogo oazisa) [Cultural and economic processes and development of irrigation in the South of Kazakhstan (based on the materials of the Lower Syrdarya and Otrar oasis)] // Vzaimodeistvie kochevykh kul'tur i drevnich civilizaciy. Alma-Ata: Nauka, 1989. s. 375-382. [in Russian]
4. Groshev V.A. Novye dannye ob orositel'nykh sistemah Otrarskogo oazisa [New data on the irrigation systems of Otrar oasis] // Drevnosti Otrara i Otrarskogo oazisa, Kazakhstana i Evrazii. - Almaty, 2012. - S. 181-187. [in Russian]
5. Groshev V.A. Osnovnye momenty dinamiki orositel'noy seti Otrarskogo oazisa v XIII – XV vv. [The main points of the dynamics of the irrigation network of the Otrar oasis in the XIII-XV centuries] // Arheologicheskije pamjatniki Kazakhstana. - Alma-Ata: Nauka, 1978. - S. 140-150. [in Russian]
6. Kozha M. Ortagasyrlyk Otyrar [Medieval Otyrar]. Turkistan : Turan, 2006. 242 b. [in Kazakh]
7. Baypakov K.M., Smagulov E.A. Srednevekovyj gorod Sauran [The medieval town of Sauran]. Almaty, MMV, 2005. [in Russian]
8. Ageeva E.I., Patsevich G.I. Iz istorii osedlyh poseleniy i gorodov yuzhnogo Kazakhstana [From the history of settled settlements and cities of southern Kazakhstan]// Trudy IIAiE AN KazSSR. T V: Arheologiya. 1958. S. 3-215. [in Russian]
9. Baypakov K.M. Rannesrednevekovye goroda i poselenija Semirech'a [Early medieval cities and settlements of Semirechye]. // Izv. AN KazSSR. ser. Arch-iya. N. II.. 1966 [in Russian]
10. Zuev Yu.A. Kitayskije izvestija o Sujabe [Chinese notes about Suyab] // Izv. AN Kaz. SSR. Serija istorii, araeologii et etnographii. 1960. - Part. 3 (14). s. 87-96. [in Russian]
11. Bartoldus V.V. Ocherk istorii Semirechija [Essay on the history of Semirechye]//

Sochinenija. T. 2. - M. 1963. [in Russian]

12. Savelyeva T.V. Osedlaya ku'ltura severnyh sklonov Zailiyskogo Alatau v VIII- XIII vv.[Sedentary culture of the northern slopes of the Trans-Ili Alatau in the VIII-XIII cc.] Almaty: Gylym. 1994. 216 p. [in Russian]

13. Kumekov B.E. Gosudarstvo kimakov IX-X vv. po arabskim istochnikam [The state of the Kimaks of the IX-X centuries. according to Arabic sources]. Alma-Ata, 1972. 156 p. [in Russian]

14. Margulan, A. Kh., Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazakhstana [From the history of cities and the construction art of ancient Kazakhstan]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1950. 122 p. [in Russian]

15. Argynbaev Kb., Zakharova I.V. 1958 zhyly Ontustik Kazakhstan oblysyna uyimdastyrylgan etnographijalyq ekspedicija zhumysynyn qorytyndysy // TIIAE AN KazSSR. T. 12. Novye materialy po arheologii i etnographii Kazakhstana. - Alma-Ata, 1961. s. 92-118. [in Kazakh]

Тоқтабай А.У.¹

¹г. Алматы, Казахстан

¹e-mail: akhmet.t@mail.ru

ВОЗНИКНОВЕНИЕ И РАЗВИТИЕ СИСТЕМ ОРОШЕНИЯ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье анализируется история возникновения ирригационных систем и их этапы развития на территории Казахстана. В казахском языке образование и употребление слов, связанных с процессом орошения, таких как «арық», «арна», «атыз», «кәріз», «шығыр», «тоған» и др., показывает, что в казахских землях наряду с животноводством на определенном уровне было развито и земледелие. Однако земледелие в казахских степях ограничивалось территориями крупных рек: Сырдарья, Или, Иртыш, Талас и др. Вдоль этих рек развивалось преимущественно орошаемое земледелие. Это можно объяснить тем, что территория Казахстана относится к засушливой малодождливой зоне. Для подвода воды к посевам в реке устанавливали специальный чигирь, проводили канаву. Люди объединялись в общину под названием «төбе», чтобы правильно координировать работы по рытью канав и заниматься земледелием. То есть в казахской степи способы использования оросительных систем, которые являются основным объектом земледелия, сформировались с древнейших времен и дошли до наших дней.

Ключевые слова: Алтынарык, акведук, канал, канава, атыз, кяриз, ирригационная система, земледелие, котлован, «төбе», чигирь.

Toktabay A.U.¹

¹Almaty, Kazakhstan

¹e-mail: akhmet.t@mail.ru

EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SYSTEMS OF IRRIGATION IN THE TERRITORY OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article analyzes the history of the emergence of irrigation systems and their stages of development on the territory of Kazakhstan. In the Kazakh language, the formation and use of words related to the irrigation process, such as "aryk", "arna", "atyz", "kariz", "shygyr", "togan", etc., shows that in the Kazakh lands, along with animal husbandry, agriculture was also developed at a certain level. However, agriculture in the Kazakh steppes was limited to the territories of large rivers Syrdarya, Ili, Irtysh, Talas, etc. Irrigated agriculture developed primarily along these rivers. This can be explained by the fact that the territory of Kazakhstan belongs to an arid, low-rainfall zone. To supply water to crops, a special chigir was installed in the river, a ditch was carried out. People banded together as a community called "tobe" to properly coordinate the work of digging ditches and farming. That is, in the Kazakh steppe, methods of using irrigation systems, which are the main object of agriculture, have been formed since ancient times and have survived to this day.

Keywords: Altynaryk, aqueduct, canal, ditch, atyz, kariz, irrigation system, agriculture, pit, "tobe", chigir.

Автор туралы мәлімет:

Токтабай А.У., тарих ғылымдарының докторы, профессор, Алматы қ., Қазақстан.

Сведения об авторе:

Токтабай А.У., доктор исторических наук, профессор, г.Алматы, Казахстан.

Information about the author:

Toktabay A.U., Doctor of historical sciences, professor, Almaty, Kazakhstan.

FTAMP 03.61.91

Елкей Н.Н.¹¹Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Астана қ., Қазақстан

¹e-mail: muzlife.nbek@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ САҚТАУ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ НЕГІЗІ

Аңдатпа. Мақала қазақтың дәстүрлі мәдениеті бағытында жазылды. Тарихымызда маңызы бар ұлттық құндылықтарымызға тарихи сипаттама беріліп, тарихи-этнографиялық талдау жасалды. Әрбір мемлекеттің өркениеттілігін оның мәдени мұраға деген көзқарасына қарай танып-бағамдауға болады. Өз еліңнің мәдени мұрасына ұқыпты қарау мен басқа мәдениеттің құнды элементтерін қабылдау – адамзат өркениеті дамуының сара жолы. Қазақтың мәдениетін танытатын мол мәдени мұраларымыз жетерлік. Қазақ халқын әлем халқына ғажап халық екенін танытып тұрған, ол біздің ұлттық құндылықтарымыз, салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен мәдени мұраларымыз, тіліміз және ұлттық қолөнер мен ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар. ЮНЕСКО-ның Адамзаттың рухани мұрасының көрнекті тізіміне енген ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызға қатысты элементтер қарастырылды. Мәселен, Наурыз, құсбегілік, айтыс, киіз үй, қазақтың дәстүрлі домбыра, күй өнері, Қорқыт ата мұрасы, қазақ күресі, ортеке биі, тоғызқұмалақ, асық ойыны, қазақ жылқысы секілді салт-дәстүрлерге қатысты тарихи-этнографиялық мәліметтер молынан берілді. Сонымен қатар, белгілі қазақ мәдениетін зерттеуші этнограф-ғалымдарға тоқталып, олардың еңбектері де қарастырылды.

Кілт сөздер: салт-дәстүр, материалдық емес мәдени мұра, ұлттық мәдениет, фольклор, этнограф, құжат, құндылық, өркениет.

Кіріспе

Үстіміздегі жылдың 17 маусымы күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістан қаласында өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші Ұлттық құрылтай отырысында

сөйлеген сөзінде «Қазір кез келген елдің ықпалды болуына ұлттық брендтің әсері мол. Сондықтан оның танымалдығын арттыра түсу керек. Ол үшін бірыңғай дизайн-кодты, ортақ стандартты сақтау өте маңызды. Нышандарымыз бірегей

ұлттық кодымызды нақты әрі айқын көрсетуі керек» деген еді. Расында, сан ғасырлық тарихымызды айтқанда халықпен бірге біте қайнасып, күнделікті өмірінде маңызды рөл атқаратын ұлттық құндылықтарымыз жетерлік. Соның бірі – қазақтың дәстүрлі мәдениеті десек қателеспейміз.

Ата тарихымыздың бет бейнесін, жүріп өткен жолы мен шежіресін ақтарып қарасақ, қазақ қоғамында рухани және материалдық мәдениеттің нағыз үлгісін ұштастырған материалдық емес мәдени мұраның орны ерекше. Материалдық мәдени мұраға қарағанда көзге көрінбейтін, бірақ адамзат баласының рухани өміріне нәр беретін материалдық емес мәдени мұраның назардан тыс қалып жатқандығы жасырын емес. Халықаралық деңгейде осы мәселеге дер кезінде қозғау салған ЮНЕСКО ұйымының рөлі зор. Дүниежүзінде саны аз қаншама елдер күн санап өздерінің рухани құндылықтарынан айрылып, жер бетінен жойылып кетіп жатыр. Тарихтан белгілі, кешегі тоталитарлық кезеңде тұсауланған біздің рухани өміріміздің жай-күйі де небір қиындықтарды бастан кешірді. Тәуелсіздік алып, тарихымыз, мәдениетіміз түгенделе басталған тұста халқымыздың мол материалдық және рухани мәдени мұраларын ескере бастадық. Өйткені, өткенімізді білмей, келешекті бағдарлау қиын екендігін сездік. Ұлттық құндылықтарды сақтау – ұлт болып қалыптасуымызға, ұлттық болмысымызды айқындауда маңызды екендігін түсіндік.

Қазақтың тарихын, мәдениетін түгендеуде жүзеге асқан мемлекеттік бағдарламаларды атап өтуге болады. Мәдени мұрамызды сақтау мен табысты пайдалану үшін ұйымдастырылған «Мәдени мұра», «Халық тарих

толқынында» атты бағдарламалар тәуелсіздік алған уақыттан бері табысты нәтиже көрсетіп, халқымызды дүниежүзілік маңызы бар тарихи құндылықтарымызбен қауыштырды. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы да қазақ тарихын өркениеттік тұрғыдан саралаудың айқын жолын көрсетіп берді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция шеңберінде орындалды. Қарастырылып отырған тақырыптың ашылуына, алға қойған мақсат және міндеттерімізді жүзе асыруда қазақтың дәстүрлі мәдениеті жөнінде жазылған еңбектер басшылыққа алынды. Әсіресе, Ә. Марғұлан (Шығармалары, 2007), Ө. Жәнібеков (Таңдамалы шығармалар жинағы, 2011) секілді ғалымдардың қазақ этнографиясы төңірегінде жазған еңбектері мақаланы жазуда басты бағыт-бағдар болды. Сонымен қатар, қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жайлы жазылған С.Әжіғали, Ә. Нысанбаев, Б. Жұмабайұлы, К. Сахарбаева, Ә. Сәдуақасұлы және т.б. зерттеуші-ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Мақаланы жазу барысында кеңінен танымал кешенді және жүйелеу тәсілдері қолданылды. Тақырыптың әралуан бағытта өрбуіне байланысты кей жерде салыстырмалы-типологиялық, салыстырмалы-тарихи әдістер қатар жүргізілді. Себебі, алдымен тарихи-мәдени элементтерді бір-бірімен салыстырып, оның мәдени мұра тізіміне енгізілу мерзіміне, тарихи маңызына қарай жүйелеп, жалпы тарихи талдау жасалды.

Негізгі бөлім

Күллі әлемде өмір сүріп жатқан қаншама этностар бар. Олардың даму тарихы да әртүрлі. Әсіресе, ұлтты өзгеден ерекшелеп көрсететін ол – мәдениеті. «Әр елдің салты басқа...» дегендей, халықтың мәдениетіне қарап, оның ұлттық болмысын аңғару қиын емес. Тағылымды тарихымен, рухани және материалдық мәдениетімен, асыл құндылықтарымен танылған қазақ халқы өзінің ұлттық болмысын әріден қалыптастырды. Үш мың жылдық дала өркениетінің өзегі болған халқымыз Алтайдан Дунайға дейінгі дала мәдениеті мен өркениетінің кең қанат жаюына өз үлесін қосқаны тарихтан белгілі. Ата-бабамыздан мұра болып қалған мол мәдениетімізді қазіргі жаһандану заманында жоғалтып алмау – басты парызымыз. Кешегі тоталитарлық кезеңде халқымыздың бет-бейнесін көрсететін айнасына айналған ұлтымыздың төл мәдениеті жойылып кете жаздады. Үндістан ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Махатма Гандидің «Ұлт мәдениеті өз халқының жүрегі мен рухында» деген жалынды сөзінде айтылғандай, қазақ өзінің батыр жүректі, қайсар рухты қасиетінің арқасында талай дүрбелеңді бастан өткізіп, қаншама қиындық пен қысым көрсе де өз мәдениетін сақтап қалды.

Дәстүрсіз халық жоқ. Ол тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп, әдеп-инабат нормасы болып табылады. Дәстүр өзінің негізі мен қалыптасуы, өмір сүруі жағынан барынша ұлттық сипатта болады, әрбір халық жалпы адамзат мәдениетіне сонысымен үлес қосады (Асыллов, Нұсқабайұлы, 1998: 21).

Бүгінде тәуелсіз ел атанып, қыран

қанатымызды кеңге жайып, өркендеген елдердің қатарынан көрініп, әлем таныған тарихы, мәдениеті, әдебиеті бар мемлекетке айналдық. Қазақстан тәуелсіздік алған тұста алдымен дүниежүзіндегі алпауыт, өркениетті елдермен бейбіт қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасып, көптеген мемлекеттік ұйымдарға мүше бола алды.

Соның бірі – ЮНЕСКО Халықаралық ұйымы. Бұл ұйымға Қазақстан 1992 жылдың 22 мамырында ТМД елдерінің арасынан алғаш болып мүшелікке енді. Кейін 1994 жылы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияға қосылды. ЮНЕСКО негізгі мақсаты – бейбітшілік пен қауіпсіздікті елдердің білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығын БҰҰ Қаулысында айтылғандай жалпыға бірдей құрметпен қарап, әділеттілік пен заңдардың орындалуын, адам құқығы, әрі негізгі бостандықтар негізінде барлық елге, түрі-түсіне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан қамтамасыз ету арқылы нығайту (ЮНЕСКО, URL). Халықаралық тарихи-мәдени мұралар реестрі қатарына Қазақстанның әр аймағында сақталған тарихи ескерткіштер енгізілді. Мәселен, киелі Түркістан жеріндегі Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Таңбалы археологиялық ландшафындағы тасқа, жартасқа салынған бейнелер (петроглифтер), «Ұлы Жібек жолының» маңызды ортағасырлық Қойлық, Қарамерген, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек қалалары мен Қорғалжын және Наурызым қорықтары ұйымның мұралар тізіміне енді.

Қазақтың мәдениетін әлем танитын күнге жеттік. Ата-бабаларымыздың осынша мәдени мұрамызды ұрпаққа аманат етіп қалдыруы бізге берілген мол

казына. Бүгінде асыл дүниелерімізді жоғалтпай, заманкөшіне ілескен уақытта қайта жаңғыртып, қадір-қасиетін сақтай алу – біздердің басты парызымыз. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың ұлттық мәдениетімізді дамытудың маңыздылығына тоқталған бір сұхбатында «Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл – мағынасы терең, көпқырлы ұғым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұлқыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында, басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы, ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты» деп айтқаны бар.

Мыңжылдық қазақ мәдениеті жас елдің тәуелсіздігінің сенімді тірегіне айналды. Мемлекеттің мәдени саясаты қазақ халқының аса бай мұрасын іздеумен қоса, оның дәстүрлері мен ғұрыптарын жандандыруды да қамтыды – олар елдің күнделікті өмірін рухани тұрғыда байытып, біздің өткенімізді қазіргі кезеңмен және болашақпен жалғауға тиісті еді (Назарбаев, 2017: 84).

Қазақтың мол материалдық мұрасымен бірге халықтың мәдени құндылықтарын айшықтайтын материалдық емес мұраны атап өтуге болады. Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдамасында көрсеткендей: «... Қазақстан Республикасы халқының материалдық емес мәдени мұрасы ұлттық мәдениеттің аса маңызды құрамдас бөлігі, ұрпақтардың рухани байланысын нығайтатын ұлттық сана-

сезімнің негізі бола отырып, Қазақстан мәдениетін қалыптастыруда басты рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған 2003 жылғы 17 қазандағы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Халықаралық конвенцияға (бұдан әрі – Конвенция) Қазақстан Республикасының қосылуы Қазақстан халқының материалдық емес мәдени құндылықтарын қорғау, танымал ету және дамыту жөніндегі қызметтің тиімділігі үшін негіз болады».

Конвенцияда материалдық емес мәдени мұралардың 5 саласы көрсетілген:

Бірінші саласы, материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, ауызша айту дәстүрлері мен айтылу нысандары;

Екінші саласы, орындаушылық өнерлер;

Үшінші саласы, әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар;

Төртінші саласы, табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар;

Бесінші саласы, дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар.

ЮНЕСКО ұйымы тарапынан бекітіліп, адамзат үшін ерекше мәдени, тарихи немесе экологиялық маңызы бар деп танылатын табиғи және адам қолымен жасалған дүниелер әлемдік мұра атауына ие болды.

2003 жылы 17 қазанда Париж қаласында қабылданған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» конвенцияға сәйкес 2013 жылы ҚР материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізімі бекітілген болатын. 47 тізімнен тұратын материалдық емес мәдени мұралардың ішінен бүгінде 13 элементі ЮНЕСКО-ның Ұлттық комиссиясы шешімімен әлемдік

мәдени мұралардың қатарына енгізді. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінен дерек беретін соларға аз-кем тоқталып, сипаттау келешек ұрпақтың дәстүрімізді құрметтеуі үшін өте маңызды.

Киіз үй – ежелгі көшпелі өмірге бейімделген, көшіп-қонуға ыңғайлы, ерте заманнан келе жатқан жылжымалы тұрғын үйдің бір түрі. Бұл жартылай отырықшы, жартылай көшпелі халықтардың арасында кеңінен тараған және бүгінге дейін өзінің көне формасын сақтап қалған бірден-бір мүлік. Киіз үй – қазақтың байырғы баспанасы.

XVIII-XIX ғғ. тарихшы-саяхатшы ғалымдар И.П. Фальк, Ш. Уәлиханов, Б.А. Куфтин және т.б. киіз үй мәселесіне соқпай кетпеген. Олар көшпелі халық өмірінде киіз үйдің қандай рөл атқарғандығы, оның құрылысы, тігілу, жиналу тәртібі, қандай жерлерге орнатылғандығы, ішкі жиһаздары туралы аса құнды мағлұматтар береді. Академик Ә. Марғұлан еңбегінде киіз үйлердің екі, үш қанаттан бастап, он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін үлкен түрлері болғандығы айтылады. Бұрынғы хан-сұлтандар мен атақты байлардың үйлері 8 қанаттан 30 қанатқа дейін баратын үлкен және өте бай жиһазды, әшекейлі, салтанатты болып келген. Бұларды ақ ала орда, ақ орда, алтын орда деп атаған (Қолөнер үлгілері, 2005: 8).

Киіз үйдің негізгі жабдықтарын есік, босаға, табалдырық, иткірмес, маңдайша, топса, кереге, уық, шаңырақ, жақтау ағаш, сықырлауық, күлдіреуіш құрайды.

Қазақтың киіз үйі ЮНЕСКО-ның тарапынан Адамзаттың рухани мұрасының көрнекті тізіміне енгізілді (Париж қаласы, Франция, 24 - 28.11.2014).

Қазақтың дәстүрлі домбыра күй өнері – Адамзаттың материалдық емес

құндылықтар тізіміне домбырамен тартылған күйлер қосылды. Домбыра – шанағында күмбір сазды күйлерін құндақтап, ұлтымыздың өткенін, бүгінін, мінезі мен сезімін, болашағын бір күре тамырдай қос ішегіне шежірелеп арқалаған киелі аспап. Археологиялық деректерге сүйенсек, көне домбыра ежелгі түркі дәуірінде пайда болған. Алғаш домбыраның шыққан жері түркі халықтарының алтын бесігі Алтай тауы болып саналады. Домбыра құрылысы бойынша бірнеше бөліктерден тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, ішек, шанақ, қақпақ және ілгек. Дәстүрлі қазақ музыкасында домбыра күйлері кең таралған. Қазақтың домбыра күйлері орындаушылық ерекшеліктеріне, күйдің құрылымына байланысты төкпе және шертпе деп бөлінеді.

Ұлттық өнеріміздің қайта жаңғырып, жаңаруының нәтижесінде қазақтың қасиетті қара домбырасы мен ұлттық сазды күй мұрасы 2014 жылғы 26 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі ұйымының шешімімен (ЮНЕСКО) жалпыадамзаттық бейматериалдық құндылықтар палатасының алтын қорына енді (Париж қаласы, Франция, 24 - 28.11.2014). Осылайша теңдесі жоқ қазақтың қара домбырасы мен оның күйлері – адамзаттық рухани асыл мұра ретінде танылып, әлемдік деңгейде аталып өтілді (Сахарбаева, 2021: 3).

Елімізде ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың шешімімен 2018 жылы шілде айының бірінші жексенбісін мерекелік «Домбыра күні» деп жариялаған еді. Содан бері жылда дәстүрлі түрде домбыра күні аталып, елімізде кең көлемде өткізіліп келеді.

Айтыс – Қазақ ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, көпшілік қауым алдында қолма-қол

суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Ұшқыр теңеуге, оқыс эпитетке, ой мен жыр сайысынан ширыққан драматизмге толы айтыс үлгілері қазақ поэзиясының асыл қазыналарының бірі болып табылады (Екімыңжылдық, 2000: 105). Халық ауыз әдебиетінде айтыс өнерінің бірнеше түрлері бар: бәдік айтыс, жар-жар айтыс, жануар мен адамның айтысы, өлі мен тірінің айтысы, жұмбақ айтыс, салт айтысы: 1) қыз бен жігіт айтысы; 2) ақындар айтысы және т.б. Қазақтың айтыс тарихынан ел арасында белгілі «Біржан мен Сара айтысы», «Сүйінбай мен Тезектің айтысы», «Шөже мен Балтаның айтысы», «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы» және т.б. Айтыс өнері ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілді (Намибия, 24 - 28.11.2015).

Наурыз – парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Табиғаттың түрленіп, тіршілік атаулының жаңаратын мезгілі. Наурыз – көне мейрам. Белгілі тарихшы, этнограф Жамбыл Артықбаев «Наурыз мейрамы Еуразия даласында екі-үш мың жыл емес, он екі-он үш мың жыл бұрын тойлана бастады» деген пікір білдіреді. Ұлыстың ұлы күні Орта Азия халықтарының Жаңа жылы саналады. Қазақ халқы Наурыз мерекесін күн мен түннің теңесетін, жаңа күннің бастауы деп тойлаған.

Наурыз қазақ жерінде ертеден бері тойланып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан дәстүрлі мейрам. Кеңес үкіметі бұл мерекені «діни мейрам» деп танып, 1926 жылы ресми түрде тойлауға тыйым салды. Мағжан Жұмабаев «Қазақтың наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы» деп сипаттаған. Тек араға 62 жыл салып ұмыт бола

бастаған Наурыз мейрамы қазақ жеріне 1988 жылы қайта оралып, тойлана бастады (Қазақ халқының, 2005: 21).

Тәуелсіздік алғаннан кейін ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 1991 жылдың 15 наурызында «Наурыз мейрамы – халықтық көктем мерекесі» деген ресми атауын алады. Ұлыстың ұлы күні Наурыз көже дайындалады. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар қосылады. Наурыз мейрамында алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар – көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, теңге ілу т.б. ойналады.

Наурыз мейрамы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен 2010 жылы Халықаралық мейрам мәртебесіне ие болды. 2016 жылы ЮНЕСКО 12 ел – Ауғанстан, Әзербайжан, Үндістан, Иран, Ирак, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Пәкістан, Тәжікстан, Түрікменстан және Түркия атынан Наурызды адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізді (Аддис-Абеба қаласы, Эфиопия, 28.11 – 02.12.2016).

Құсбегілік (бүркіт, сұңқар т.б.) – ертеден келе жатқан қазақтың саятшылық өнерінің бір қыры. Құсбегілік өнерді алғаш зерттеген академик Әлкей Марғұлан «Қазақстанның көптеген ежелгі мәдени ескерткіштерінің ішінде кейінгі кезде назарға көп ілінбей жүрген біреуі бар. Ол – саятшылық өнері. Оның тарихи ескерткіш екеніне ешқандай күмән жоқ», – деп жоғары баға берген. Қазақ халқы ертеден қыран тұқымдастарды (бүркіт, тұйғын, қаршыға, сұңқар, лашын т.б.) аңға пайдаланған. Құсбегі – қырандарды түрге, топқа, текке айыра білетін, оларды өз ішінен жікке, туыстыққа, ұрпаққа бөле білетін адам. Бүркітші – бүркітті

ұстай, баға білетін, оны аттылы-жаяу алып, аңға сала білетін, аң мен құстан орташа сауаты бар адам (Сәдуақасұлы, 1998: 71). Құсбегілік – қазақтың тектілігін, жігіттерінің серілігін, жүректілігін көрсететін өнер. Ата кәсібіміз бен салт-дәстүрімізді ұрпақтан-ұрпаққа жалғайтын халқымыздың төл өнерін ЮНЕСКО ұйымы адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізген (Аддис-Абеба қаласы, Эфиопия, 28.11 – 02.12.2016).

Қазақ күресі – қазақтың ұлттық күресі. Сан ғасырлар бойы беделі аспаса, тұғырдан түспеген осынау ұлттық өнеріміздің бір түрі – қазақ күресі кеңес заманында да жойылып кеткен жоқ. Қазақ күресі өзгеше бір жаңа серпінмен дамып, халықтық өнерге айналды. Қазақ күресінің бір ерекшелігі – тік қалыпта аяқпен қимыл жасай жүріп, қос қолды қарсыласының белінен немесе арнайы жасалған белбеуден, киімнен ұстап жығуға әрекеттер жасалады. Техникалық жағынан қазақ күресінің қалыптасқан әрқилы әдіс-айлалары өте көп. Бұл, көбінесе қазіргі еркін және классикалық күреске ұқсас. Аяқтан қаға іліп-шалу, бастан асыра лақтыру, жамбасқа алу, сондай-ақ шалқая бере кеуде арқылы керу, лақтырып жіберу сияқты әдістерін атап өтуге болады (Мұхиддинов, 2012: 16-17).

Қазақ күресінің шоқтығы биік тұлғасы – Қажымұқан. Себебі, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде көптеген елдердің спорт сахнасында өнер көрсетіп, халықаралық деңгейде өткен сайыстарда күллі қазақ халқының атын әлемге паш еткізген спортшы еді.

Кеңес Одағының чемпиондары Амангелді Абсаттаров пен Әбілсейіт Айхановтың есімдері баршаға таныс. Тәуелсіздік алған жылдары, 1992 жылы өткен I Дүниежүзі қазақтарының құрыл-

тайында алғаш қазақ күресінен Халықаралық күрес федерациясы құрылды. Содан бері, елімізде қазақ күресінен әр жылдары «Түйе палуан», «Алтын белбеу» секілді турнирлер ұйымдастырылып келді. Қазіргі таңда, 2011 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан «Қазақстан барысы» турнирі қазақ спортының үлкен жетістігі. Әр жылдары бұл турнирдің жеңімпаздары Ұ. Рысқұл, Б. Ыстыбаев, А. Нұғымаров және т.б. болды.

Қазақ күресі 1938 жылдан бері республикалық жарыстар бағдарламасына кіреді. Алдағы уақытта Дүниежүзілік деңгейде өтетін дәстүрлі Олимпиада ойындары бағдарламасына енгізілуі ықтимал. ЮНЕСКО ұйымының шешімімен қазақ күресін Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізді (Аддис-Абеба қаласы, Эфиопия, 28.11 – 02.12.2016).

Жұқа нанды жасау және бөлісу мәдениеті: қатырма, жұпқа, юфқа – көпшілікке «қатырма нан жасау өнері» деген атпен таныс. Материалдық емес мәдени мұра тізіміне кірген бұл элементтің Орталық, Кіші және Алдыңғы Азия халықтары арасында басқа атаулары бар. Мәселен, жұқа нан, шелпек, жұппа нан, жай нан, қамыр, пәтер, бәтер, бәтер нан, қаттама нан, қатпарлама, құдай нан. Бұл өнердің түрі Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия жерлерінде кездеседі. Қазіргі таңда әр жердің тілдік диалектісіне байланысты көп айтыла бермейді. Жалпылама атауға ие. Тіпті, кең таралған салт-дәстүр түрі болып табылады. Металлдан жасалған қалыпқа немесе қазанға салып пеште пісірілген нан мерекелік кештер мен діни жөн-жоралғыларда, туған күндерде, үйлену тойларда, сондай-ақ жерлеу рәсімдерінде дастарқанға қойылады.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегінде мынадай мәліметтер кездеседі: «...Қазақ дастарқанында ұннан жасалатын қатырма, шылпын, нан салма, күлшетай сияқты тағамдар, таба нан, қазанжаппа, шелпек, бауырсақ, күлше немесе тандыр нан /оңтүстікте/ секілді нан түрлері болған» (Жәнібеков, 2011: 58).

Қатырма нан әзірлеу дәстүрі 2016 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне енді (Аддис-Абеба қаласы, Эфиопия, 28.11 – 02.12.2016).

Асық ойыны – тарихи көшпенді ғұмыр кешкен халқымыздың еңбек амалынан туындаған ойын түрі, әсіресе ойын баланың ой-өрісін кеңейтіп, ақыл-парасатын жетілдіретін ерекшелікке ие. Асық ойыны тек балалар ойнайтын ойын ғана емес, ересек азаматтар да қызығып ойнайтын ойын. Асық ойынында көлемі жағынан тайынша, марал, бұғы, құлжалардың асығын «сақа», сиырдың асығын «кінтай», ешкі мен тауешкінің асығын «шөкмәйіт», еліктің асығын «жемік» деп, ал сыртқы тұлғасы мен тұрысына қарай, жұмыр жағы түссе (үсті) «бүк», шұңғыр жағы үстіне қарай түссе «шік», қырынан жайпақ жағы түссе «тәйкі», иректі жағы түссе «алшы», жілікпен тұтасқан аша жағы үстіне қарап түссе «шомпы», жіліншікпен тұсалған жұмыр жағы қарап түссе «омпы» (тоңқы) деп атаған. Асық ойындарының түрлері өте көп. Мәселен, «Омпы», «Хан», «Қызыл асық», «Үшке шықтым», «Үш табан», «Бүкшік», «Қақпақыл», «Сасыр», «Алшы», «Көтеріспек», «Жемекіл» ойындары секілді. Асық ойыны асықты молынан ұтып алуы арқылы әрбір бала, яғни асық ойнаған азаматтар өз бәсекелесінің алды болуы үшін сығалау, еңкею, қайырылып ату, иіріп ату, шертіп ату, т.б. әдістерін

қолданады, сол арқылы баланы сезгіш, зерек болуға тәрбиелейді (Жұмабайұлы, 2020: 163).

2017 жылы Оңтүстік Кореяның Чеджу қаласында ЮНЕСКО-ның шешімімен «Қазақ дәстүрлі асық ойыны» материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілді (Чеджу қаласы, Оңтүстік Корея, 04 - 09.12.2017).

Қорқыт ата мұрасы: эпикалық мәдениет және музыка – «Қобыз атасы» Қорқыт халық арасында композитор, жыршы, ақын, музыкант, бақсылардың қамқоршысы ретінде танылған. Қорқыттың дүниеге келген уақыты туралы түрлі дерек бар. Кейбір деректерде, мәселен, Ә. Қоңыратбаевтың зерттеулерінде Қорқыт ата 11 ғасырдың басында дүниеден өткен делінсе, Ә. Марғұланның еңбектерінде ол 7 - 8 ғасыр аралығында өмір сүрді деген пікір айтылады. Алайда зерттеулердің көпшілігі Қорқыт ата Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде 10 ғасырдың басында дүниеге келген деген тұжырымға саяды (Қорқыт ата өмірбаяны, 2019: URL).

Қорқыт ата жырлары Сыр бойы оғыз-қыпшақтарының айтуымен VIII-X ғасырларда-ақ ауызша таралған. Кейінірек хатқа түскен «Қорқыт ата кітабының» 12 жырдан тұратын нұсқасы 1815 жылы Дрезден кітапханасынан табылған. Қорқыт айтқан нақыл сөздер қазақ мақал-мәтелдерінде, жекелеген жырларының тіркестері кейінгі қазақ жырауларының толғауларында сол қалпында сақталған. Сондай-ақ көптеген оқиғалары, айтылған кейіпкерлері қазақ жыр, ертегілерінде кездеседі. Қорқыт ата халқымыздың жыраулық, бақсылық, күй өнерінің атасы болып есептеледі (Екімыңжылдық, 2000: 34). Қасиетті қобыз аспабында жер бетінде тұңғыш болып күй тартқан Қорқыт

атаның «Қорқыт», «Башпай», «Тарғыл ана», «Ұшардың ұлуы», «Желмая» және «Елім-ай» күйлері бүгінде баршаға танымал.

Қорқыт ата мұрасы ЮНЕСКО ұйымының шешімімен Адамзаттың рухани мұрасының көрнекті тізіміне енгізілді (Порт-Луи қаласы, Маврикий, 26.11 - 01.12.2018).

Қазақ жылқы өсірушілерінің көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері: бие байлау, айғыр қосу, қымызмұрындық. Бұл мерекелік ғұрыптар ерте кездерде қазақ даласы көшпенділерінде сол жердің табиғи, тарихи-географиялық, мәдени-шаруашылық ерекшеліктеріне сай қалыптасқан. Аталған мерзімдік салт-дәстүр жоралғылары Қазақстанда тек Терісаққан ауылында сақталғаны айтылады.

Қымызмұрындық – бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы. Құлын байлап, бие сауылып, оның сүті қорланып ашытылған соң екі-үш күн бойы жиналған қымызға ақсақалдар мен көрші-көлемдер «қымызмұрындыққа» шақырылған. Яғни алғашқы қымыз адамдарға салтанатпен ұсынылып, «көпке бұйырсын» деген тілекпен беріледі. Ақсақалдар үй иесіне алғыс айтып, батасын береді. Халықтың бұл дәстүрі де қонақжайлықты, жомарттық пен мәрттікті, бірлікті меңзейді.

Бие байлау – бие сауып, қымыз ашыту. Дәстүрлі ортаның бие байлап, қымыз сауу маусымында атқарылар еңбекке қатысты дәстүрінің ішіндегі салтанатты салтының осы бірі – бие байлау. Ел жайлауға шыққан кезде сауылатын биелерді бөле бастайды. Алдымен желі тарту үшін қазықтар қағылады, бірінші қазықты жылда арнайы қазық қағып жүрген тоқпақтың сабына ақ мата байлап, үлкен ақсақалдардың бірі қағу ишарасын жасайды. Желі тартқанда әрбір

бес құлынның ортасына бір қазық қағылады. Желі маңы биебау деп аталады. Әйелдер сабалар мен көнектерді әбден жуып, желінің басына кептіреді. Малым құт әкелсін деген ниетпен биебаудың үш қазығының, желі арқанның басына, айғырдың жалына, биенің сауырына сары май жағады.

Одан кейін шу асау құлындарды шалма, құрықтың көмегімен ноқталап желіге байлайды. Алғаш байланған құлындардың мойны созылып қалмас үшін үйренгенше үнемі бақылауда ұстайды. Құлындарды желіге байлаған соң, биебаудың шайын дайындайды. Желінің басына шай жасалып, жиналған жұрт құрт, ірімшік, тоқаш, тамағымен келеді. Мұны «шашу шай» дейді. Желі басында жайылған дастарқанға үлкен-кіші, бала-шағалардың барлығы келеді. «Байлар көбейсін» деген игі ниетпен бата-тілектер айтылады.

Айғыр қосу – жылқының құтпанын аталық ретінде таңдауға байланысты жасалатын рәсім. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясындағы мәлімет бойынша, айғыр қосуға таңдалған құлынды жас кезінен таңдап, оның жалы, шоқтығы, құйрығына қол тигізбейді, яғни оны күзеп, кеспейді. Қол тигізсе киесі басылады, жал- құйрығын күзеп тастаса сұсы қайтады-мыс (Култаев, 2018: URL).

Қазақ жылқысына қатысты мерекелік салт-дәстүр ретінде ЮНЕСКО ұйымы шешімімен Адамзаттың рухани мұрасының көрнекті тізіміне енгізілді (Порт-Луи қаласы, Маврикий, 26.11 - 01.12.2018).

Ортеке – қазақтың дәстүрлі орындаушылық өнері: би, қуыршақ, музыка үштігінен тұратын «Ортеке» – бір жіппен байланған тауешкі мүсіншесін ырғаққа бейімдеген өнер. Қазіргі уақыт-

та түркілердің бұл ежелгі өнері қуыршақ-музыкалық мәртебеге ие. Өйткені мұнда көркем шығармашылықтың бірнеше түрінің синтезі көрініс тапқан. Олар: сәндік-қолданбалы өнер, музыка, би, қуыршақ жүргізу. «Ортеке» жай ғана билеп қоймайды, көрермендердің көз алдына тұтас бір оқиғаны өрбітеді (Базар, 2022: 1, 8).

Рабат қаласында 2022 жылдың 28 қарашасы мен 3 желтоқсан аралығында өткен ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне қазақ мәдениеті үшін «Ортеке» биінің енуімен тарихта қалды (Рабат қаласы, Марокко, 28.11 – 03.12.2022).

Тоғызқұмалақ – халқымыздың зейін-зерде сынау ойыны. Ол ежелгі түркілер қасиетті санаған тоғыз санына негізделген. Тоғызқұмалақты кезінде қойшылар көп ойнайтын болған. Ойынды кейде «қойшылар алгебрасы» деп те атаған. Бұл ойында бір жағында тоғыз, екінші жағында он сегіз ұя болып, әр ұяға тоғыз құмалақ түседі. Ал екі басында әзірленген екі шұңқыр «отау» делінеді. Мұнда құмалақтың сөзсіз сексен бір болуы шарт емес. Кейде бір жағынан бес, жеті шұңқыр қазып та ойнай береді. Қалайда шұңқыр тақ болуы керек. Ойынды бастағанда жеребе арқылы кезек алған адам солдан оңға қарай жүреді. Жүргенде өзінің құмалақ алған ұяшығына құмалақ тастап, басқа ұяшықтарға бірден тастап отырады. Қарсы жақтың ұясына жұп болса, сол ұя босатылуы керек, яғни құмалақты жүруші жақтың үлкен отауына жинап, ұяшыққа толтырады. Жүрісте арадағы босаған шұңқырды «майжалақ» деп бір рет қолдың үстімен жалатып өтуді ұмытпау керек. Ұмытылса, «үйін ұмытқан қаңғыбас» болады. Егер жүрушінің соңғы құмалағы өз ұясына түссе, ол алынбайды. Келесі жүріске мүмкіндік алған қарсы жақтың

мақсаты қарсы жағының тақ санды құмалағына өзінің соңғы тасын салып, ондағы құмалақты жұптастыру арқылы өз отауына түсіруді мақсат етеді. Мұнда тоғыз құмалақтың әрқайсысына ат берілетін болады. Қалайда қарсы жақтың үлкен отауы құр қалса, «қазаны қаңыраған», «қатыны өлгені» болғаны (Жұмабайұлы, 2020: 85-86).

Тоғызқұмалақ ойыны ЮНЕСКО ұйымының тарапынан қолдауға ие болып, 2020 жылы Материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді (Париж қаласы, Франция, 17.12.2020).

Қожанасырдың әзіл әңгімелері – Қожанасыр немесе Қожа Насреддин – Шығыс фольклорының кейіпкері, қысқа әзіл-сықақ және сатиралық миниатюралар мен әзіл әңгімелердің, кейде тұрмыстық ертегілердің кейіпкері. Ол зұлымдарды, сараңдарды, арсыздар мен екіжүзділерді мазақ етеді. Бұл элементті адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Түрікменстан, Өзбекстан бірлесіп енгізді (Базар, 2022: 1, 8).

Қожанасыр жайлы әзіл әңгімелер Орталық, Кіші және Алдыңғы Азия, Араб елдері, Грекия, Румыния, Сербия, Еділ бойы, Кавказ халықтарының фольклорында кездеседі. Әр жерде Қожанасыр есімі әрқалай Қожанасыр Молла Насреддин, Қожа Насреддин, Насреддин Әпенді деп аталады.

2022 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен «Қожанасырдың әзіл әңгімелері» Материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді (Рабат қаласы, Марокко, 28.11 – 03.12.2022).

Мақалада қарастырылған ұлттық құндылықтар халықаралық деңгейде

қамқорлыққа алынып, бүгінде қазақтың мәдениетіне қатысты 13 элемент адамзат мұрасы ретінде ЮНЕСКО тізімінде тұр. Еліміздің мәдени өмірінде айшықты орын алатын ұлттық құндылықтарымыз әлі де жетерлік. Алдағы жылдары Қазақстан жоғарыда көрсетілген 45 тізімнен тұратын ұлттық құндылықтарымыз «Қобызда орындау өнері», «Қазақтың дәстүрлі ән өнері», «Батырлар жыры», «Қыз Жібек», «Қазақтың зергерлік өнері», «Көкпар», «Киіз басу», «Бесікті жасау және пайдалану дәстүрі», «Қымызды дайындау дәстүрі», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Жетігенді жасау және ойнау өнері», «Сыбызғыда орындау өнері», «Шаңқобызда орындау өнері», «Қара жорға биі», «Терме», «Көмей», «Қазақтың дәстүрлі кілем тоқу өнері», «Шұбатты дайындау дәстүрі», «Қара өлең», «Бақсы сарыны», «Кесте», «Текемет жасау дәстүрі», «Тері өңдеу дәстүрі»,

«Ер-тұрман жасау», «Қазақ ұлттық тағамдары», «Шілдеhana», «Беташар», «Жоқтау», «Сайыс», «Шешендік сөздер», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Қазақтың жынамасы», «Көрұғлы эпосы», «Дәстүрлі балалар және жасөспірімдер ойындары» секілді ұсынылған өтінімдерді енгізуді жоспарлап отыр.

Қорытынды

Бүгінгі мақаламызға арқау болған ұлттық құндылықтарымыз – ұлттық болмысымызды қалыптастырудың қуаты тетігі. Біз қазақ халқын әлем таныған ұлт ретінде көрсеткіміз келсе, жоғарыда атаған мәдени мұраларымызға деген құрметімізді жоғалтпауымыз керек. Өйткені, қазақ халқының ғасырдан-ғасырға ұштасқан тарихи мұрасын сақтау, өткені мен бүгінін жақындастырып, байластыратын құнды жәдігерлерді қорғау – бүгінгі біздің басты міндетіміз.

Әдебиеттер:

1. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1998. – 272 б.
2. Базар Ж. «Ортеке» мен Қожанасыр әзілдері ЮНЕСКО тізіміне енді //Егемен Қазақстан. - 2022. - 5 желтоқсан (№ 232).
3. Екімыңжылдық дала жыры /Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 752 б.
4. Жәнібеков Ө. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Қаз-ақпарат, 2011. 1-кітап. – 320 б.
5. Жұмабайұлы Б. «Қазақ балаларының байырғы ойындары». – Алматы: «Абзал-Ай», 2020. – 256 б.
6. Култаев А. Адамзаттың мәдени мұралары тізіміне енген қазақстандық 10 жәдігер [Электронды ресурc]. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/adamzattyin-madeni-muralaryi-tzmne-engen-kazakstandyik-10-359411/
7. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1 т. Құраст.: С. Әжіғали. – Алматы: «Арыс», 2005. – 328 б.
8. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы, 2003. – 720 б.
9. Қолөнер үлгілері (тұрмыстық-этнографиялық заттар). Казахское прикладное искусство. – Астана: Елорда, 2005. – 20 б.
10. Қорқыт ата өмірбаяны [Электронды ресурc]. URL: <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=38&id=7009> (Қаралған күні: 17.08.2023)

11. ҚР материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама, 2013 ж.
12. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: Алатау, 2007. – II т., - 432 б.
13. Мұхиддинов Е. Қазақ күресі. Алматы: Мектеп, 2012. – 192 б.
14. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
15. Сахарбаева К. Дәстүр-күй, дәстүр-даму / К. Сахарбаева. – Алматы: «Қазақ кітабы», 2021. – 344 б.
16. Сәдуақасұлы Ә. Ат баптау, құс салу, ит жүгірту. – Алматы: Шартарап, 1998. – 128 б.
17. ЮНЕСКО. Уикипедия - ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%AE%D0%9D%D0%95%D0%A1%D0%9A%D0%9E> (Қаралған күні: 14.08.2023)

References

1. Asylov U., Nusqabaiuly J. Adep: inabattylyq daristeri [Ethics: lectures on ethics]. Oqu quraly. – Almaty: Rauan, 1998. – 272 b.
2. Bazar J. «Orteke» men Qojanasyr azilderi YUNESKO tizimine endi [The Orteke dance and the jokes of Kozhanasyr were included in the UNESCO list] //Egemen Qazaqstan. - 2022. - 5 jeltoqsan (№ 232).
3. Ekimynjyldyq dala jyry [A two - thousand - year - old steppe song] /Bas redaktor A. Nysanbaev. – Almaty: Qazaq entsiklopediyasy, 2000. – 752 b.
4. Janibekov U. Tandamaly shygarmalar jinagy [Collection of selected works]. – Almaty: Qaz-aqparat, 2011. 1-kitap. – 320 b.
5. Jumabaiuly B. «Qazaq balalarynyn baiyrgy ойындары» [Games of Kazakh children]. – Almaty: «Abzal-Ai», 2020. – 256 b.
6. Kultaev A. Adamzattyn madeni muralary tizimine engen qazaqstandyq 10 jadiger [10 Kazakhstani exhibits included in the list of cultural heritage of mankind] [elektrondy resurs]. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/adamzattyn-madeni-muralaryi-tzmne-engen-kazakstandyik-10-359411/
7. Qazaq halqynyn dasturleri men adet-guryptary [Traditions and customs of the Kazakh people]. 1 t. Qurast.: S.Ajigali. – Almaty: «Arys», 2005. – 328 b.
8. Qazaqstan. Ulttyq entsiklopediya / Bas red. B.Aiagan. – Almaty, 2003. – 720 b.
9. Qoloner ulgileri (turmystyq-etnografiyalyq zattar) [Samples of handicrafts (household and ethnographic items)]. Kazahskoe prikladnoe iskusstvo. – Astana: Elorda, 2005. – 20 b.
10. Qorqyt ata omirbaiany [Biography of Korkyt ata] [elektrondy resurs]. URL: <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=38&id=7009> (Qaralghan kuni: 17.08.2023)
11. QR materialdyq emes madeni murany qorgau jane damytu jonindegi tuyrymdama [Concept for the protection and development of the intangible cultural heritage of the Republic of Kazakhstan], 2013 j.
12. Margulan A.H. Shygarmalary [Essays]. – Almaty: Alatau, 2007. – II t., - 432 b.
13. Muhiddinov E. Qazaq kuresi [Kazakh wrestling]. Almaty: Mektep, 2012. – 192 b.

14. Nazarbaev N.A. Tauelsizdik dauiri [The Era of Independence]. – Astana, 2017. – 508 b.
15. Saharbaeva K. Dastur-kui, dastur-damu [Tradition-kui, tradition-development] / K. Saharbaeva. – Almaty: «Qazaq kitaby», 2021. – 344 b.
16. Saduaqasuly A. At baptau, qus salu, it jugirtu. – Almaty: Shartarap, 1998. – 128 b.
17. YUNESKO. Uikipediya - ashyq entsiklopediyasynan alyngan malimet [elektrondy resurs]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%AE%D0%9D%D0%95%D0%A1%D0%9A%D0%9E> (Qaralghan kuni: 14.08.2023)

Елкей Н.Н.¹

¹Национальный музей Республики Казахстан
г. Астана, Казахстан
¹e-mail: muzlife.nbek@mail.ru

СОХРАНЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ – ОСНОВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Аннотация. Статья написана о компонентах традиционной казахской культуры. Проведен историко-этнографический анализ и историческое описание национальных ценностей, имеющих значение в нашей истории. Цивилизованность каждого государства можно признать, исходя из его отношения к культурному наследию. Бережное отношение к культурному наследию своей страны и принятие ценных элементов другой культуры – это путь развития человеческой цивилизации. У нас большое культурное наследие, отражающее казахскую культуру. Это наши национальные ценности, традиции, обычаи и культурное наследие, язык, национальные ремесла и национальная одежда, национальная кухня, национальные игры. Рассмотрены элементы, связанные с нашими национальными традициями и обычаями, внесенными в выдающийся список духовного наследия ЮНЕСКО. Были представлены историко-этнографические сведения о празднике Наурыз, охоте с ловчими птицами, айтысе, юрте, казахском домбровом кюе, наследии Коркыт ата, казахской национальной борьбе, ортеке, игре в тогызкумалак и асыки, казахской лошади. Кроме того, были рассмотрены труды известных ученых-этнографов, изучающих казахскую культуру.

Ключевые слова: обычаи и традиции, нематериальное культурное наследие, национальная культура, фольклор, этнограф, документ, ценности, цивилизация.

Yelkey N.N.¹

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan
¹e-mail: muzlife.nbek@mail.ru

PRESERVATION OF NATIONAL VALUES IS THE BASIS OF NATIONAL IDENTITY

Abstract. The article is written about the components of traditional Kazakh culture. The historical and ethnographic analysis and historical description of national values that are important in our history are carried out. The civility of each state can be recognized based on its attitude to cultural heritage. Careful attitude to the cultural heritage of your country and acceptance of valuable elements of another culture is the way of development of human civilization. National values, traditions, customs, language, national crafts, clothing, cuisine and national games comprehensively reflect the material and spiritual culture of the Kazakh people. The elements related to our national traditions and customs included in the outstanding list of UNESCO spiritual heritage are considered. Historical and ethnographic information about the Nauryz holiday, falconry, aitys, yurt, Kazakh dombra kui, Korkyt ata heritage, Kazakh national wrestling, orteke, togyzkumalak and asyk games, Kazakh horse were presented.

In addition, the works of famous ethnographers studying Kazakh culture were reviewed.

Keywords: customs and traditions, intangible cultural heritage, national culture, folklore, ethnographer, document, values, civilization.

Автор туралы мәлімет:

Елкей Нұрлыбек Нұрланұлы,

тарих магистрі, Қазақтың дәстүрлі мәдениеті бөлімінің ғылыми қызметкері,
ҚР Ұлттық музейі,

Тәуелсіздік даңғ. 54, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2504-3587>

Сведения об авторе:

Елкей Нұрлыбек Нұрланұлы,

Магистр истории, Научный сотрудник отдела традиционной казахской культуры, Национальный музей РК,

пр. Тауелсиздик 54, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2504-3587>

Information about the authors:

Yelkey Nurlybek Nurlanuly,

Master of History, Researcher of the Department of Traditional Kazakh Culture, National Museum of the Republic of Kazakhstan,

54 Tauelsizdik Ave., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2504-3587>

FTAMP 03.01.09

Ибраева А.Ф.¹¹Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Астана қ., Қазақстан

¹e-mail: akmaral1971@mail.ru

МУЗЕЙ ІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Ғылыми мақала музей ісінің теориялық-әдіснамалық мәселелеріне арналады. Еліміз тәуелсіздігін алған жылдардан бастап, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында талай іргелі зерттеулер дүниеге келді. Біздің қарастырып отырған Қазақстан музейлері тарихының теориялық-методологиялық мәселелері әлі күнге дейін өзінің зерттелу мәресіне жетпеген, жаңаша пайымдауларды қажет ететін тұстардың бірі болып табылады. Кешегі кеңестік дәуірде тарих ғылымы ұзақ уақыт бойы коммунистік партия идеологиясына негізделген сыңаржақтылыққа бой ұрып, тарихшы ғалымдарымыздың еңбектері шынайылықтан, тарихилық қағидаттардан алшақ болды. Ұлт тарихын зерттеудің ұстанымы марксизм-ленинизм ілімінен туындауына орай, саяси жүйе құрылысына, халықтың мәдени жағдайына, тарихи оқиғаларға әділ талдау жасалмады. Мәселені зерттеу барысында отандық, шетел ғалымдарының ғылыми айналымға енген еңбектері жан-жақты қарастырылып, мақаланың мазмұнын ашу барысында тиімді пайдаланылды.

Кілт сөздер: музей, әдіснама, мәдени-рухани мұра, музейлік зат, көшпелілер өркениеті, диалектикалық материализм, музееология, концепция.

Кіріспе

Қазіргі таңда ғалымдардың Отан тарихындағы теориялық ойдың соңғы табыстарын қолдану арқылы зерттеулері тарих ғылымы методологиясын асқаралы биіктерге шығара отырып, зерттеудің жаңаша бағыттағы негіздерін қалады. Көшпелі өркениет жайында іргелі еңбектер жазған белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбектің пікірінше: «...Елдің елді-

гін танытатын айғақ-белгілерді ұлттың берідегі атауы орныққан кезден бастап түгендеу үрдісі, әдетте сол елді тексіз-тарихсыз етіп көрсетуге себепші болды. Тарихтың тар жол, тайғақ кешулерінде асыл қазынасын, елдік айғақ-белгілерін тонатып алған халықтар, сөз жоқ, сол дәулетпен бірге өзінің тарихи жадын да көмескілейді. Егер ата-бабаның көзіндей болып, алыс ғасырлардан жеткен мұра-

лардың жіп-жырғасы шықпай төрінде тұратын болса, ондай ел өзін ғана тереңірек түсініп қоймайды, сонымен бірге өзгеге де түсінікті әрі танымал болмақ. Адамның тектілігін бітім-болмысына қарап танып-түсінуге болатын шығар, ал ел-жұрттың тектілігі оның табиғи және әлеуметтік ортасында туындатқан айғақ-белгілерімен парақталса керек. Сондықтан, көшпелі бабаларымыздың көшіне ілесіп бүгінгі күнімізге жеткен мәдени-рухани дәулетіміздің барына қанағат, жоғына салауат деп қарап отыруын қазіргі талғам-талап әсте көтермейді», – деген пікірі оқырман қауымға үлкен ой салып отыр (Сейдімбек, 1997: 86).

Бүгінгі күні зерттеушілерден шынайы тарихи қағидаттарға негізделген зерттеулерді талап ететін қоғамдық сұраныс көптеген мәселелерді жаңаша ғылыми-танымдық жағынан пайымдауды міндеттеуде. Сондықтан, ғылыми зерттеулердің әдіснамалық ұстанымдары мемлекет құраушы, бірегей мәдениет пен көшпелілер өркениетінің қайталанбас үлгілерін қалыптастырушы автохонды қазақ халқының ұлттық мүдделеріне сай келуі қажет. Осыған орай, тарихымыздың шындық шежіресін, тәуелсіздігіміздің асыл мұраттарын, көшпелілер өркениетінің қайталанбас туындыларын өз экспозицияларында көрсету мақсатында жұмысының негізгі бағыттарын ұйымдастырған Қазақстан музейлерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесін ғылыми тұрғыда зерттеудің әдіснамалық ұстанымдары қандай болуы керек деген сауалдар туындайды. Әдіснама тарихшының тақырыпты зерттеу құралы болып табылатындықтан, зерттеушіні үнемі ғылыми ізденіске итермелейді. Ғылыми еңбектің сапалы жазылуы зерттеушінің қолындағы әдіс-тәсілдердің, құралдар-

дың көптүрлілігімен байланысты. Сондықтан, қоғамның дамуымен тарих ғылымының негізгі түсініктері дамытылып, байытылып, өзгертіліп отырады.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақаланың әдіснамалық негізіне шынайылық, тарихилық, жүйелілік және салыстырмалы талдау қағидаттары басшылыққа алынды. Қазақстан музей ісі тарихына қатысты еңбектер мен деректік материалдар теориялық тұрғыдан талданып, қоғам дамуының бүгінгі кезеңде қалыптасқан ой-пікір мен көзқарас негізінде ғылыми айналымға енгізілді. Отандық музейлердің қалыптасу және даму тарихы жайындағы мұрағаттық тың деректерді пайдалану, мәселені кеңінен, жан-жақты қарастыруға мүмкіндік туғызды. Зерттеу жұмысының әдіснамалық түйінін шешу диалектикалық таным негізінен қаралып, зерттеу жұмысын пайымдау барысында қазіргі кезеңдегі тарихи үрдістер жан-жақты пайдаланылып, әлемдік көзқарас деңгейінде зерделеуге талпыныс жасалды. Музейлерді қоғамдық-әлеуметтік институт ретінде зерттеу, оның қалыптасу алғышарттары және тарихи даму заңдылықтарын, функционалды міндеттерін түсіндіретін жалпы ғылыми-зерттеу қағидаттары және әдістері мақаланың теориялық мазмұны мен мән-мағынасын ашуда толықтай негізделді. Бұдан шығатын негізгі қағида, музей ісінің тарихы отандық мәдениет тарихының және музей үрдісін зерттейтін музейтанудың ажырамас құрамды бөлігі болып табылады.

Мәселені зерделеу барысында Қазақстан мәдениеті тарихының үлкен салаларының бірі музейлердің қалыптасу және даму тарихының тәжірибесін ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарау

қажеттілігінен қазіргі сұраныстарға сай теориялық-әдіснамалық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып зерделеу негізге алынды. Кешегі күнге дейін тарих ғылымында формациялық бағыттан басқа тарихи зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдануға мүмкіндік болған жоқ. Себебі, кез келген «буржуазиялық», «бұрмалаушылық (фальсификаторская)», «марксизмге қарсы» тарихнама біздің тарихи танымымызға жат болды. Бүгінгі күні Отан тарихын зерттеудің формациялық, өркениеттік, технологиялық, синергетикалық әдіснамалық тәсілдері орныға бастаған. Зерттеу тәсілдерінің көптүрлілігі қарастырып отырған Қазақстан музейлерінің қалыптасу және даму тарихын ғылыми тұрғыда зерделеуде маңызды рөл атқарды.

Талқылау

Идеологияның тарихи санаға қаншалықты күшті әсер ете алатындығын кешегі кеңестік тарихнама дәлелдеп берді. Ғылыми зерттеулерде үстемдік еткен К. Маркстің адамдардың материалдық өндіріспен байланысын тек әлеуметтік-экономикалық салаға талдау жасаумен шектейтін формациялық ұстаным ұлықталған еді. Бұл тұжырымдама (авт. – концепция) зерттеушіні қалыптасқан тарихи заңдылыққа бейімдеп, әр түрлі тарихи кезеңдерге диахрондық (табиғи қалыптасу жағынан әртүрлі тарихи үрдістерді уақытына қарай орналастыру) және синхрондық (тарихи сабақтастық, оның белгілі уақыт мерзіміндегі жағдайы) салыстырулар жасауға мүмкіндік бергенімен, тарихи дамудың барлық сатысына формациялық тұрғыдан қарау, оған методологиялық және дүниетанымдық маңыз беру, тарихты зерделеудің басқа қағидаттарын мойындамау, қоғамдық-экономикалық формация

категориясын жеке дара дәріптеуге әкелді. Мәдениет тарихының құрамды бөлігі ретінде музейлер жұмысының негізгі бағыты және ғылыми-зерттеу мәселелерінің тұжырымдамалық деңгейі маркстік-лениндік методологияға негізделген «тарихи және диалектикалық материализм» қағидаттарын қалыптастырды. Біріншісі тарихи методологияның материалистік негізін құрайтын тарихи үдеріс заңдылықтарын ашуды көздесе, екіншісі жалпы әлемді тану қағидаттарын ұстанды. Халық Ағарту Комиссариаты ғылыми бөлімінің меңгерушісі П.К. Лупполдың «Диалектикалық материализм және музей құрылысы» атты мақаласында: «Бүкіл музейлер жұмысын түпкілікті қайта құрып, оларды мәдени революцияның құралына айналдыру бүгінгі күннің талабы. Ол үшін музей экспозицияларын марксистік негізде жасақтау көзделіп, олар бұқара халықты социалистік құрылысқа жұмылдыру мақсатында көрсетілуі қажет» – деп атап көрсетті (Луппол, 1930: 51).

Кеңес кезеңінде музейер тарихына арналған ғылыми еңбектердің негізгі ұстанымы болған сыңаржақтылық пен бірізділікке негізделді. Кеңестік музейлер қызметінің теориялық-методологиялық бағытының қалыптасуына С.Ф. Ольденбург, А.А. Миллер, И.Э. Грабарь, А.Е. Ферсман, М.Д. Орехов, В.В. Бартольд, П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, И.А. Орбели сияқты сол кездегі белгілі ғалымдар, музейтанушылар еңбектері негіз болды. Бұл еңбектерде музейлердің негізгі міндеттері мен атқаратын функцияларына қатысты түрлі пікірлер айтылды. Мәселен, біреулері музейлерді тек «академиялық ғылыми орталықтар ретінде қарастырып, олардың халықты ағарту

ісіндегі маңыздылығын мойындағанымен, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу музей қызметкерлері міндетіне тиесілі емес» деген бағытты ұстанса, екіншілері «өзінің өмірін сарыққан ескі өнер туындыларын жаңа қоғамға сай туындылар алмастыруы керек» деген қағиданы алға тартты. «Музей экспозицияларын музей қызметкерлері емес, суретшілер жасауы қажет» деген сияқты пікірлер де айтылды. Третьяков галереясының директоры И.Э. Грабарь бастаған қызметкерлер «музейлер жинақтары – бүкіл халықтың байлығы. Музейлер өз қазанында қайнап қалмай, халыққа рухани азық болуға тиісті. Сондықтан музейлердің алдында тұрған негізгі міндет қарапайым, түсінікті, үйлесімді экспозициялар құру», – деген көзқарасты ұстанды (Юренева, 2003: 560).

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары Халық ағарту комиссары болған А.В. Луначарский: «Музейлер – ең алдымен халық ағарту жұмысының тіреуі, дегенмен, оларға басқа да әлеуметтік функциялар тән: музейлер – өнер құндылықтарын сақтайтын орын, ғылым тірегі. Музейлер ғалымдар мен суретшілер үшін ғана емес, жалпы халық үшін қажет. Сондықтан музейлердің алдында тұрған негізгі міндет – қорларындағы жәдігерлерді көрермендерге жүйелі түрде ұсына білу. Музей – адамзаттың естелік кітабы, сондықтан көрмеге шебер қойылған жәдігерлер көрермен сезімін оятып, өрісін кеңейтуге көмектесе білуге тиіс. Музейлерді тамашалаумен қатар оларда жұмыс істеуге болатындықтан, ағарту мен оқыту қызметін тек көрмелер арқылы ғана шешпей, лабораториялар, аудиториялар мен шеберханалар ашу қажет», – деген жаңа үкімет талабын жеткізді (Луначарский, 1958: 76). Сонымен қа-

тар, музей экспозицияларын «БК(б)П тарихының қысқаша курсына» негіздеп құруы, кеңестік тарих ғылымының методологиялық тұғынамасын біржола бекітті. Осылайша, бірізділік пен сыңаржақтылыққа негізделген кеңестік музейлердің мұраты социалистік идеяны уағыздау болғандықтан, өркениет, ұлттық мүдде, тарихи-мәдени құндылықтар сияқты ұғымдар музейлер тынысынан ысырылып отырды. Осы тақылеттес пайымдар кеңестік Қазақстан тарихына арналған зерттеулерде аз кездеспейді.

Нәтижелер

Формациялық методологиялық бағыттың диахрондық және синхрондық зерттеу тәсілдері қоғамның дамуы мен өзгеруіне сай кеңестік музей үлгісінің қалыптасуын, экспозиция мен көрмелерді социализм мақсаттарына сай құру қағидаттарын, экскурсиялық жұмыстардың саны мен сапасын анықтауда, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру, көрермендер үшін жәдігерлер жайында арнайы түсініктемелер беруді, түрлі тақырыптарда дәрістер оқу сияқты музей қызметінің негізгі бағыттарын салыстырмалы түрде зерделеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, марксистік идеология адамзат тарихының әр түрлі құбылыстарын бір арнаға (мемлекет, идеология, мораль, мәдениет, таптық күрес) сыйғызуға тырысқандықтан музей ісіндегі мемлекеттік саясаттың қалыптасуы, музей қорларын жабдықтаудағы және экспозиция құрудағы таптық ұстанымдар социализмнің жеңісі мен жетістіктерін насихаттау тұстарына талдау жасау мен сипаттауға жетеледі.

Дегенмен, кейінгі кездегі мәселенің мән-жайын түсіндіруге сын көзбен қарау, тарихи-әлеуметтік дамуды төмен-

нен жоғарыға өту үрдісінде түсіндіріп келген бұл тұжырымдаманың (концепцияның) мынадай жарамсыздық белгілері анықталды: біріншіден, ұзақ жылдар бойы тарих ғылымы басшылыққа алып келген жалпы адамзат тарихын және көшпелілер мәдениетін тек материалистік тұрғыдан қарау, зерттеудің аясын тарылтып, тым шектегенін аңғартты; екіншіден, тарихи үрдісті тек формациялық негізде түсіндіру көптеген оқиғалар мен құбылыстар, мәдени үдерістер желісін назардан тыс қалдырып, жекелеген халықтардың ұлттық рухани құндылықтары мен ұлттық психологиялық танымын ұмыт етті; үшіншіден, ұзақ ғасырларға созылған тарихи үрдісті формациялық негізде зерделеп келген тарихи материализм еуразиялық өркениет ареалында қалыптасып, дамыған көшпелілер мәдениетінің тарихи-философиялық мәнін ашып бере алмады; төртіншіден, елдер мен халықтардың дәстүрлі әлеуметтік байланыстары мен ұлттық құндылықтарының жоққа шығарылуы, тарихи үрдістегі бүгінгі өзгерістердің мәнін көрсетуде дәрменсіздігін байқатты; бесіншіден, бүгінгі күннің тарихнамасы әлемнің және ұлттық ұстанымдар категорияларын қажет еткендіктен жалпы адамзаттық құндылықтар мен таптық мүдделер қағидаттарының арасында қайшылық тудырды. Сондықтан, зерттеу жұмысында мәселені сызықтық-прогрессивтік ұстанымдарға байлап қоятын марксистік методологияның кейбір әдіс-тәсілдері тиімді болғанымен көп қажеттілік тудырған жоқ.

Ғылыми зерттеу жұмысын жазу барысында объективті шындыққа жетуде түрлі көзқарастар және тарихи зерттеу әдістерінің көп түрлілігімен ерекшеленетін методологиялық плюрализмнің маңызы зор. Сондықтан, Қазақстан

музейлерінің қалыптасуы мен даму тарихын, құрылымдық өзгерістерін, экспозициялық, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту, бағалы тарихи-мәдени құндылықтарды жинақтау, сақтау жұмысының негізгі бағыттарын ұлттық мүдде тұрғысында зерттеуде «Анналар» мектебінің өкілдері негізін салған өркениеттік бағыттың ықпалы мол болды. 1929 жылы француз тарихшы-материалистері М. Блок және Л. Фебр негізін салған аталмыш мектеп өкілдерінің көзқарастары «қоғам, мемлекет, өркениет» ұғымдарының айналасына тоғысқан еді. Адамзат қоғамының даму тарихын зерттеуді қысқа тарихи оқиғалармен сипаттаудың орнына ұзақ тарихи үрдістер негізінде пайымдауға негізделген мектеп өкілдерінің методологиялық бағыты адамдар санасына, жеке тұлғаның және бұқараның әлемді қабылдауына, өркениеттің зерттелу мәселелеріне, әлемді тану, түсіну деңгейіне үңілу мәселесін қойды. Бұл теорияның құндылығы зерттеушіні бүгінгі әлеуметтік түсінік шеңберінде қалып қоймауға, зерттеп отырған мәселені кеңінен «табиғат, адам, қоғам, мемлекет, мәдениет, өркениет» мәселесінен қарастыруға жетелейді. Мұндай көзқарас музей ісі тарихын қоғам дамуы тарихымен сабақтастыра отырып нәтижелері мен жетістіктерін, кемшіліктері мен қайшылықтарын өркениеттік бағытта зерттеуге мүмкіндік берді. Өркениеттік методологиялық бағыттың ұстанымдары Н. Данилевский (Данилевский, 1991: 629), О. Шпенглер (Шпенглер, 2002: 528), А. Тойнби (Тойнби, 2002: 736) еңбектерінде кеңінен көрініс тапты. Ғалымдар өз еңбектерінде адамзат тарихын зерттеудің методологиялық бағытын адамилық, руханилық құндылықтармен байланыстырады.

Музейлердің қалыптасуы мен даму тарихын зерттеуде мәселені Отан та-

рихының құрамды бөлігі ретінде қарастырып, бүгінгі күн талаптарына сай келетін өркениеттік методологиялық ұстанымдарға сүйене отырып зерделеген жөн. Сондықтан, зерттеу жұмысын жазу барысында өркениеттіліктің басты белгісі ұлттық рух, ұлттық идея, ұлттық сана, ұлттық дәстүр, ұлттық тәрбие қағидаттары басшылыққа алынды. Аталмыш қағидаттардың зерттеу жұмысында көрініс табуы әдіснамалық ұстанымдарды орайластырумен тығыз байланысты. «Ұстаным» ұғымы тарихшы ғалым Х. Әбжановтың пікірінше: «Зерттеу нысаны мен пәнін дәл тануға негіз боп қаланатын әрі қолданылатын ғылыми ережені, бастапқы қағиданы» анықтайды (Ғылыми бюллетень, 2009. №2: 26-31).

Мақаланы жазуда қолданған ұстанымдар аясы, біріншіден, музейлер өз қорларында халықтың сан ғасырлық тарихын баяндайтын құндылықтарды шоғырландырғандықтан өркениет теориясының дәстүр мен сабақтастық ұстанымын қаперден шығармау. Дәстүр мен сабақтастық тарихи-мәдени тәжірибе үдерісіндегі жаңа мен ескінің арасындағы объективті қажетті байланыс. Бұл байланыс тұтастықты қамтамасыз етеді және мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты болып саналады. Сондықтан, зерттеу жұмысын жазу барысында музейлер өткен шақ пен осы шақты байланыстырушы, жалғастырушысы ретінде қарастырылды. Музей қойылымдарына орналасқан әрбір мұра-мұрағаттың астарында халқымыздың тарихы жатыр. Сондықтан, музейді әлем ғалымдары «ұлт тарихының көрмесі» деп атайды. Қазақ мемлекетінің тамырын алғашқы сақ, үйсін тайпаларынан, түркі дүниетанымынан, Қазақ хандығынан іздейміз. Сол кезден бастап үздіксіз жалғасып келе жатқан

тарихи-мәдени құндылықтарын бүгінгі ұрпаққа мирас етілген бай мұра ретінде қарастыру тарихшының міндеті. Қазақстан музейлері бұл мұраларды тауып, дұрыс бағалап, ғылыми сұрыптаудан өткізіп өз қойылымдарына қою арқылы халқымыздың тарихы мен мәдениетін бүкіл әлемге көрсетуде. Дегенмен, қоғам дамуының әр кезеңінде ұлттық тарихи-мәдени мұраларға деген көзқарас әр түрлі болды. Мәселен, кеңес кезеңінде музейлер саясаттың, идеологияның құралы болғандықтан олардың қорына социализмді насихаттайтын жәдігерлер көбірек жинақталып, ұлттық құндылықтарға көңіл бөлінбеген.

Екіншіден, тарихи-мәдени құндылықтар – өркениет өлшемі, материалдық және рухани құндылықтар адамзаттың шығуын байланыстырушы, сабақтастырушы, жалғастырушы механизм ретінде қарастырылды. Өркениеттік құндылықтар адамдық мәдени игіліктер арқылы қордаланып, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың кезектес үдерісінде сабақтаса отырып, белгілі бір тұтастықты құрайды. Сондықтан, зерттеу жұмысында адамдардың іс-әрекеті негізінде дүниеге келіп, музейлер қорында сақталған құндылықтарды халық игілігінің өркениеттік негізі ретінде қарастырылды. Олардың арасында тарихта белгілі тұлғалардың жеке заттары, халқымыздың жаутершілік замандарда қолданған қару-жарақтары, қолөнер туындылары, әшекейлік бұйымдар бар. Ата-бабадан қалған мұраға құрметпен қарап, қастерлеу нәтижесінде көптеген тарихи құнды бұйымдар қазіргі заманда тәуелсіз республикамыздың алтын қорын, мәдени қазынасын құрап отыр.

Үшіншіден, музейлер мұраты ұлт тарихын және рухын асқақтатушы ұстанымын негізге ала отырып, бүгінгі музейлер қоғамның даму кезеңдері мен

тарихи үдерістерді құжаттаушы, мәдениетті, ұлттық бірегейлікті сақтаушы мекеме ретінде қарастырылды. Музейлер экспозициясының кеңістігінде өнер және азаматтың бір-бірімен етене байланысы көрсетіледі. Музей – мемлекет пен оны құраушы ұлтқа тиесілі екендігін сезіндіретін және бірегейлікті қалыптастыратын «билік институты» болып табылады. Мәселен, американ музейтанушы ғалымы Ф. Фишер: «Музей «өнер туындыларымен» бірге нақты заттай деректерді жинақтай отырып ұлттық мәдениет идеясын тұрақтандырады» – деп жазған (Материалы международной..., 2008: 23-26).

Мақаланы жазу барысында музей ісінің теориялық негіздерін жан-жақты ашуға мүмкіндік берген музейтану ғылымының әдіснамалық негіздері мен әдіс-тәсілдері маңызды рөл атқарды. Шетел тарихнамасында «музейтану» термині «музеология» деп пайдаланылады. Музейтанудың ғылым ретінде қалыптасуына үлес қосқан Дрезден «Жасыл күмбез» музейінің директоры Дж. Грассе (1883 ж.) болды. Өзі негізін құрған «Музеология және кітаптану» журналында музейтануды жаңа ғылыми пән ретінде көрсетіп, қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатын көздеген ол, «Музеология ғылым ретінде» атты мақаласын жарыққа шығарды. Бірақ музейтанудың ғылым ретінде қалыптасуы ұзақ уақытқа созылып, бұл саладағы ғылыми ортада пікірталастар туғызған еді. Музейтану ғылымының зерттеу нысандарына келетін болсақ, 1950 жылдары музейтанушы ғалым И. Неуступный музейтануды арнайы және жалпы деп екіге бөлуді ұсынды. Арнайы музейтану тек музей нысандарын зерттей отырып, адамзат қоғамының даму үрдісін музей заттары арқылы құжаттайтын тарихи музейтанумен, өнер туындыла-

ры зерттейтін өнертанулық музейтанумен, табиғи нысандарды зерттейтін жаратылыс-ғылыми музейтанумен байланысты болды. Музейлердің нақты қызметін ұйымдастыру, қор жәдігерлерін сақтау, музейлік жүйені құру сияқты маңызды мәселелері жалпы музейтанудың зерттеу нысандарына айналды. Жалпы музейтануға байланысты З. Странский «Музейтану» (1988 ж.) оқулығында музейтанудың құрылымын тарих, теория, тарихи деректану және қолданбалы музейтану құрайтынын атап көрсеткен еді.

Музейтану ғылымының зерттеу нысаны түрлі қоғамдық құбылыстарды қаттайтын музей және музей ісі болып табылады. Теориялық музейтануда «музей» анықтамасына түрлі пікірлер кездеседі. Дегенмен, бүгінгі музейтануда қалыптасқан ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, атқаратын қоғамдық функцияларына қарай әлеуметтік институт ретінде музей – мәдени, тарихи және ғылыми құндылықтарды сақтауға, музейлік заттар арқылы мәліметтерді жинақтап таратуға, мұралар жөнінде тәлім-тәрбие беруге арналған тарихи қалыптасқан көп қырлы әлеуметтік ақпараттар институты. Бұл анықтаманың нақты қалыптасуында музейлер ұзақ уақытқа созылған пікірталастармен, тәжірибелерді басынан кешірді. Бүгінгі музейтану ғылымында кеңінен қолданылып жүрген «музей миссиясы» деген ұғым бар. Ғылыми ортада қалыптасқан пікір бойынша музей миссиясы – тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау және қорғау арқылы бүгінгі және болашақ мәдениетті бір-бірімен сабақтастыру болып табылады.

Музейлердің қалыптасуы мен дамуы тарихында, олардың мақсаты мен міндеттеріне және атқаратын қызметіне байланысты түрлі пікірлер айтылып

келді. Қазіргі зерттеушілердің пікірінше «музей мәдени мекеме және әлеуметтік институт» деген маңызға ие. Себебі, ол мәдени құндылықтарды сақтаушы және көрсетуші ғана емес, барлық категориядағы көрерменді жинаушы мекеме. Музейлердің қоғамдық маңызы бар мекемеге айналуы, оның «тірі организм» сияқты түрлі факторлардың әсер етуіне байланысты өзгеріп тұруында. Музейлердің мұндай тәуелділігі ең алдымен мемлекеттік саясат және экономикалық, мәдени факторларға байланысты. Отан тарихында музейлердің жан-жақты қалыптасуы мен дамуы 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін тез қарқынмен жүзеге аса бастады. Елдегі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты музей ісінде де өзгерістер болып, ол «мәдениет пен ағартудың» негізгі ошағына айнала бастады. 1920 жылдың басында мәдени құрылыс бағытындағы мемлекеттік саясат музейлердің қызметі мен қоғамдағы ролін анықтап, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жинаған жәдігерлерін бұқараға көрнекті жеткізе алатын саяси-ағартушылық комбинат ретінде қарастырды.

1950-1960 жылдары музейлерге деген көзқарас өзгерді. 1957 жылы кеңес музейлерінің Халықаралық музейлер кеңесіне енуі, басқа елдердің музейлерімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік тудырды. Музейлер конференциялар, концерттер, кештер ұйымдастыра отырып, қоғам өміріне белсене араласты. 1980-ші жылдары мәдени ошақ ретінде музейлер рөлінің өсуі, музей қызметі туралы бұрын қалыптасқан пікірмен қатар «ұлттық мұра», «мәдени статус» деген сияқты жаңа анықтамалардың пайда болуына әкелді. 1990-шы жылдары музейлердің әлеуметтік-мәдени міндеттерін белгілеп берген теориялық музейтану дүниеге

келді.

Бүгінгі музей біздің алдымызда «шығармашылық лаборатория», «қазына сақтайтын орын», бізді уақыт кеңістігінде жүргізетін «уақыт машинасы», «уақыт және мәдениет үндестігі», «ғылыми-зерттеу және ағартушылық жұмыстармен айналысатын сақтау орны», «мәдениет театры» сияқты көптеген қырларымен көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда «музей» терминіне ғылыми анықтама берген музейтанушы ғалым З. Странский пікірін айта кетуге болады. Музей анықтамасы бойынша жиырма шақты баламаны салыстыра отырып, ол мынадай қорытындыға келді, музей – ғылыми және мәдени мақсаттарда пайдаланылатын құнды түпнұсқа болып табылатын табиғи және қоғамдық нысандарды таңдап, жинақтайтын ерекше ғылыми және мәдени мекеме (Иксанова, 1987: 35).

Теориялық музейтануда «музейлік зат» деген ұғым бар. XX ғасырдың 30-шы жылдарында музейтанушы ғалым Н.М. Дружинин ғылыми айналымға енгізген бұл ұғым бүгінде маңызын жойған жоқ. Мәселен, табиғатта, қоғамдық өмірде кездесетін ғылыми, көркемдік, тарихи, мемориалдық құндылықтары бар заттар музейде қолданыс таба алады. Олардың музей затына айналуы үшін бірнеше кезеңнен өтетін зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Алдымен музейлік мәні бар зат қолданылған ортадан іріктеліп алынады. Ол ортадан алынғаннан кейін, музейлік мәні бар зат музейге түсіп тіркеуге алынып, толық ғылыми зерттеуден өткеннен соң ғана музей затына айналады. Музей қорына енген зат бұрынғы өмір сүрген ортамен байланысын үзіп, өзінің функционалды мәнінен айрылады. Музейде ол заттың атқаратын қызметі емес, тарихи және мәдени ескерткіш ретінде қоғамдық

мәніне ерекше көңіл бөлінеді. Музей жинағында ондай зат нақты оқиғаның, құбылыстың дәлелді құжатына айналады. Мысалы, археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған еңбек құрал-жабдықтары немесе үй заттары өз қызметінің мәнін жойғанымен, олардың өмірге келуіне негіз болған шынайы жағдайлар оның әлеуметтік құндылығын арттыра түседі.

Музейлік заттың мұндай сипаттама-сы заттың өмір сүрген ортасын нақты ашып көрсететін белгілері мен қасиеттеріне байланысты. Сондықтан музейтану ғылымында музейлік заттың ақпараттық, аттрактивтік және экспрессивтік қасиеттері кеңінен қолданылады. Музей затының ақпараттық қасиеті тарихи оқиғалар, мәдени, қоғамдық және табиғи құбылыстар мен үдерістер туралы жан-жақты деректік мәлімет беретін заттың мазмұнды жағын сипаттайды. Заттар туралы мәліметтер жиынтығы ғылыми құжатталып, ақпараттық негізін құрайды. Белгілі музейтанушы ғалым В.В. Кондратьев жинақталған ақпараттық мәліметтерді ішкі және сыртқы ақпараттық кеңістік деп екі топқа бөледі. Ішкі ақпараттық кеңістікке тікелей затқа қатысты мәліметтер (атауы, көлемі, өлшемі, шикізаты, жазбалары, таңбалары, қолданысы т.б.) жатады. Сыртқы ақпараттық кеңістікке заттың шыққан жері және өмір сүрген ортасы, онымен байланысты жеке адамдар мен оқиғалар туралы мәліметтер қарастырылады (Кондратьев, 1985: 125-136).

Музей затының аттрактивтілігі экспозицияға қойылған заттың сыртқы пішініне көрерменнің көңіл-күйін аудартатын құбылыс болып табылады. Экспрессивті құбылыс заттың құндылығына байланысты, көрерменнің жан-дүниесін қобалжытатын құбылыс. Мысалы, музейге келген көрермен кей-

бір заттарға жай ғана көңіл аударып өтіп кетуі мүмкін, ал кейбір заттардың жанында сәл кідіріп, тіпті экскурсоводтан толығырақ мәлімет беруді сұрайды. Мұндай музейлік заттар көрерменді ерекше көңіл аудартып, іштей қобалжуын тудырып, еріксіз өзіне тартады. Мысалы, ұлт-азаттық көтерілістерге қатысты заттай деректер, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының жекелеген заттары немесе тергеу көріністері, Ұлы Отан соғысы жылдарын бейнелейтін заттарды, полигондағы жарылыс көріністерін көргенде көрермендер жай ғана шолып өте шықпай, оған ерекше көңіл бөліп, ұзақ назарын салады.

Шетел музейтанушы ғалымдары З. Странский, И. Ян музей затының ақпараттық мәліметтерді беретін ерекше қасиетіне байланысты «музеалдық» («музеалия» – музей заты) терминін қолданысқа енгізді. «Музей заты» деген ұғым тек түпнұсқа заттарға ғана тән. Сонымен, музейлік затты өзінің музейде қолданылатын маңыздылығына орай өмір сүрген ортасынан алынып, музей жинағына енгізілген табиғи немесе адамзаттың іс-әрекетінің нәтижесінде жасалған туынды ретінде сипаттауға болады.

Теориялық музейтануда қоғамдық өмірдің негізгі тұстары құжатталған музей қызметінің бағыттары әлеуметтік функциялар арқылы жүзеге асырылады. Музейлердің алдына қойылған қоғамдық міндеттер мен нақты әлеуметтік-мәдени жағдайлардың анықталуында, әлеуметтік функцияларының маңызы зор. Кеңестік тарихнамада 1960 жылдардың аяғы – 1970 жылдардың басында бұл мәселе белгілі музейтанушы ғалымдар А.М. Разгон, кейінгі онжылдықтарда Д.А. Равикович, Ю.П. Пищулина, А.Б. Закс еңбектерінің зерттеу нысанына

айналған еді. Кеңестік музейтану ғылымында құжаттау, білім беру және тәрбиелік функциялар анықталып, музей жұмысының негізгі бағыттары аталған екі функция арқылы жүзеге асырылатындығын ғалымдар жан-жақты дәлелдеп берді. Бұл функциялардың анықталып, бөлініп алынуы музейлердің ұзақ уақытқа созылған эволюциялық дамуы мен әлеуметтік рөлінің өсуіне байланысты болды. Музей функцияларының толығып отыруы әр кезеңнің даму ерекшеліктері мен тарихи заңдылықтарына негізделген қоғамдық сұраныстарға байланысты (Социальные функции..., 1989: 203-204).

Өкінішке орай отандық музейтану ғылымының кенже қалуына байланысты мұндай теориялық мәселелер осы уақытқа дейін, тіпті қарастырылған жоқ.

Бүгінгі музейтану ғылымында қоғам өміріндегі және мәдени салада музей ісінің ерекшеліктері мен рөлін анықтайтын тарихи қалыптасқан екі әлеуметтік функция қолданыста. Олар:

- құжаттау функциясы (дәлелдеу, растау) қоғам және табиғат өмірінде болған оқиғалар мен құбылыстар, тарихи үрдістер мен заңдылықтарды музей жинағындағы музейлік заттар арқылы мақсатты түрде көрсету. Құжаттау функциясы музей қызметінің ғылыми қор жинақтау, ғылыми-қор жұмысында және экспозиция құру барысында қолданылады;

- білім беру және тәрбиелік функция музей заттарының ақпараттық және экспрессивтік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қоғамның танымдық және мәдени сұранысын қанағаттандыру мәселесін қарастырады. Негізінен музей экспозицияларының құрылуында ерекше маңызға ие бұл функция, ғылыми-ағартушылық үгіт-насихат және жарнама-

лық жұмыстарда да пайдаланылады.

Бірқатар елдердің музейтанушылары жоғарыда көрсетілген екі функцияны музей қызметінде қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын маңызды функциялар деп атап көрсетсе, бүгінгі күні И.В. Иксанова, В.В. Селиванов, З. Странский сынды музейтанушы ғалымдар музейлердің ғылыми-зерттеу, эстетикалық, гносеология-аксиологиялық, тәрбиелік, қор жабдықтау және көрнекілік, сақтау мен коммуникация функцияларын атап көрсетеді (Селиванов, 1988: 225). Ғалымдар аталған функциялардың адамның мәдени құндылықтарын қанағаттандыруда, шығармашылық белсенділігінің артуында, қоршаған ортаны жан-жақты тануында маңыздылығын айта келіп, аталған функциялардың музей қызметінде кеңінен қолданылатындығына тоқталады. Музейлердің әлеуметтік функциялары музейді тек қана музей емес, музей – ғылыми-зерттеу институты, музей – мектеп, музей – клуб, музей – мәдени ошақ деген сияқты қоғамға қажетті маңызды қырларын ашу мақсатында қолданылып отыр.

Теориялық музейтануда музейлік коммуникация деген ұғым бар. Коммуникация (лат. Communico) – байланыстырамын, қарым-қатынас жасаймын, жалпы етемін деген ұғымды береді. Алғаш рет 1968 жылы ұғымды ғылыми айналымға енгізген канад музеологы Дункан Ф. Камерон болды. Оның теориясы бойынша, музейлік коммуникация – бір жағынан музей экспозициясының түсінікті, шебер ұйымдастырылуы болса, екінші жағынан көрерменнің «заттар тілін» түсінуі, бір сөзбен айтқанда көрерменнің музей жәдігерлерімен қатынасы. Осыған орай, Д.Ф. Камерон музей мен аудитория арасындағы қарым-қатынаста музей ісінің ұйымдастырылуына байланысты бірқатар ұсыныстар ен-

гізді. Біріншіден, музей экспозициясын құруда экспозиционерлермен бірге суретшілер (дизайнерлер) қатысуы керек. Екіншіден, экскурсовод көрерменді «заттың тілін» білуге үйретуі қажет. Үшіншіден, музейлік коммуникацияны тиімді дамыту үшін музейге психолог, социолог мамандар тартылуға тиісті. Музей ісін дамытуға бағытталған Д.Ф. Камеронның еңбектері ғылыми ортада мойындалғанымен, бірқатар ғалымдар тарапынан сынға да ұшырады. Дегенмен, музейтану ғылымының дамуына әсер еткен теория болды. Қазіргі кезеңде музейлік коммуникацияның теориялық негізін жасаушылардың бірі неміс ғалымы Ю. Ромедер болып табылады. Оның тұжырымдамасы бойынша, музей заты ерекше құндылыққа ие болмау қажет, өйткені ол «қоғамдық-тарихи үдерістің бір белгісі ғана». Сондықтан музей экспозициясы тарихи-мәдени құбылыстар мен үрдістерді белгілік компоненттер болып табылатын жәдігерлер арқылы көрсетіп, белгілік (символ) жүйеге айналуы қажет (Ромедер, 1980: 9).

Зерттеу жұмысының методологиялық бағытымен бірге зерттеу қағидаттарының (принциптерінің) да маңызы ерекше. Мақалада «Қазақстан музейлерінің ұлттық тарихи-мәдени мұраны сақтаушы, насихаттаушы» деген методологиялық қағидаты басшылыққа алынды. Қазақстан музейлерінің тарихы хронологиялық жағынан бір ғасырдан астам уақытты қамтығандықтан нақты тарихи дербестіктің сақталуын қамтамасыз еткен тарихилық қағидат қолданылды.

Ғылыми мақаланы жазуда нақты тарихи зерттеу әдістерінен: тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік әдістері тиімді пайдаланылды. Тарихи-генетикалық әдіс

тарихи оқиғаны сабақтастықта, шынайы қарастыруға мүмкіндік береді. Таным қағидаттары қарапайымнан күрделіге, жекелеген мәселелерден негізгіге, жалпыдан жалпыламаға қарай ауысып отырады. Генетикалық әдіс өзінің табиғаты жағынан аналитикалы-индуктивті, ал ақпаратты көрсетуі сипаттама түрінде болады. Генетикалық әдіс себеп пен салдарды, тарихи дамудың заңдылықтарын ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Мәселен, Қазақстан музейлерінің қалыптасуының тарихи алғышарттарын, қоғам дамуымен музейлер өміріндегі өзгерістер барысын сабақтастықта қарастыруда генетикалық әдістің ықпалы зор болды.

Тарихи-салыстырмалы әдіс – оқиғаларды салыстыра отырып тарихи фактіні түсіндіруге, яғни, қазан төңкерісіне дейін және онан кейінгі құрылған музейлердің тарихын зерделеуде, музей ісінде кеңестік саясаттың қалыптасуы мен музей жұмысына талдау жасау, бүгінгі музейлер өміріндегі түбегейлі өзгерістерді ашып көрсетуде дербес тұжырым жасауға әсерін тигізді. Тарихи кезеңдерге байланысты қоғам дамуындағы өзгерістердің музей ісіне ықпалы, құрылымдық қайта құрулар, коллекциялық қорды қалыптастырудағы сұраныстар, ғылыми-зерттеушілік, мәдени-ағарту, экспозиция жасақтаудағы ұстанымдар, музей қызметкерлері мен көрермендерінің сандық және сапалық құрамын, әлеуметтік келбетін анықтауда тарихи-салыстырмалы әдістің маңызы зор болды.

Тарихи-жүйелілік әдісі қарастырып отырған мәселенің ішкі механизмдерін ашуға мүмкіндік берді. Тарихи даму үрдісі мен тарихи даму заңдылықтарының музей ісінде көрініс табуы, музей ісіне мемлекеттік саясаттың және жекелеген адамдардың ықпалы, му-

зейлердің ашылуы мен жабылуының себептері, музейлер қызметіндегі идеологиялық ұстанымдарды ашуда осы әдіс қолданылды. Жоғарыда аталғандардың бір-бірімен байланысына жүйелі (құрылымдық) талдау (системно-структурный анализ), функционалды талдау (функциональный анализ) әдістері, республика музей тарихының тұтас, кешенді зерттелуін қамтамасыз етті.

Қорытынды

Музей ісінің тарихын зерттеу барысында тарих ғылымының, тарихи қосалқы пәндердің, өнертану, ескерткіштану, мәдениеттану сынды ғылымдардың төмендегідей әдіс-тәсілдері тиімді пайдаланылады:

– қолданбалы әдістерден дедукция және индукция түрі жиі қолданылады. Аталмыш әдістерді қолдану арқылы музей тарихын ғылыми қағидат негіздерімен зерттеу, нақты тарихи деректі пайдалану арқылы музейлердің даму заңдылықтары, қоғамдық үдерістер мен өзгерістердің музей қызметіне әсері, музейтанудың теориялық-методологиялық тұстары жан-жақты қарастырылды;

– музей ісін зерттеу мәселесінің күрделі болуына байланысты тарих ғылымының барлық жетілген әдіс-тәсілдерін де қажетінше кең қолдану тиімді болып отыр. Тарихи әдіс әрдайым нысанның қалыптасуы мен жетілуін, оның даму ырғағын және өзгеруін қарастырады. Бұл тарихи әдістер кешені, әрине, нақтылы-тарихи, салыстырмалы-тарихи, тарихи-жүйелілік, мәселелік-хронологиялық және тарихи-типологиялық әдістерден құралады. Зерттеу жұмысын жазуда бұл әдістерді тиімді пайдала-

ну арқылы отандық музей жүйесінің қалыптасу және даму тарихын, қоғам дамуының әр кезеңіне сай өзгермелі үдерісін, қор жабдықтау, ғылыми-зерттеу, экспозиция жасақтау, көрермендермен жұмыс істеу барысын ретімен зерделеуге мол мүмкіндік берді;

– музейлердің мәдени-ағарту және экскурсиялық жұмысындағы негізгі көрсеткіштерді анықтау барысында статистикалық әдістің маңызы өте зор. Қоғам дамуының әр кезеңіндегі музей ісіндегі мемлекеттік саясаттың көріністерін және бағдарламалық нұсқаулары мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы негізгі бағыттарын анықтау мақсатында контент-анализ әдісі қолданылады. Музейлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының оңтайлы жүзеге асырылуы экспедициялық әдістің тиімді пайдаланылуына байланысты. Музейлердің қалыптасуынан бастап ғылыми-зерттеу жұмысы музей қызметінің негізгі бағытының бірі болып табылады. Қазақстанда тарихи-өлкетану бағытындағы музейлердің басымдығын ескерсек, археологиялық, этнографиялық экспедицилар мен іссапарлар міндетті болды. Сондықтан, музейлер ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру және жәдігерлер жинақтау мақсатында үнемі кешенді экспедициялар ұйымдастырып отырған.

Қазақстан музейлерінің қалыптасуы мен даму тарихын зерттеуде бүгінгі тарих ғылымында еркін ойлауға негізделіп, ұлттық деңгейде зерделеуге мүмкіндік беретін методологиялық ұстанымдар мен тарихи әдіс-тәсілдер тақырып мазмұнының жан-жақты ашылуына толық мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Алматы: Санат, 1997. 464 б.
2. Луппол П.К. Диалектический материализм и музейное строительство // Советское краеведение. – 1930. № 6. с. 51-58.
3. Юренева Т.Ю. Музееведение: Учебник для высшей школы. М.: Академический Проект, 2003. 560 с.
4. Луначарский А.В. О народном образовании. М.: Союзпечать, 1958. 76 с.
5. Данилевский Н.Я. Россия и Европа. –М.: Книга, 1991. 629 с.
6. Шпенглер О. Закат Европы: В 2 т. – Т.1. М.: Айрис – пресс, 2002. 528 с.
7. Тойнби А. Постижение истории: Сборник. – 2-е изд. М.: Айрис – пресс, 2002. 736 с.
8. Әбжанов Х.М. Қазақстан тарихын зерттеудің методологиялық ұстанымдары // Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. Ғылыми бюллетень. 2009. –№ 2. б. 26-31.
9. Долак Я. Музеология – настоящее и будущее // Музеология – музееведение в XXI веке: проблемы изучения и преподавания: Материалы международной научной конференции. – Санкт-Петербург, 2008. с. 23-26.
10. Иксанова И.В. Опыт разработки модели регионального музейного объединения // Музееведение. Вопросы теории и методики. М., 1987. С. 35-42.
11. Кондратьев В.В. Свойства музейного предмета и пути его использования и сохранности музейных ценностей // Сб. научн. трудов НИИ культуры. – М., 1985. – № 136. – С. 125-136.
12. Социальные функции музея: споры о будущем // Музееведение. На пути к музею XXI века. М., 1989. С. 203-204.
13. Селиванов В.В. Предмет и структура музейной социологии: опыт решения проблемы. М., 1988. – 225 с.; Странский З. Понимание музееведения // Музееведение. Музеи мира. М., 1991. С. 34-36.
14. Ромедер Ю. Методы и средства музейной работы: педагогика обслуживания отдельного посетителя в музее // Музееведение и охрана памятников культуры. М., 1980. – Вып. 2. С. 6-9.

References

1. Seidimbek A. Qazaq alemi. Etnomadeni paiymdau [The Kazakh world. Ethnocultural consideration] Almaty: Sanat, 1997. 464 b. [in Kazakh]
2. Luppol P.K. Dialekticheskii materializm i muzeinoe stroitelstvo [Dialectical materialism and museum construction] // Sovetskoe kraevedenie. 1930. – № 6. S. 51-58. [in Russian]
3. Yureneva T.Yu. Muzeevdenie: Uchebnik dlya vysshei shkoly [Museology: Textbook for higher education]. M.: Akademicheskii Proekt, 2003. 560 s. [in Russian]
4. Lunacharskii A.V. Onarodnom obrazovanii [About public education]. M.: Soyuzpechat, 1958. 76 s. [in Russian]
5. Danilevskii N.Ya. Rossiya i Evropa [Russia and Europe]. M.: Kniga, 1991. –629 s. [in Russian]
6. Şpengler O. Zakat Evropy [The Decline of Europe]: V 2 t. – T.1. M.: Airis – press, 2002.

– 528 s. [in Russian]

7. Toinbi A. Postizhenie istorii: Sbornik [Comprehension of History: The collection]. – 2-e izd. M.: Airis – press, 2002. 736 s. [in Russian]

8. Abzhanov Kh.M. Qazaqstan tarihyñ zertteudin metodologiyalyq ustanymdary [Methodological principles of studying the history of Kazakhstan] // Tauelsiz Qazaqstan tarihyñ zertteudin ozekti maseleleri. Gylymi byulleten. 2009. – № 2. B. 26-31. [in Kazakh]

9. Dolak Ya. Muzeologiya – nastoyashee i budushee [Museology – present and future] // Muzeologiya – muzevedenie v XXI veke: problemy izucheniya i prepodavaniya: Materialy mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii. – Sankt-Peterburg, 2008. – S. 23-26. [in Russian]

10. İksanova I.V. Opyt razrabotki modeli regionalnogo muzeinogo obedineniya [Experience in developing a model of a regional museum association] // Muzevedenie. Voprosy teorii i metodiki. – M., 1987. – S. 35-42. [in Russian]

11. Kondratyev V.V. Svoystva muzeinogo predmeta i puti ego ispolzovaniya i sohrannosti muzeinykh tsennostey [Properties of a museum object and ways of its use and preservation of museum values] // Sb. nauchn. trudov NIİ kultury. – M., 1985. – № 136. – S. 125-136. [in Russian]

12. Sotsialnye funktsii muzeya: spory o budushem [Social functions of the museum: disputes about the future] // Muzevedenie. Na puti k muzeyu XXI veka. – M., 1989. – S. 203-204. [in Russian]

13. Selivanov V.V. Predmet i struktura muzeinoi sotsiologii: opyt resheniya problem [The subject and structure of museum sociology: experience of solving the problem]. – M., 1988. – 225 s.; Stranskii Z. Ponimanie muzevedeniya // Muzevedenie. Muzei mira. – M., 1991. – S. 34-36. [in Russian]

14. Romeder Yu. Metody i sredstva muzeinoi raboty: pedagogika obsluzhivaniya otdelnogo posetitelya v muzee [Methods and means of museum work: pedagogy of servicing an individual visitor at the museum] // Muzevedenie i ohrana pamyatnikov kultury. – M., 1980. – Vyp. 2. – S. 6-9. [in Russian]

Ибраева А.Г.¹

¹Национальный музей Республики Казахстан
г. Астана, Казахстан

¹e-mail: akmaral1971@mail.ru

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА

Аннотация. Научная статья посвящена теоретико-методологическим проблемам музейного дела. С момента обретения независимости Казахстана появилось много фундаментальных исследований в области общественно-гуманитарных наук. Теоретико-методологические проблемы истории становления и развития музеев Казахстана, которые мы рассматриваем, до сих пор не достигли своего завершения, требуют новых рассуждений. Советская историческая наука долгое время была основана на идеологии Коммунистической партии, а труды ученых-историков были далеки от подлинности, от принципов историчности. В связи с тем, что позиция изучения Отечественной истории проистекает из учения марксизма-ленинизма, не проводился

справедливый анализ построения политической системы, культурного положения народа, исторических событий. В ходе изучения проблемы были подробно рассмотрены работы отечественных и зарубежных ученых, которые активно использовались при раскрытии содержания статьи.

Ключевые слова: музей, методология, культурно-духовное наследие, музейный предмет, кочевая цивилизация, диалектический материализм, музеология, концепция.

Ibrayeva A.G.¹

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan

Astana, Kazakhstan

¹e-mail: akmaral1971@mail.ru

THEORETICAL AND METHODOLOGICAL ISSUES OF THE MUSEUM AFFAIRS

Abstract. The scientific article tells about the theoretical and methodological issues of the Museum Affairs. Since the independence of Kazakhstan, many fundamental studies in the field of social sciences and humanities have appeared. The theoretical and methodological issues of the history of formation and the development of the museums of Kazakhstan that are under consideration, still have not reached their completion and they require new considerations. The Soviet historical science was based on the ideology of the Communist Party for a long time and the works of historians were far from authenticity, from the principles of historicity. Due to the fact that the position of the study of domestic history stems from the study of Marxism-Leninism, a fair analysis of the political system, cultural status of the people and the historical events were not carried out. During the study of the problem, the works of domestic and foreign scientists were considered in detail, which were actively used in the disclosure of the content of the article.

Keywords: museum, methodology, cultural and spiritual heritage, museum object, nomadic civilization, dialectical materialism, museology, concept.

Автор туралы мәлімет:

Ибраева Ақмарал Ғосманқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
Тәуелсіздік даңғ. 54, Астана, Қазақстан Республикасы

Сведения об авторе:

Ибраева Акмарал Госмановна, доктор исторических наук, профессор, заместитель директора по научной работе Национального музея Республики Казахстан
Пр. Тауелсиздик 54. Астана, Республика Казахстан

Information about the author:

Ibrayeva Akmaral Gosmanovna, Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director for Science of the National Museum of the Republic of Kazakhstan,
Tauelsizdik Ave. 54, Astana, Republic of Kazakhstan

Археология / Archaeology / Археология

<https://doi.org/10.47500/2023.v15.i3.04>

МРПТИ 03.41.91

Rebecca C. Roberts^{1,2}

¹McDonald Institute for Archaeological Research, University of
Cambridge, UK

²Fitzwilliam Museum, University of Cambridge, UK
<rcr45@cam.ac.uk>

MICRO-ENVIRONMENTAL REMAINS IN ARCHAEOLOGY: PHYTOLITHS AND FAECAL SPHERULITES AND THEIR APPLICATION FOR THE STUDY OF HUMAN- ENVIRONMENT INTERACTIONS IN ARCHAEOLOGICAL SEDIMENTS IN KAZAKHSTAN

Abstract. This article explores the archaeological information that can be gathered from the study of micro-environmental remains (phytoliths and faecal spherulites) extracted from archaeological sediments, and their application in the analysis of human-environment interactions in the archaeology of Kazakhstan. A brief overview of the history of the study of the two types of micro-environmental remains is given, and assemblage formation and taphonomic processes are considered. Finally, using examples from archaeological sediments in Kazakhstan, the article explores the types of information that can be extracted from phytolith and faecal spherulite analysis, and what this can tell us about human-environment interactions in the past.

Keywords: phytolith, faecal spherulite, archaeobotany, environmental archaeology

Introduction

This article will explore the archaeological information that can be gathered from the study of micro-environmental remains (phytoliths and faecal spherulites) extracted from archaeological sediments, and their application in the analysis of human-environment interactions in the archaeology of Kazakhstan.

Phytoliths are the microscopic three-dimensional amorphous biogenic silica

(opal) infillings of cavities within and between the cells of certain plants (Thorn 2007). This process starts when dissolved monosilicic acid (H_4SiO_4) in groundwater is taken up by the roots of plants and carried up to the aerial organs through the xylem (Piperno 2006). The silica is not metabolised by the plant, and it is deposited as siliceous gel which gradually crystallises into a solid particle (Thorn 2007). While not essential for plant growth, the deposition of silica can increase the plant's

resistance to biotic and abiotic stressors such as water availability, disease and pests (Мырзабаева and Қонысбаева 2018; Strömberg, Di Stilio, and Song 2016)). Once deposited, phytoliths are incredibly durable, and following the death and decay of the plant they are deposited into soils and sediments, forming a fossil record of the plants which formed them (Piperno 2006; Roberts (unpublished thesis)).

Faecal spherulites are a calcium salt formed in the gut of certain species of mammal (Brochier et al. 1992). They are identifiable in archaeological sediments as “minute (typically 5–15 µm) spheres of radially crystallized calcium carbonate surrounded by an organic coating” (Canti 1997). The largest number of faecal spherulites are produced by ruminants (sheep, cow, goat, deer), low numbers are produced by omnivorous and carnivorous species (pig, human, badger, dog, cat, fox), and they are not produced by caecal digesters (horse, rabbit, hare) (Canti 1999).

Of course, many different factors affect the resulting phytolith and faecal spherulite assemblages that may be found in archaeological soils and sediments. This article will consider the different mechanisms and processes that might affect the final phytolith and faecal spherulite assemblage which is analysed in the laboratory. A brief history of phytolith and faecal spherulite research is given, and the formation and taphonomic processes that may affect archaeological phytolith and faecal spherulite assemblages are explored (Roberts (unpublished thesis)). Finally, examples from the territory of Kazakhstan are discussed which highlight the ways in which phytolith and faecal spherulite data can contribute to the understanding of human-environment interactions in the past of Kazakhstan.

Phytoliths

History of the study of phytoliths

The history of the study of phytoliths covers a multitude of disciplines, including archaeology, biology, ecology, botany, plant genetics, geology and soil science (Piperno 2006). The first study of phytoliths was published in 1835 (Powers 1992; Struve 1835), and the earliest taxonomic studies were conducted between 1900-1935 (Bryant 1993), including the identification by Ehrenberg of over sixty-seven phytolith forms from samples of wind-blown dust collected by Darwin from the sails of HMS Beagle in 1833 (Darwin 1909; Piperno 2006). Despite these early observations, Bryant (1993) has highlighted the slow start in the use of phytolith data in archaeobotanical research during the 20th century in contrast to that of pollen. Neolitzky identified phytoliths from wheat and barley in prehistoric sediments from European archaeological sites in 1900 (Neolitzky 1900), and later used phytoliths to prove the use of economically important plants in settlements from other European sites (Powers 1992; Netolitzky 1914). However, these early archaeological studies failed to gain momentum, and it was not until half a century later that detailed archaeobotanical research into phytoliths began in earnest, with the identification of rice, wheat and barley phytoliths demonstrated at archaeological sites in Japan and the Middle East by Watanabe and Helbaek (Bryant 1993; Piperno 2006; Lancelotti and Madella 2018; Watanabe 1955, 1968; Helbaek 1961, 1969). Metcalfe's important publication on the leaf anatomy of grasses provided the basis for further morphological study of phytoliths (Metcalfe 1960; Powers 1992; Lancelotti and Madella 2018), most notably by Twiss et al., who developed a classification system for the discrimination of phytoliths

belonging to the Panicoideae, Pooideae and Chloridoideae subfamilies (Twiss, Suess, and Smith 1969). Rovner further highlighted the potential of phytolith data for palaeobotanical research, in particular demonstrating the complementary role that phytolith and pollen data can play (Pearsall 2016; Rovner 1971). Importantly, for archaeobotanical research, further studies were also made at this time into the morphological characteristics of phytoliths from cereals, such as Parry and Smithson's publications on phytoliths from British grasses and cereals, and Blackman's studies of wheat and rye (Powers 1992; Parry and Smithson 1964, 1966; Blackman 1969; Blackman and Parry 1968). Research into New World cereals was also being conducted, for example with Pearsall using phytolith evidence to demonstrate maize cultivation in Ecuador (Pearsall 1978; Roberts (unpublished thesis)).

Further research into phytolith evidence of prehistoric plant use and domestication in the Americas by researchers such as Steven Bozarth, Dolores Piperno and Deborah Pearsall contributed to the establishment of phytolith research in archaeology (Bozarth 1987; Piperno 1984, 1985a, 1985b, 1988; Pearsall 1982), the real blossoming of which was marked by two publications: the first dedicated publication on the use of phytoliths in archaeology by Piperno (Piperno 1988); and the inclusion by Pearsall of phytolith analysis in her handbook of palaeoethnobotanical procedures (Pearsall 2016, first published 1989). These two publications brought phytolith analysis to the attention of a wide audience, and provided key starting points for interested researchers (Bryant 1993; Roberts (unpublished thesis)).

With the foundation laid by these early pioneers, the number of phytolith researchers has since grown dramatically,

with an increasing diversity of research topics (Hart 2016; Lancelotti and Madella 2018).

Formation and preservation of phytolith assemblages

When analysing any phytolith assemblage, there are a number of factors that must be considered with regard to how the assemblage was formed, and how the depositional environment may have affected the formation and preservation of the phytolith assemblage, leading to biases in the archaeological phytolith record. The first factor to consider is that not all plant families produce phytoliths, and of those that do, only some of the phytoliths produced have significance for taxonomic identification (Piperno 1988, 2006; Strömberg 2003). Those families of primary relevance to the mountainous, semi-arid and arid steppe zones of Central Asia whose phytolith production is both high and phytolith forms have taxonomic significance are: Poaceae (grasses); Cyperaceae (sedges); and Equisetaceae (horsetails, scouring rushes) (Piperno 2006). Additionally, phytoliths have been observed in the Pinaceae which may have diagnostic value, but which are not produced in such abundance (Klein and Geis 1978; Rovner 1971). Klein and Geis note that some species of *Picea* produce silicified endodermal cells, which could be confused with grass bulliforms (Klein and Geis 1978). This may have particular relevance to the analysis of high mountain steppe zones, where the tree line meets the high-mountain grass meadows. In addition to those phytolith morphotypes that have taxonomic value, phytoliths are also produced in wood and twigs which have a distinct form attributable to woody plants, but for which no further attribution is possible (namely globular/ellipsoid

forms, irregular forms with mineral inclusions, and silica aggregates) (Albert et al. 1999; Piperno 2006). Work by Collura and Neumann on West African bark and wood indicated that silica production in bark is much more common than in wood, but that overall production is uneven at different taxonomic levels (Collura and Neumann 2017; Roberts (unpublished thesis)).

In addition to genetically driven species-specific variations in phytolith formation, aspects such as soil chemistry, water availability and evapotranspiration rates have been demonstrated to affect both the amount of available dissolved silica and the rate at which it is taken up by plants (Мырзабаева and Қонысбаева 2018; Piperno 2006). Laboratory studies have shown that the amount of available dissolved silica is an important factor in the rate of phytolith production, with grasses in particular showing a direct positive correlation between amounts of solid silica deposited in the plant and the amount of dissolved silica in the growth medium (Blackman and Parry 1968; Blackman 1969; Parry and Smithson 1964; Jones and Handreck 1965). The amount of silica available in groundwater depends on a complex soil-plant cycle (Cornelis and Delvaux 2016). The rate at which this cycle occurs is governed by the same factors that govern soil formation processes (namely climate, topography, soil parent material, the age of the soil) and biotic factors (vegetation, micro-organisms, and land use) (Alexandre et al. 1997; Cornelis and Delvaux 2016; Strömberg, Di Stilio, and Song 2016). Acidic soil environments are known to have more free silica available, but high concentrations of iron and aluminium oxides can absorb or bind silica to their surfaces, thus removing it from solution (Piperno 2006).

Research into the relationship between water availability and phytolith production in grasses, or more specifically cereals, has indicated that an increase in water supply, whether through rainfall or irrigation, leads to an increase in the production of phytoliths, with Rosen and Weiner noting an increase in the number of conjoined phytoliths (Rosen and Weiner 1994), Madella et al. (Madella et al. 2009) and Jenkins et al. (Jenkins et al. 2016) noting an increased ratio of long cells to short cells (see Figure 1 for an example of conjoined long and short cells). High evapotranspiration rates can also cause an increase in solid silica deposition in the aerial structures of grasses due to the presence of a supersaturated solution of silica leading to the precipitation of solid forms (Jones and Handreck 1965; Piperno 2006; Rosen and Weiner 1994; Roberts (unpublished thesis)).

The second group of factors to consider are the external mechanisms behind the deposition and subsequent taphonomy of the phytolith record. Zurro et al. (2016) identify two major groups of mechanisms that influence the composition of a phytolith assemblage: 1) the origin of the input plant assemblage (whether anthropic, natural or both); and 2) pre- and post-depositional taphonomy (Zurro et al. 2016). The origin of the deposition of plant material in an archaeological sediment can be assumed to be largely deposited by human activity (although periods of no occupation should also be considered for sites with multiple occupancy periods), and therefore phytolith assemblages recovered from various contexts can be expected to reflect different activities around a site, such as crop processing (Harvey and Fuller 2005), craft production (Wendrich and Ryan 2012), bedding (Cabanès et al. 2010), and the burning of fuel (Lancelotti and Madella

2012). Phytolith and spherulite data has




Fig. 1. Multi-celled phytolith from grass leaf or stem from the archaeological site of Tuzusai, Kazakhstan, showing long and short cells in situ (elongate psilate, elongate echinate, elongate sinuate, and bilobe). Scale bar is 10µm (Roberts (unpublished thesis))

the potential to answer some of these questions by identifying, for example, whether a sediment contains evidence for a concentration of crop processing waste or sheep/goat dung, which might indicate a midden, or a phytolith assemblage that is concurrent with surrounding mud brick, indicating that the fill was caused by the collapse of a wall (Katz et al. 2007; Lancelotti and Madella 2012; Portillo, Albert, and Henry 2009)

Pre- and post-depositional taphonomic processes begin with the death of the plant, leading to the release of phytoliths into the surrounding sediment. This can happen through a number of different pathways, for example the natural death and decay of plants within a soil A horizon, through the deliberate burning of plant material (phytolith morphology is preserved at temperatures up to 800C (Parr 2006),

deposition through animal dung (which may also be redeposited by human action for example as fuel or temper (Lancelotti and Madella 2012), and midden deposits to name but a few (Shillito 2011; Piperno 2006). Jenkins (2009) compared the extraction of phytoliths from modern durum wheat plants (*Triticum durum*) using dry ashing and acid digestion methods, and determined that the resulting number of conjoined phytoliths was greatly reduced using the acid digestion method (Jenkins 2009). This not only has implications for future studies using modern plant material, but also illustrates how pre-depositional taphonomic processes might change resulting phytolith assemblage. An example of this might be the destruction of a thatched house through fire compared to a gradual process of disuse and collapse (Roberts (unpublished thesis)).

Мұндағы ғалымның айтпағы, металл өнімдерінің жер қойнауынан алынуы оқшау бір мифтік кеңістікті тудырып, соның нәтижесінде мифтік тұлғалану әйел бейнесінде беріледі. «Жезтырнақ» ертегісінде: «кіндігі кәдімгідей, осы екі-үш қарыс болат болады екен, тырнағының бәрі болат болады екен. Үстіне салған өңкей сәлкебай алтын менен күміс шашбауы», – дейді. Тағы бір ерекшелігі жезтырнақтың туыстарының болуы: «Бұл жезтырнақтың осында әкесі де бар». Оны ертегіде «ақ нар мінген, маңдайында бір көзі бар адам» деп суреттейді. Алып бейнесін: «дәу «Уһ!» – деп дем алғанда соның демімен Шора батыр екі жолдасымен сыртқа шығып кетеді». Жалғыз көзді дәу образы «Ақжан батыр» ертегісінде үш ағайынды адамжегіш кейпінде көрініс табады. Дәу бірінде саржамен, енді бірінде сүмен темірмен жалғыз көзінен жараланады. Сонымен бірге жезтырнақты жұпыны емес, керісінше, «алтын мен күміс шашбаулы» кейіпте суреттейді. Мифтік тұлғалану «мыстан» ониміне де қатысты. Мыстан – жасы келген, айласы, арамзалығы

мол (кемпір). Л.Н. Виноградова «Народная демонология и мифоритуальная традиция славян» еңбегінде «ведьма» терминін «ведьма (відьма, вэдзьма, ведьмарка) знахорка, кольдуня, чародейка, валшэбница, варожка, шэптуха ұғымдарымен қатар қолданатынын айтады» (Виноградова, 2000: 163).

Нәтижелер

Мыстанның сыртқы бейнесін филология ғылымының докторы Л.Н. Виноградова: «Преимущественно антропоморфная ипостась, слабо выраженные представления о внешнем облике: чаще всего упоминаются распущенные волосы, седые космы, неопрятность, старость; изредка отмечается особенность взгляда, признаком, отличающим ведьму, считаются усы у женщины, сросшиеся брови, два ряда зубов; признается наличие незаметного хвостика, часто внимание фиксируется на белой одежде или наготе» (Виноградова, 2000: 181) деп түсіндіреді.

Бұл тұжырымдардан байқайтынымыз, мыстанның сырт келбетіндегі жағымсыз образдардың тым көп болуы. Әдетте, оқырманға әсерлі болуы үшін баяндаушы қиялының кеңдігіне орай теңеулерді тым күшті қолданып, осындай образдарды тудырады, яғни фольклор туындыларына тән гиперболизация, мультипликация әдістерін көреміз. Осы әдістердің кең қолданылуы, туындылардағы өткір кейіпкерлердің пайда болуына жағдай жасайды.

Орыс халық ертегілерінде Баба-Ягаға ұқсас образда кездесетін ведьма онимі бар. Бұл дисиллабты концепті көне славяндық сөз болып, тіпті олардың тіршіліктегі алатын орнын

көрсететіндей. «Арысь-поле», «Рассказы о ведьмах», «Лесная ведьма», «Девушка и ведьма» т.б. ертегілерде кездесетін «ведьма» концептісінің этимологиясын: «Ведьма (от др. славянского «ведать» – знать) – женщина, практикующая магию, ведовство. Славянское слово «ведьма, ведун, ведунья» имеет древнерусский корень «вѣдь», имеющий значения: «ведать» («знать»). Но истинное значение слова Ведьма было извращено. И сейчас в современном русском языке слово ведьма уже имеет ругательное и завистливое значение», – деп түсіндіреді (Иванов, 1995: 53). Ведьманың Баба-Ягадан айырмашылығы олардың сыртқы тұлғасының адамға ұқсас (көзі ғана ерекшеленеді) және адамдармен бірге өмір сүретіні болса керек. А.Н. Афанасьеваның «Русские заветные сказки» еңбегінде «ведьманың» орыс халық ертегілеріндегі образын айшықты танытады: «Ядро концепта ведьма составляют признаки злая, страшная, хитрая, старая, коварная, летает на метле. В текстах русских народных сказок этот сказочный персонаж представлен такими определениями, как страшная, злая, старая/старуха. Она ест людей и точит для этого зубы: съест и отца и мать; ушла зубы точить; велела его сжарить. Ведьма похищает детей (например, в сказке «Терешечко»), хочет съесть родного брата (в сказке «Ведьма и Солнцевасестра»), пытается при помощи колдовства умертвить царевну, которая прекраснее ее (как в сказке «Волшебное зеркальце») или дает зелье мачехе, которая хочет извести ненавистного пасынка (как в сказке «Незнайко»). Как видно из приведенных примеров, образ ведьмы в сказках представлен очень кратко и схематично; признаки данного персонажа не отличаются многообразием» (Афанасьева, 2009,

46). Бұл мысалдардан байқайтынымыз, ертегілердегі кейіпкерлердің жергілікті архаикалық наным-сенім түсініктері бойынша ізгілік пен жамандықтың айырмашылығын қауым мүшелеріне көрсетіп, моральдық ориентир ретінде нақтылайды.

Ведьманың жағымды кейіпкер екендігінен хабар беретін деректер де аз емес. Көпшілігі ведьманың ерекшелігі оның өзгелерге бергісіз магиялық қасиетінде деп есептейді. В.И. Дальдің «О поверьях, суевериях и предрассудках русского народа» еңбегінде осы пікірге қарсы мынадай субъективті пікір білдіреді: «Ведьма всегда злодейка и добра никогда и никому не делает. Она в связи с нечистой силой, для чего варит травы и снадобья в горшке, держит черную кошку и черного петуха...» (Даль В., 2010: 364). Бұдан Ведьманың өз ритуалдық әлемінің қожасы екендігін аңғарамыз.

Енді халық ертегілеріндегі есімдердің әр-алуан аталуларын тізіп шығып, олардың кейбірінің семантикалық, этимологиялық мәндерін қарасақ. Тіліміздегі жалқы есімдерге қойылатын атаулардың бір бөлігі астронимдер және ғарыштық кеңістік пен шоқжұлдыздар атаулары – космонимдер. Олардың қатарына: Ай, Күн, Үркер, Шолпан, Өмірзая, Босаға, Жетіген, Оқ, Түтін, Көгалдай, Қыз, Жігіт, Қырлыжігіт, Мешін, Зуһра т.б. атаулары кіреді.

Этнограф-ғалым С. Қондыбай Ай кейіпін былайша топшылайды: «Ай – адам (кемпір, қыз т.б.) кейпінде, бұл кейінгі, мифтік тұрпайылану немесе мифсіздену заманында болған жайт». Ай космонимінің адам атына телінуі ерте кездерден орын алған. Аңыздардан білетініміздей, «Оғыз қағанның екінші ұлының есімі» Ай қаған аталатыны белгілі. Ертегілерде де жиі кездесетін

Айсұлу, Айман, Айша, Айғанша т.б. мифонимдерде де аспан денесіне теңеудің қарапайым түрі қолданылған» (Қондыбай, 2004: 162).

Антропонимдік лексиканың ерекшелігі – тарихилығында. Көне замандардан келе жатқан этноантропонимдердің этимонын оқшау кеңістіктен гөрі әлдеқайда тиімдірек. Қазақ есімдері жайлы Т.Қ. Сабирова «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі кісі есімдерінің ұлттық ерекшеліктері мен ұқсастықтары» (Сабирова, 2010:117) еңбегінде қазақ халқының бала есімін қоюдағы мақсатын семасиологиялық тұрғыдан бірнеше топқа бөліп қарастырады:

а) дене, бітім ерекшеліктеріне қарай: Қаракөз, Шалабай, Аққыз, т.б. есімдер қойылса;

ә) жаңа туылған сәбидің денесінде түрлі мең, нышандардың кездесуіне байланысты: Аққал, Қалдыгүл, Меңдігүл, Қалдықыз, Меңдікыз, Меңтай, Анар, Нышанкүл т.б., ал ұл балаларға Қалдыбек, Қалдар, Қалдан, Нарқал, Қалыбек секілді есімдер қойылады;

б) адамның қасиеттерін, әкесімен, жанұясымен, руымен байланысын, ұлты жайында, шыққан тегі, немен айналысатыны, туылған мезгіліне, ата-анасының әлеуметтік-демографиялық жайы, тұрғылықты жері және т.б. толық ақпараттарды есімдерден білуге болады. Қазақ тілінде сәбидің туылған мезгіліне қарай: Дүйсенкүл, Дүйсенбай, Сейсенкүл, Сейсенбай, Жұмагүл, Жұмабай, Наурызгүл, Наурызбай, Сайлаукүл, Сайлаубай, Жолшыбай, Мамырбай және т.б., ал туылған жеріне орай: Орал, Алтай; сондай-ақ Жантөре, Еділ, Жиымбет – нақты бір руға жататындығынан хабар берсе, қаршадайынан баланың шетінеп, тұрмауына байланысты Тұрсынкүл,

Өлмес, Қалсын, Тоқтасын, Аманкүл, Есенкүл, Тұрар т.б. есімдер қойылып, олар келесі баланың өмірін аман алып қалу мақсатында қойылған. Ұл баланы аңсаудан Ұлтуған, Үміт, Ұлбала, Ұлбосын, Ұлтуар, Ұлдар, Жаңыл, Тойдық, Дәметкен, Ұлдана, Ұлпан, Ұлжан, Ұлтай, т.б. есімдері қойылса, сұлулық пен нәзіктікті, үйлесімділікті аңсаудан Айсұлу, Күнсұлу, Жансұлу, Жібек, Сымбат, Нәзікен секілді аттар берілген (Қазақ ертегілері, 2010: 66).

Қазақ ертегілеріндегі антропонимдерде патронимдер, матронимдер көптеп ұшырасады. Олардың қолдану аясын айтпас бұрын ертегі кейіпкерлерінің есімдерін семантикалық тұрғыдан қарастырайық.

Ертегідегі хайуанаттарға байланысты қойылған есімдер. Мысалы, «Аюдәу» ертегісіндегі: «Күндерде бір күн қыз аюдан ұл табады. Ұлы күніне бір жасайтын болды, келбетті адам, түрі аю нәсілді болды. Атын Аюдәу қойды» (Қазақ ертегілері, 2010: 85). Мұнда ертегі кейіпкерінің сыртқы келбетіне қатысты қойылып тұрғанын аңғарамыз. «Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыалпаң» ертегісінде: «...Артынан баланың атын «Аюалпаң» қояды. Мұның әкесі аю, соған сәйкес аты Алпаң болсын деген ойы тура болып шығады» (Қазақ ертегілері, 2010: 92). Ертегідегі антропонимнің құрылымын тарқатар болсақ Аю+алып+аң, яғни үш компонентті күрделі есім екенін аңғарамыз.

Түр-түсіне байланысты қойылған есімдер. Ертегідегі антропонимдердің генезисін зерттеуде гомогендік тілдердің ортақ мұраларын салыстыра сипаттау маңызды құбылыс.

«Алып Ерсары» ертегісіндегі бас кейіпкердің есімінің қойылу себебін түркі халықтарына тән болжаммен

сипаттауға болады. Б. Сағындықұлы: «Ерсары есімі алғаш рет Хиуа ханы, жылнамашы Әбілғазының «Түрікмен шежіресі» кітабында кездеседі», – деп жазады (Сағындықұлы, 1994: 100). Ерсарының түрікмен халқы мен қазақ жұртына ортақ батыр екенін баяндай келе: «Маңғыстау түбегі ауылы аралас, қойы қоралас жатқан қазақ пен түрікменге ортақ өріс болған», – деп келтіреді. Ертегіде Маңғыстау жеріндегі топонимдердің шығу тегі жайында: «Ерсары ысырып тастаған ошақтың күлі қазіргі Бостан құмы деседі... Ескі Өзен мен Сенек арасындағы шақпақ тас Ерсарының белінен түсіп қалған екен». Ертегі Маңғыстау жеріндегі топонимдерден ақпараттар бергенімен, Ерсары есімінің қайдан шыққаны жайында нақтылы түсінік берілмейді. А. Құралұлы ономастикадағы жалқы есімдерді реалийонимдер (өмірде болған) және мифонимдер (ойдан шығарылған) деп бөлген болса (Құралұлы, 2006: 71), Ерсарыны нақтыосы екі жіктелістің қайсысына жататынын дөп басып айту қиынға соғады. Ерсары екі компоненттен құралған біріккен тұлғалы антропоним. Мұндағы сары сөзі антропонимдегі қолдану аясына қарай – тіс қаққан, әккі болған, шыныққан деген мағынада қолданылып тұр. Екінші бір сары ұғымының анықтамасы – кең дүние, ұшы-қиыры жоқ жалпақ дала (Құралұлы, 2006: 83). Аталған анықтама Ерсары бейнесіне бір табан жақын секілді. Оған дәлел – «Оның аса ірі тұлғалы болғаны соншалық, бір шеті мен екінші шеті күндік жерге созылған Сұмса құмы оның төсегі екен...» деп келтіруі. Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Р. Сыздықова сары сөзін үш түрлі мәнде қарастырады: алғашқысы - парсыша сара сөзі қоспасыз, таза деген ұғымда, екінші – парсыша

сар «уайым, қайғы», үшіншісі – «кең», «байтақ» және «айқын, анық көрінген» деген мағынаны білдіреді. (Сыздықова, 2014: 147). Бұдан шығатын қортынды, сары ұғымының түр-түске қатысты ұғымға қарағанда кең, алып, үлкен деген мағынаға саятынын аңғару қиын емес.

Төрт түлік малға байланысты қойылған есімдер: Құланайжарқын ертегісінде «Торы бие бұған адам тауып береді. Бұның атын Құланайжарқын қояды (Марғұлан, 1984: 18). Ә. Қайдар «Саха тіліндегі мына сөздің мағынасына назар аударсақ құлан (холуон)» - «шапшаң», «жалынды», «ойнақы» мағыналарында айтылады. (Қайдар, 2014: 183)

Кейіпкердің өмірге келуіне байланысты қойылған есімдер: «Нанбатыр» ертегісінде: «Бір күні нан пісіру үшін иленген наннан бір баланың бейнесін жасайды да, сыртта-ғы жер ошаққа от жағуға шығады. Үйіне келсе, әлгі бала ғып жасап кеткен наны жоқ, оның орнына аппақ сазандай бір ұл екі өкшесімен жер тепкілеп жылап отырады... Елді жинап Нанберген деп ат қояды». «Көрұғлы» ертегісінде: «Баланың атын көрден шыққан Көрұғлы деп қояды» (Марғұлан, 1984: 66).

Болмысына, табиғатына байланысты қойылған есімдер: «Ай астындағы Айбарша сұлу» ертегісінде: Баяғыда Күлмесхан деген хан болыпты. Оның шын аты – Баяухан екен. Күлмесхан аталған себебі, Баяуханның заманында жаугершілік қатты болып, бір ел бір елді шауып, жаншып ала береді... Күлмесханнан содан кейін бір ұл туып, абызды шақырып, оның атын абыз «Өлмес» деп қойыпты. Бұл жерде кейіпкердің есімінің қойылу тарихын көрсету арқылы ертегінің мазмұнына тұтас арқау болатын антропонимді ашып көрсетеді. Сол секілді тарихта

болған аңыз кейіпкер Асан қайғы есімінің шығу тегі жайында оқулықтарда «Ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкендіктен Асан есіміне «қайғы» сөзі телініп кеткен» деп жүрміз. Бұл жайында ғалым С. Қондыбай «Аса - арабтың «таяқ» деген сөзі... «аса» сөзін «асақ» - «аспандық» деген түркі сөзі деуге де негіз бар, өйткені асатаяқ — мифологияда (шаман мифінде) ғаламдық ағаштың бір модельдік варианты болып табылады» (Серікбол Қондыбай, URL, 2019).

Қорытынды

Ертегідегі атаулардың ерекшеліктері шығарманың сюжетімен, мазмұндық идеясымен, кейіпкердің бітім-болмысымен астастырыла суреттеледі. Антропонимдердің астарында ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным, болмыс, мінез, арман, халықтың мақсат-мүдделері бар. Мәселен, «Ер Төстік», «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегілеріндегі Таусоғар, Желаяқ, Көлтаусар, Саққұлақ т.б. сияқты кейіпкер есімдері текке қойылмаған.

Халықтың осындай өнерлі, тау-тасты талқандайтын күшті адамдар болса екен, көзді ашып-жұмғанша алыс жерге бір-ақ жеткізетін құралдар болса екен деген халық қиялының жемісі.

Қорытындылай келе айтқанда, ертегідегі антропонимдер түрлі орайда ұшырасуы ықтимал. Кейіпкерлердің есімдерін тануда құрамына назар аудару, соның негізінде ертегінің мазмұнына бойлау арқылы тарихи танымның бар-жоқтығын сабақтастыра зерттеу маңызды. Елдің ертеңін өткенімізбен сабақтастыру аса маңызды құбылыс. Олай болса, атадан балаға мұра болған ертегі жанрының онимдік лексикасын таным негізінде қарау әлі де болсын керек деп білеміз. «Халық әлем дамуына еш нәрсе қоспаса, онда бұл адамзат тарихында ешқандай да кешірілмес, өлімнен де зор ұлттық қылмыс ретінде қаралуы тиіс», – деп Рабиндранат Тагор (Кавабата, 2007;) айтқандай, тарих жадында мәңгі есімі қалуы тиіс өміршең ұлт қана өзінің өткеніне көз жүгіртеді, болашақ ұрпаққа аманат етеді.

Әдебиеттер

1. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2005. – 195-196 б.
2. Сүлейменова Ә.К. Жергілікті ақындар тіліндегі ономастикалық кеңістік (И.Байзақов, С.Торайғыров, М.Әлімбаев шығармалары негізінде): дис. – Павлодар, 2013. – 91 б.
3. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 412 б.
4. Қасқабасов С. Елзерде. – Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 504 б.
5. Сабирова Т.Қ. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі кісі есімдерінің ұлттық ерекшеліктері мен ұқсастықтары. Вестник Павлодарского государственного университета, серия филологическая. 2010. 113-119
6. Краткий этимологический словарь казахского языка. (Редколл.: А. Искаков, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев). – Алма-Ата: «Наука», 1966. – 240 б.
7. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. – Л., 1946. – 416

8. Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010. – 378 б.
9. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 510 б.
10. Виноградова Л.Н. Народная демонология и мифо-ритуальная традиция славян. – Москва : Издательство «Индрик», 2000. – 432 б.
11. Иванов В.В., Топоров В.Н. Баба Яга // Славянская мифология. Энциклопедический словарь. Москва: Заря, 1995. – 220 стр.
12. Афанасьева А.Н. Русские заветные сказки. – Москва: Эксмо, 2009. Стр. 260.
13. Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. – М.: Астрель, 2010. – Стр. 670 т.
14. Қазақ ертегілері. Т.2: Батырлық, тапқырлық жайлы ертегілер. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 272 б.
15. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 168 б.
16. Құралұлы А. Адамға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Өнер, 2006. – 96 б.
17. Қазақ ертегілері. Т.4. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 248 б.
18. Марғұлан Ә. Қорқыт күші. Алматы, 1984 жыл. 77 – бетте.
19. Қондыбай С. Миф дегеніміз не? // Мәдениет порталы. Интернет-ресурс: <http://www.madeniportal.kz/article/2935>
20. Кавабата Я. Голос бамбака: (повести и рассказы) / Ясунари Кавабата; (пер. с яп.) – СПб.: Амфора. 2007. – 608 с.
21. Қайдар Ә. Ғылымидағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014 ж. 256 б.

References

1. Madieva G. B., Imanberdieva S. K. onomastics: research problems. - Almaty, 2005. - pp. 195-196 [in Kazakh]
2. Suleimenova A. K. onomastic space in the language of local poets (based on the works of I. Baizakov, S. Toraigyrova, M. Alimbayev): dis. - Pavlodar, 2013. 91 p. [in Kazakh]
3. Syzdykova R. words speak (from the history of the use of words). - Almaty: "El-shezhire", 2014. 412 p. [in Kazakh]
4. Kaskabasov S. In Elzer. Almaty: Zhibek Zholy, 2008. 504 p. [in Kazakh]
5. Sabirova T. K. National features and similarities of human names in Kazakh and English. Bulletin of Pavlodar State University, philological series. 2010. pp. 113-119. [in Kazakh]
6. Kratsky Etymological Dictionary of the Kazakh language. (Redcall. A. Isakov, R. Syzdykova, S. Sarybayev). Alma-Ata: Science, 1966. 240 p. [in Russian]
7. Propp V. I. historical cornice volshebnoy story. L., 1946, 416 p. [in Russian]
8. Imanberdieva S. historical onomastic Space (X-XIV centuries. on the basis of Turkic written monuments). - Almaty: " Dictionary-Dictionary " LLP, 2010. -378 p. [in Kazakh]
9. Kondybai S. argykazakh mythology. Almaty: Dyke-Press, 2004. 510 p. [in Kazakh]
10. Vinogradova L. N. Narodnaya demonology and mytho-ritual Slavic tradition.

Moscow: Izdatelstvo "Indrik", 2000. 432 p. [in Russian]

11. Ivanov V. V., Toporov V. N. Baba Yaga // Slavyanskaya mythology. Encyclopedic dictionary. Moscow: Zarya, 1995. 220 p. [in Russian]

12. Afanasyeva A. N. Russian fairy tales. - Moscow: Eksmo, 2009, 260 p. [in Russian]

13. Dahl V. I. Explanatory dictionary of the living Great Russian language. M.: Astrel, 2010. 670 p. [in Russian]

14. Kazakh fairy tales. Vol. 2: Tales of heroism and ingenuity. - Almaty: Writer, 2000. 272 p. [in Kazakh]

15. Sagyndykuly B. etymological foundations of the development of the vocabulary of the Kazakh language. Almaty: Category, 1994. 168 p. [in Kazakh]

16. Kuraluly A. Explanatory Dictionary of human-related terms and phrases. Almaty: Art, 2006. 96 p. [in Russian]

17. Kazakh fairy tales. T. 4. - Almaty: "Writer", 2000. 248 p. [in Kazakh]

18. Margulan A. Korkyt power. Almaty, 1984. 77 p. [in Kazakh]

19. Kondybay S. What is a myth?// Culture portal. Internet resource: <http://www.madeniportal.kz/article/2935> [in Kazakh]

20. Kawabata Ya. voice of bambaka: (stories and stories) / Yasunari Kawabata; (per7 s Yap.)- SPB.: Amphora. 2007. 608 p. [in Russian]

21. Kaidar A. life in Science. Scientific and theoretical foundations of the etymology of the Kazakh language-Almaty: Sardar publishing house, 2014 p. 256. [in Russian]

Бектұрсын А.С.¹

¹Национальный музей Республики Казахстан,
г. Астана, Казахстан

¹e-mail: ayzat.bektursyn@bk.ru

ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ И ЭТНОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ИМЕН В НАРОДНЫХ СКАЗКАХ

Аннотация. В научной статье сделан сравнительный анализ русских и казахских сказок, касающийся особенностей произношения сказочных имен. Семантически к сказочным именам относились звери, цвета, домашние животные, персонажи, связанные с природой. Продемонстрированы сходства и отличительные черты мифонимов, таких как Мыстан и Баба-Яга в народных сказках. На примере различных мнений ученых о происхождении имен и названий в сказке «Алып Ерсары» был сделан вывод, что имя Ерсары – это объединенный индивидуальный антропоним, состоящий из двух компонентов; первое значение слова «желтый» используется в смысле возмужавшего, опытного, закаленного, второе определение – это широкий мир, бескрайние степи. На основе этого мы убедились, что второе определение близко к образу Ерсары. Также был изучен состав некоторых имен в казахских сказках и доказан на основных примерах. Были использованы научные исследования казахстанских и российских ученых-лингвистов, филологов, изучавших особенности, встречающиеся на стоянках и внешних образах сказочных героев.

Ключевые слова: фольклор, народные сказки, имена, традиции, антропонимы, лингвистика, семантика, этимология.

IRSTI 03.61.91

Bektursyn A.S.¹

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan,
Astana, Kazakhstan

¹e-mail: ayzat.bektursyn@bk.ru

PHILOLOGICAL AND ETHNOGRAPHIC ANALYSIS OF NAMES IN FOLK TALES

Abstract. The scientific article makes a comparative analysis of Russian and Kazakh fairy tales concerning the pronunciation of fairy names. Semantically, fairy-tale names include animals, colors, pets, characters associated with nature. The similarities and differences of muthonyms such as Mystan and Bab Yaga in folk tales are demonstrated. Using the example of various opinions of scientists about the origin of names and titles in the fairy tale “Alyp Ersary”, it was concluded that the name Ersary is a combined individual anthroponym consisting of two components: the first meaning of the word “yellow” is used in the sense of mature, experienced, seasoned, the second definition is a wide world, boundless steppes. Based on this, we were convinced that the second definition is close to the image of Ersary. The composition of some names in Kazakh fairy tales was also studied and proved using basic examples. The scientific research of Kazakh and Russian linguists, philologists, who studied the features found in parking lots and external images of fairy-tale heroes, was used.

Key words: folklore, folk tales, names, traditions, anthroponyms, linguistics, semantics, etymology.

Автор туралы мәлімет:

Бектұрсын Айзат Сержанқызы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институты, «Қасиетті Қазақстан» бөлімінің кіші ғылыми қызметкері

Тәуелсіздік даңғ. 54, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0009-0008-6279-9192

Сведения об авторе:

Бектұрсын Айзат Сержановна, Национальный музей Республики Казахстан, Научно-исследовательский институт культурного наследия, младший научный сотрудник отдела «Сакральный Казахстан»

Пр. Тауелсиздик 54. Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0009-0008-6279-9192

Information about the author:

Bektursyn Aizat Serzhanovna, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Research Institute of Cultural Heritage, Junior Researcher of the department «Sacred Kazakhstan»

Tauelsizdyk Ave. 54, Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0009-0008-6279-9192

Ибраева Г.Б¹.¹С. Сейфуллин музейі

Астана қ., Қазақстан

¹e-mail: gulnaz_0976@mail.ru

С. СЕЙФУЛЛИН МУЗЕЙІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Аңдатпа. Астанадағы жеке тұлғаға арналған алғашқы қара шаңырақ – С. Сейфуллин музейінің 35 жылдық тарихы бар. Мақалада өмір жолы, шығармашылығына шолу жасай келе, музейдің құрылуы, қалыптасуы, экспозициясының тарихы, өзгеріп, толықтыру кезеңдері, құжаттай-заттай жәдігерлерді жинақтау жұмысы жазылған. Музей қорындағы деректерді, архив мәліметтерін пайдалана отырып, экспозициядағы ең құнды экспонаттар тарихы жазылған. Бізге жеткен еңбектері жөнінде айтылады. Әр жылдары басқарған музей басшыларының еңбектеріне шолу жасалып, Ресейден, ҚР Ұлттық архивінен, ҚР кітап палатасы, ҚР Орталық архивінен алынған құжаттар, туыстарының жинаған заттай жәдігерлері туралы баяндалады.

Сәкен Сейфуллиннің музейі Астанада жеке тұлғаға арналған алғашқы қасиетті орда. С. Сейфуллин музейін ашу жөніндегі құжатқа 1988 жылы 21 қаңтарда қол қойылғанын тарихтан білеміз. Ең алғашқы жұмыс – қор жасақтау жұмысы болды. Жинақтау жұмысы жүйелі жүргізілгеннің арқасында қазіргі таңда қор жасақталды. Музейдің негізгі кеңесшісі филология ғылымдарының докторы, сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішұлы және академик Серік Қирабаев еді. Биыл музей 35 жыл мерейлі кезеңге жетіп отыр.

Музей қызметкерлерінің негізгі міндеті С. Сейфуллин мұрасын жинап, зерттеу арқылы халыққа мәні зор, жоғары деңгейдегі қызмет көрсету, дамыту, жастарды патриоттық рухта

тәрбиелеу ісіне атсалысу. Музей экспозициясы бойынша өткізілетін экскурсиялармен қатар мекемелерде, оқу орындарында лекциялар оқылып, көрмелер ұйымдастыру – басты бағыттардың бірі болып саналады.

Ғылыми қорға түскен экспонаттарға сипаттама, өңдеу жұмыстарын жүргізу, паспорт толтыру, қорғау, бекіту, олардың сақталу әдістері, көпшілікке қызмет ететін деңгейге жеткізу – ғылыми қызметкерлердің күнделікті атқаратын жұмыстары болып саналады.

Халқымыздың тарихи-мәдени, рухани мұрасын зерттеп, сақтап, жас ұрпаққа жеткізіп – ғасырлар жалғасын айқындап беру – музей қызметкерлерінің еншісінде.

Репрессияға ұшырап, құжаттары

жойылып, дүниесі тәркіленген азаматтың заттарын табу өте қиынға түскен. Сонда да қазір қорда 6 мыңдай құжаттай-заттай жәдігер жиналған. Сол жиналған жәдігерлер негізінде экспозиция құрылды.

Алғашқы экспозицияның құрылымының кіріспе залында Ақмола аймағының өлкетану, тың игеру жөніндегі құжаттар, осы өлкенің жазушылары, С. Сейфуллин ісін жалғастырушы, дәріптеушілер ретінде Нұрғожа Ораз, Мадхат Төрежанов, Алдан Смаиловтардың материалдары қойылды. Келесі залдар – балалық шағы, педагогикалық қызметі, әдебиет саласындағы еңбектері болып бөлінді. Бұл кезеңде жәдігер жағы енді жиналып жатқандықтан, көретін залдар да мазмұны жағынан аз болды. Осы залдың ішіндегі бір бөлмеде мұражай қызметкерлері отырды. Өйткені ол кезде екінші ғимарат берілмеген. Бір-екі жыл өткен соң кәсіподақ төрағасы Қасым Таукеновтың қажырлы еңбегінің

арқасында екінші ғимарат қолданысқа берілді. Екінші мазмұны жағынан толықтырылып, толық өзгертілген экспозиция 1994 жылы С. Сейфуллиннің 100 жылдығына жасалды. Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік музейінен уақытша қолдануға 11 жәдігер берілді. Осы мерейтой қарсаңында мұражай қызметкерлері Ресей мұрағаттарында, оның ішінде Красногорск қаласының кинофотоқұжат бөлімінде жинақтау жұмысын жүргізіп, мұражай қоры біраз құжаттармен толықты. Онда Жазушылар Одағының 1 съезі, С. Сейфуллиннің шығармашылығына 20 жыл толуына байланысты 1936 жылғы марапаттау құжаттары, фотосуреттер бар. Кіріспе залындағы жазушылар экспозициясы өзгертіліп, тек С. Сейфуллинге қатысты материалдар қойылды; балалық шағынан басталып, педагогикалық қызметі, революциялық кезеңдегі еңбектері толық қамтылды. Азамат ақынның қоғамдық-саяси қызметіне



Мәжіліс залы.

қатысты мәліметтер жинақталды.

Музей қызметкерлерінің жинақтау жұмысының нәтижелі болуына байланысты, әдебиет саласындағы еңбектерінен көп материалдар жинақталып, әдебиетке арналған залдың мазмұны толық өзгертілді. Экспозицияның бір бөлмесінде отырған мұражай қызметкерлері екінші ғимаратқа көшіріліп, тағы бір мазмұнды зал қосылды. Реэкспозиция жұмыстары 1998 жылы Астана қаласының тұсаукесеріне орай өзгертілді. Түбегейлі жәдігер қоятын тұғыр, сөрелер жаңартылды. Кіріспе залына С. Сейфуллиннің тағдырынан сыр шертетін үлкен гобелен қойылды. Сол жылдары музей қоры Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағатынан алынған материалдармен «Ер есімі – ел есінде» залы толықты.

Қорға бейнелеу өнері туындылары, Алматыдан суретшілер Әубәкір Ысмаилов, Әмен Қайдар жинағы әкелінді. Гүлфайрус Ысмаилова Евгений Сидоркиннің коллекциясын сыйға тартты. Бастапқыда бейнелеу туындылары кіріспе залында орналастырылды. Кейін бөлек зал ретінде жасалды. С. Сейфуллиннің педагогикалық қызметіне арналған зал толықтырылды. Экспозицияға белгілі ғалым Қапия Камалиеваның 1960 жылы С. Сейфуллин туралы шыққан кітаптары, авторефераттары қойылды. С. Сейфуллиннің әріптесі, ұстаз Давид Гобузов естеліктері мен оқыту барысындағы көрнекі құрал ретінде қолданған, өзі салған суреттері экспозициядан орын алды. «Тар жол, тайғақ кешу» залы С. Сейфуллиннің туғанына 100 толған мерейтойына қарсы Әмина Сейфуллинаның тапсырған 1927 жылы жазылған «Тар жол, тайғақ кешу» түпнұсқа кітабы экспозицияның ең

құнды жәдігері болып табылады. Кезінде түпнұсқаға «Волга» автомашинасын ұсынғанда бермей, музей қорына өткізген екен. Роман 1960, 1977, 1988, 2004, 2009, 2012 жылдары қайта басылып шыққан. Кейінгі нұсқаларына өзгерістер енгізілгендігін музейдің ғылыми қызметкерлері текстологиялық жұмыс жүргізу барысында анықтады. Музей экспозициясында бірнеше тілге аударылған нұсқалары бар.

Мәжіліс залына реэкспозиция жұмысы 2009 жылы жүгізілді. С. Сейфуллиннің балалық шағына байланысты құжаттық-заттай жәдігерлер жеке залға қойылды. Жеке мемориалдық заттарынан кабинеті мен жеке тұрмыстық бөлмесі жасақталды.

«Әдебиет және журналистика» залы «Ұшқыннан – Егемен Қазақстанға дейін» құжаттық-хронологиялық көрсеткіші, ҚазАПП мүшелерінің толық мүшелері, С. Сейфуллин редакциялығымен жиналған Ы. Алтынсарин, Ақан сері, Ш. Құдайберді таңдамалы жинақтарының көшірмесімен толықты.

Ақынның әдеби және қоғамдық қызметіне 20 жыл толуына байланысты өкімет сыйға тартқан алтын қалта сағаты Швейцарияның «НУ MOZER» фирмасынікі, шамамен 1870-1880 жылдардың сәнінде жасалынған. Көлемді сағат жоғарғы 18 к/750 пробалы, салмағы 100 грамм алтыннан тұрады. Диаметрі 45 мм, үш қақпақтан тұрады. Сыртқы қақпақта «Сәкен Сейфуллин» деген жазуы бар.

Музей қоры жылдан жылға заттар, жәдігермен толыға түсуде. С. Сейфуллин мұраларын жинауға оның туған-туыстары да көп еңбек сіңірді. Інісі Мәжиттің үйінің жертөлесінде сақталып қалған баспа машинасы музей экспозициясынан орын алған. Бұл машинаны да өкімет

сыйға берген. Деректер бойынша, «Ундервуд» маркалы, Нью-Йорк қаласында жасалған. Музейге 1994 жылы Сәкеннің 100 жылдық мерейтойына тапсырылған. Ақын пайдаланған ыдыс-аяқтар, қабырға сағаты, кілемше-төсеніштер, киім ілгіш, сыйкәделер кейін музейге табысталды. Жеке заттарынан С. Сейфуллиннің 30-шы жылдары киген костюмі экспозициядан орын алған. Москвадан сатылып алынған. Ақын көптеген суреттерінде осы костюммен түскен. Репрессия кезінде костюм туысқандарының қолында сақталынған. Костюмы сол заманның ағылшын сәнінде тігілген. Замандастарының айтуынша, Еуропалық стилдегі киімдерді ұнататын. Ақынның жары «Халық жауының әйелі» ретінде қудалауда болып, 1950 жылдары босатылғаннан кейін Сәкеннің көптеген жеке заттары қайтарылған. Оның ішінде Гүлбаһрам Сейфуллина тапсырған С. Сейфуллиннің тақиясы, шапаны, сағаты. Рымжан Сейфуллина сақтаған

тігін машинасын, София Абдұлқызы тарихта «Жайылмаған ақ дастарқан» деген атпен қалған дастарқанын берді. Республикамызға белгілі дәрігер Абай Қабатайұлының арнайы әкеліп, музей қорына өткізген Ақан серінің қолданған кесесі музей экспозициясының құнды жәдігері қатарында.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Абділдин Мәлік Нақанұлының авторлығымен С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтың фарфордан құйылған мүсіндері экспозицияның мәжіліс залына қойылды. Осы құнды жәдігерлердің барлығы бүгінгі таңда музей экспозициясы төрінде өз орнын алып, кейінгі ұрпаққа үлкен тарихи мәні бар көненің көзі болып тұр.

Әр жылдары басқарған басшылар Сәкен мұрасын насихаттап, музей жұмысын жүргізу барысында аянбай еңбек етті. Музейдің алғашқы директоры Роза Иманғалиқызының біліктілігінің



С. Сейфуллиннің жұмыс кабинеті.



«Тар жол, тайғақ кешу» романының түпнұсқасы.

арқасында қор жиналып, музейдің алғашқы экспозициясы жасалды. Серік Тұрғынбекұлы сол жұмысты жалғастырып, Серік Кәрібайұлы Оспанов С. Сейфуллиннің музыкалық мұрасын зерттеп, үлкен еңбек жазып, насихаттау мақсатында экспедициялар ұйымдастырды. Несіпбек Айтұлы

музей экспозициясына реэкспозиция жұмысын жасап, музей ғимараттарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жыл сайын ақындар мүшәйрасын өткізу дәстүрге айналып, С. Сейфуллиннің «Сырсандық» сериялық жинағы 8 том болып жарық көрді.

Қазір қара шаңырақ музейлер бірлестігі құрамына еніп, Салтанат Ақселеуқызының тәжірибелі жұмысының арқасында насихат жұмысы жалғасын тауып отыр. С. Сейфуллин музейінің тізгінін белгілі ғалым, тарих ғылымының докторы, сәкентанушы Марат Оралбайұлы Әбсемет алып, музейдің қорын толықтыру, реэкспозиция жұмысын жандандыру, Сәкен мұрасын насихаттау барысындағы жұмыстарды қолға алды. Келесі жылы С. Сейфуллиннің 130 жылдығын атап өту жоспары жасалып, дайындық жұмыстары басталып кетті.



Алтын қалта сағаты. Ашылатын бетінде "С.Сейфуллин" деген жазу бар.



Педагогикалық қызметі залы.



С. Сейфуллин музейі.

Ибраева Г.Б.¹

¹Музей С. Сейфуллина

г. Астана, Казахстан

¹e-mail: gulnaz_0976@mail.ru

МУЗЕЙ С. СЕЙФУЛЛИНА: ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ

Аннотация. На протяжении 35 лет в Астане функционирует музей С. Сейфуллина – первый музей в столице, посвященный исторической личности. В статье представлен процесс создания, формирования музея, истории экспозиции, реэкспозиции и пополнения фондов, сбора экспонатов, благодаря чему мы можем ознакомиться с жизнедеятельностью и творчеством писателя. На основе материалов фонда и архива статья знакомит с историей ключевых экспонатов музея, а также с работами, дошедших до наших дней. Дан обзор трудов руководителей, возглавлявших музей в разные годы, документов из России, Национального архива РК, Книжной палаты РК, Центрального архива РК, личных вещей, собранных родственниками.

Ibrayeva G.B.¹

¹S. Seifullin museum

Astana, Kazakhstan

¹e-mail: gulnaz_0976@mail.ru

S. SEIFULLIN MUSEUM: PAST AND PRESENT

Abstract. 35 years ago, the S.Seifullin Museum was opened in Astana – the first museum in the capital dedicated to a historical figure. The article presents the process of creation, formation of the museum, the history of the exposition, re-exposition and replenishment of funds, collection of exhibits, thanks to which we can get acquainted with the writer's life and work. According on the materials of the fund and the archive, the article introduces the history of the museum's important exhibits, as well as works that have survived to the present day. An overview of the works of the heads who headed the museum in different years, documents from Russia, the National Archive of the Republic of Kazakhstan, the Book Chamber of the Republic of Kazakhstan, the Central Archive of the Republic of Kazakhstan, personal belongings collected by relatives is given.

Рецензия / Review / Рецензия

<https://doi.org/10.47500/2023.v15.i3.11>

***Жайлыбай Д.Ж.¹, Әшім Б.Ә.²**

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Астана қ., Қазақстан

*¹ e-mail: daulet_87@bk.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Алматы қ., Қазақстан

² e-mail: ashim.baglan@gmail.com

Далаева Т.Т., Султанғалиева Г.С. Визуальная антропология новой социальной истории Казахстана XIX - начала XX вв. (Алматы, ИД "Жибек жолы", 2022. 240 с.) монографиясына БУКРЕВЬЮ

2022 жылы баспадан шыққан Т.Т. Далаева мен Г.С. Султанғалиеваның «Визуальная антропология новой социальной истории Казахстана XIX – начала XX вв.» атты монографиясы Қазақстанның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әлеуметтік тарихына арналады. Зерттеу жұмысы негізгі үш бөлімнен, терминдер, қосымша визуалды құжаттардың тізімінен тұрады.

Бірінші бөлім, «Методы визуальной антропологии в исследованиях новой социальной истории Казахстана XIX – нач. XX вв.» деп аталады. Бұл бөлімде визуалды антропологияның Жаңа заманда қалыптасып, тарихи деректердің фотоқұжат ретінде сақтала бастауы, мәдени құндылықтардың визуалды тұрғыда қарастырылуы берілген. Сонымен қатар, визуалды антропологияның теориялық негіздері ретінде М. Баль, Г. Бэм, Т. Митчелдің және басқалардың еңбектері пайдаланылған.

Мұнда қоғамдағы жаңа технологиялардың дамуымен қоса, тарихи зерттеулердегі негізгі бағыттың бірі визуалды

көріністерге басымдық бере бастағанын байқауға болады. Зерттеу жұмысында бұл үрдісті баспасөз беттерінің кең таралуы, әртүрлі фотолардың, суреттердің газет беттерінде жариялануы тарихи деректерді күрделендіре түскенімен түсіндіреді. Ғылымдағы мұндай бетбұрыстарды байқаған зерттеушілер қоғамдық ғылымдарда визуалды антропологияның бағыттарының қалыптасуының негізі ретінде қарастырады. Монографиялық еңбекте қоғамдық ғылымдардағы осындай өзгерістер XXІ ғасырдың басында қарқын алып, арнайы бағыт ретінде ғылыми мектептер құрылып, оның басында М. Бэнкс, Дж. Руби сынды зерттеушілердің материалдық мәдениеттің адам денесіндегі көрінісіне назар аударатын зерттеулері тұрғанын көрсетеді. Бұл тұжырымдарда киім, әшекей бұйымдардың көрінісі визуалды антропологиялық тұрғыда қарастырылды. Антропологиядағы мұндай зерттеулер визуалды антропологияның негізгі әдістерін кеңейтіп, тереңдете

түсті. Авторлардың бұл бағыттағы жұмыстары басқа зерттеушілердің ізденістерімен жалғасып, ресейлік авторлардың және қазақстандық зерттеушілердің еңбектеріндегі осындай сипаттамалары берілген. Монографияда қазақстандық авторлардың визуалды антропологиялық әдістері негізіне деректанулық тұрғыда қарастырылғаны тілге тиек етіледі. Тұтас алғанда, алғашқы бөлім визуалды антропологияның теориялық негіздері мен тарихнамасына арналады.

Монографияның екінші бөлімі «Визуальные материалы по новой социальной истории XIX – нач. XX вв.» деп аталады. Бұл бөлімде XIX ғасырға жататын фотоқұжаттарды, архив материалдарын, суреттер, кескіндемелер, бейнелеу өнері туындыларын, газет беттеріндегі иллюстрациялар жан-жақты талданған. Соның ішінде Джон Кэстлдің Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның суретін салуын, қазақтардың көшпелі өмірін сипаттайтын кескіндемелерді береді. Сонымен қатар, М.М. Сажиннің «Кочевка казахов в окрестностях Омска» (1875), Н.Г. Хлудовтың «Переправа в брод» (1909) және тағы басқа өнер туындылары қазақтардың өмір тіршілігін көрсететіні аталып өтеді. Авторлар осындай туындыларды визуалды антропологиялық әдістер арқылы тиімді талдап, оның әлеуметтік тарихының маңызын ашады. Ал газет беттеріндегі материалдар негізін «Тургайская газетадағы» берілген суреттер арқылы көрсеткен. Оның басым бөлігі Торғай қазақтарына қатысты мақалалар мен хабарламаларға тиесілі суреттер болып табылады.

Зерттеу жұмысында XIX ғ. мен XX ғ. тоғысындағы фотоқұжаттарды тарихи дерек ретінде қарастыру мәселелері де қарастырылған. Соның ішінде патшалық Ресейдің Түркістан мен Далалық өлкені зерттеу барысында қалыптасқан

фотоколлекциялары қамтылған. Мұның ішінде «Туркестанский альбом» сияқты жинақтардың берілуі зерттеу жұмысының құндылығын арттырады. Сондай-ақ, С.М. Дудиннің фотоколлекцияларының материалдары визуалды антропологияның негізгі құралы ретінде көрсетілуі жаңа бағыттың ұтымды тұстарының бірі болып табылады.

Монографияның үшінші бөлімі «Новая социальная история Казахстана XIX – нач. XX вв. В архивных и визуальных документах: отдельные кейсы» деп аталып, қазақ жеріндегі әкімшілік бөліністер, бекіністердің салынуын сипаттай келе, қазақтардың күнделікті өмірінен хабар беретін фотоқұжаттар ұсынылады. XIX–XX ғғ. жататын суреттер мен фотоқұжаттар негізінен қазақ халқының материалдық мәдениетін айшықтайтын болса, авторлар осы тұрғыда күнделікті тұрмыс-тіршіліктің ерекшеліктерін жаңа әдістер арқылы талдауға тырысқан. Сонымен қатар, хаттар мен әртүрлі ресми құжаттардағы қазақ жерінің, ауылының бейнелерінің көрініс табуын зерттеушілер дерек ретінде қарастырып, визуалды антропологияның әдістері негізінде зерделейді.

Қорытындылай келе, монография XIX–XX ғғ. қазақ халқының мәдени-әлеуметтік өмірін визуалды деректер арқылы түсіндіреді. Зерттеу жұмысы әртүрлі әдебиеттер мен зерттеулерде, архив құжаттарындағы деректерді жаңа қырынан талдау нәтижесі болып табылады. Жалпы, қазақ халқының әлеуметтік өмірінен тыс, барлық этномәдени үрдістерді қамтитын зерттеу тақырыптары жаңа методологиялық тұрғыда қарастырылуы тиіс деп ойлаймыз. Бұл монографияны Қазақстандағы визуалды антропологиялық ізденістердің алғашқысы ретінде қабылдауға болады. Себебі, монографиялық жұмыста антропологи-

ялық мектеп өкілдерінің теориялық, методологиялық еңбектерін талдай келе, практикалық тұрғыда қазақ тарихын талдауға арналған.

Жалпы, визуалды антропологиялық бағыттың қазіргі этнология саласында да маңызы зор, бұл дәстүрлі мәдениет үлгілерін визуалды деректер арқылы

жаңа қырынан зерттеуге, сол кездің мәдени-әлеуметтік жағдайы тұрғысында айшықтауға мүмкіндік береді. Келешекте қазақстандық зерттеушілер батыстық методологияға сәйкестенетін әдістер арқылы зерттеулер жүргізуі тиіс деп ойлаймыз.

Авторлар туралы:

Жайлыбай Дәулет Жақсымұратұлы – магистр, этнограф, ҚР Ұлттық музейі, Үйлестіру және музей ісін дамыту бөлімінің жетекшісі;

ORCID – 0000-0003-4848-0632

SCOPUS –58155995600

Әшім Бағлан Әбдірахманұлы – PhD докторант, этнограф, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері.

ORCID – 0000-0001-9334-3229

Журналдың құрылтайшысы және меншік иесі –
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

11.03.2020 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркелген. Куәлік №KZ74VPY00021104

Бас редактор – Сыдыков А.Ж.
Жауапты редактор – Искаков Қ.А.
Редакторлар – Оспанова А.К.,
Смағұлова Б.С.,
Жайлыбай Д.Ж.,
Ақпанбекова Ғ.Р.,
Султанова А.К.,
Суретші-дизайнер – Смайлова А.Б.

Редакцияның мекен-жайы:
010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 54,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
6-блок, 6-қабат, 618-бөлме

Байланыс телефондары:
+7 (7172) 91 90 35; 335, 663, 664, 641 (ішкі)
e-mail: journal.madenimura@gmail.com

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.
Пішімі 205 x 275 мм. Офсеттік басылым 4 + 4.
Шартты баспа табағы 16,62.

Таралымы 200 дана

«Big Dream» баспаханасында басылды.
Баспахана мекен-жайы:
Астана қ., Байсейітова к., 114/2
377-074, 87024848813.



**Ұлттық құндылықтарымызды
насихаттап, рухани
қазыналарымызды ұлықтауға
үн қосып жүрген «Мәдени мұра»
ғылыми журналына жазылыңыздар!**

Журнал жылына 4 рет шығады

**Журналдың газеттер мен журналдар
каталогындағы индексі – 75 379**

«Қазпочта» АҚ, «Астана-Пресс» ЖШС

